	«Түтікше» – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу. «Мұқият бол» дидактикалық жаттығуы «Дауысты дыбыстан басталатын сөз қос» дидактикалық ойыны – Мен сендерге суретті көрсетіп, сол суреттегі заттың атын айтамын. Сендер сол сөзге мағынасына сәйкестендіріп, дауысты дыбыстан басталатын сөзді айтып жалғастырасыңдар. Мысалы: үлкен (алма), тәтті (алмұрт), дәмді (айран), домалақ (өрік), сопақ (асқабақ), қоңыр (етік), жасыл (айва), сары (апельсин), қалың (орман), мамық (орамал), ақылды (әже), үлкен (ата), жүйрік (ат), дидактикалық ойыны – Балалар, мен сендерге допты лақтырып, бірінші дыбысты айқынырақ айтып, сөздер айтамын, ал сендер сол айқынырақ айтқан дыбысты дәл мен сияқты бәрімізге естілетіндей етіп қайталап, допты кері лақтырасыңдар. Мысалы: тттиін(т), қққасқыр(қ), бббаққа(б),	– Біздің топта кім ең ұшқыр ойлы және тез тапқыр екенін білгім келеді. Мен сендерге сұрақтар қоямын, кім дұрыс жауап айтса, қолын көтереді. Хормен берілген жауап қабылданбайды. Кім дұрыс жауап берсе, жұлдызша алады. Ойын соңында жұлдызшаларды санап, жеңімпазды анықтаймыз. Кімде жұлдызша көп болса, сол – жеңімпаз. – Автокөліктің қанша дөңгелегі бар? (Төрт). – Жаяужолда кім жүреді? (Жаяу жүргінші). – Көлікті кім басқарады? (Жүргізуші). – Екі жолдың қиылысы қалай аталады? (Жол қиылысы). – Жолдың жүріс бөлігі қай жақтан басталады? (Оң жақтан). – Жаяу жүргінші немесе жүргізуші жол ережесін бұзса не болуы мүмкін? (Апат немесе жол-көлік оқиғасы). – Бағдаршамның үстіңгі шамы қандай? (Қызыл).	тістерге қатты жабысады. Дем тіл ұшы мен тістің арасыннан шығады да, [Т] дыбысы жасалады. – [Т] дыбысы – дауыссыз дыбыс, сондықтан да қысқа айтылады – [О] дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? Дыбыстап айтып көрейік. Жасалу жолын еске түсірейік, дыбыстың дауысты, дауыссыз екенін анықтайық. [О] дыбысының дұрыс артикуляциясы мынандай: [О] дыбысын айтқанда ерін дөңгеленіп, тілдің ұшы астыңғы тістен алыстап, арт жағы көтеріледі. – [О] – дауысты жуан дыбыс. «Жуан дауысты дыбысты тап» дидактикалық жаттығуы – Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды		

	ввваагон(в), ғғарыш(ғ), дддоп(д), жжжалбыз(ж), зззәкір(з), ккккітап(к), лллақ(л(, ммммақта(м), ннннан(н), сссағыз(с), пппарта(п), рррадио(р), hhhah((h), ффффабрика(ф), чччупа-чччупс(ч), ццциркуль(ц), шшшахмат(ш), щщщетка(щ), хххат(х), ууууылдырық(у) т.б. – Балалар осы дыбыстарды айтқанда не байқадыңдар? Дыбыстарды айту оңай болды ма? – Ауыздан шығатын ауаға кедергілер жасалады екен. – Ал ол кедергілер нелер? (Ерін, тіл, тіс т.б.) – Айтылу кезінде ауаның еркін шықпай, кедергіге ұшырап шығуынан жасалған дыбыстарды дауыссыз дыбыстар дейміз. Олар сөйлеу мүшелерінің (ерін, тіл, тіс, т.б.) бір40 бірімен жанасуы немесе толық қабысуы арқылы пайда болады. Дауыссыз дыбыстардың жасалатын орны – ауыз және көмей қуыстары. Кәне, барлықтарың айнаны алып қараңдар да, менің артымнан қайталаңдар: «Қ», «Т», «М». Осы дыбыстарды әндетіп айтып көрейік.	– Жаяу жүргіншілер өткеліндегі жолақтар қандай жануарды еске түсіреді? (Зебра/алаша атты еске түсіреді).38 – Жаяу жүргінші жер асты өткеліне қалай түсе алады? (Баспалдақпен). – Егер жаяужол болмаса, жаяу жүргінші қалай қозғалады? (Сол жақтан, қозғалысқа қарсы). – Қандай мәшинелер арнайы дыбыстық және жарық сигналдарымен жабдықталған? («Жедел жәрдем», өрт сөндіру және полиция мәшинелері). – Қауіп төнбеу үшін, қай жерде ойнау керек? (Аулада, балалар алаңында). Дұрыс жауаптарға жұлдызшалар беріліп, педагог ойынды қорытындылайды. Музыка Балаларға музыкалық аспаптар туралы мағлұмат беріп,үніне қарай ажырата білуге тәрбиелеу(қобыз,ксилофон,сыбызғы,асатаяқ)аспаптарын ажырату.Әр аспап туралы мәлімет беру.Аспаптар туралы аңыз-әңгімелермен	орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар Қоршаған ортамен таныстыру Тақырыбы: «Сусыз – өмір бос» Мақсаты: табиғатты бақылау күнтізбесін жүргізе алады. Күтілетін нәтиже: суға бақылау жүргізіп оның пайдасын атады Ресурстар: АҚТ технол,үнтаспа Әдіс – тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау,бақылау. Ұйымдастыру кезеңі: Балалар мына дыбыстарды тыңдап ,ненің дыбысы екенін ажыратыңдаршы. Балаларға түрлі дыбыстарды, соның ішінде судың дыбысын тыңдату. Балалардың жауаптарын тыңдау. Киімдерінің түстері арқылы 4 топқа бөліну. Нұсқау беру: -балалар судың бізге қандай пайдасы бар?		

	Айтылады ма екен әндетіп? Неге? Өйткені бұлар дауыссыз дыбыстар, дауыссыз дыбыстар созып, әндетіп айтылуға келмейді, олар қысқа да нақты айтылады. Дауыссыз дыбыстар тек салдыр немесе салдыр мен үн қатысуы арқылы жасалады. Дауыссыз дыбыстарды көк түспен белгілейміз. «Тиісті түсті көрсет» дидактикалық ойыны Педагог а, б, у, о, и,с, п, р, л, д, ф, ж дыбыстарын айтады. Балалар тиісті түсті көтереді, егер дыбыс дауысты болса – қызыл, (көрсету). Қарындаш ортанғы саусақтың сол жағында болады. Басбармақ қарындашты сол жағынан, сұқ саусақ үстінен сүйемелдейді. Қарындаштың жоғарғы ұшы иыққа бағытталады (көрсетеді). Қарындашты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады. 3. Рефлексия Педагог ҰІӘ-ті қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.	таныстыру. Аспапта ойнау: «Сылдырмақтар» *(укр.х.әуені, өңдеген Д. Львов)* *(ксилофон,асатаяқ)* Ән салу: «Біздің оркестр» А.Асылбек, Т.Қоныратбай **«Көңілді музыканттар» Ойын шарты:** Аспаптардың үнін әндете отырып, ұстау, ойнау ерекшелігін көрсету керек. Домбыраны қолға алып, Ән айтамыз толғанып, Дан-диги-дан,,,,,, Қобыз аспап киелі, Оны бәрі сүйеді, Пара-ри,пара-р,,,,,, Сыбызғыны үрлейміз, Жалқаулықты білмейміз, Трам-та-та, трам-та-та,,,,,	Ашық сұрақ қою: -алдарыңдағы стакандағы суға тәжірибе жасаймыз,жұптаса отырып .және тәжірибе жасап болған соң су қандай өзгеріске ұшырады ,сол туралы әңгімелесеміз. (тәжірибеге керекті заттар, түрлі ыдыстар, тұз ,қант, бояу. Қасық т.б) Жаппай бақылап ,диалог арқылы саралау. П.ж.ж ойын: «Судың пайдасы» Судың пішіні бола ма екен? Судың түсі, дәмі бола ма екен? Судың өсімдіктерге тигізетін пайдасын әңгімелеу. Жаппай бақылап ,нәтиже арқылы саралау. Кері байланыс беру: мақтау,мадақтау. Жапсыру Тақырыбы: «Күзгі жапырақтар» Жырту тәсілімен жапсыруды орындайды, қайшы, желімді дұрыс қолдана біледі.		

	– Бүгін қандай іс-әрекет қызықты болды? – Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар Математика негіздері Тақырыбы: «Оң,сол» Мақсаты: Белгілі бір бағытта келе жатып, белгі бойынша бағытын өзгерте біледі. Қағаз бетінде бағдарлай алады. ойын: Шаттық шеңбері : саусақ жаттығуларын жасату. Пішіндер арқылы топтарға бөлу.Нұсқау беру:Балалар ,алдарыңдағы қағазда бағыт –бағдар көрсететін срелкалар сызылған.Сол стрелкалардың бағытымен жүріп отырыңдар. -Стрелка біткен жерде сендерге арналған бір тапсырма бар. Жаппай бақылау .Диалог арқылы саралау. -сурет арқылы қай заттың қай жерде орналасқаны туралы топтасып әңгімелесіңдер. -бір-бірлеріңе кезектесіп, қағаз бетіне пішіндер сызуды ұсыныңдар .Қай жерге қандай пішін		Ұйымдастыру кезеңі: ойын:«Сиқырлы жапырақтар» Шарты:Жапырақтың түрлерін, түсін балалар бір біріне айтып береді,көрмеден түрлі түсті жапырақтардан жасалынған заттарды көреді. «Алуан түрлі жапырақ» Шарты:Елестету бойынша бөліктерден жапырақтың пішінін жырту тәсілі арқылы жапсырады.		

	сызатындарыңды нақты айтып отырыңдар. Жаппай бақылау. Қарқын жылдамдық,уақыт арқылы саралау. Кері байланыс беру: сұрақ жауап арқылы.				
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдыларын дамыту. Шкафтарынан киімдерін ретімен алып, дұрыс киіну және достарына киінуіне көмектесу дағдыларын қалыптастыру. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен	№10 Ағаштарды бақылау Мақсаты:Күз мезгілі туралы жалпы білімдері қалыптасады. Қ/О:«Өз жұбыңды изде!» Мақсаты: Қимыл ептілігі дамиды, есте сақтау қабілеті артады. Еңбек:Алаңда тазалық жұмыстарын жүргізу Мақсаты: еңбексүйгіштікке, үлкендерге көмекке келуге баулу. (тілдік қарым-қатынас,танымдық зерттеу әрекеттері)	№6 Аула тазалаушының еңбегін бақылау Мақсаты: Аула тазалаушының еңбегі туралы білімдерін молайту, және оған қажетті құралдармен танысу. Қимылды ойын: «Қармақ» Мақсаты: ойын арқылы ептіліктері, жылдамдықтары дамиды. Еңбек: Аула тазалаушыға көмектесу Мақсаты: үлкендердің еңбегін құрметтей алады. (тілдік қарым-қатынас,танымдық зерттеу әрекеттері)	№ 7 Бұлтты бақылау Мақсаты: Балалармен бірге бұлттарды бақылаймыз. Бұлт өлі табиғатқа жатады. Бұл аспанда ұшып, көшіп жүреді. Бұлттар әртүрлі пішінді болады. Бұлттар аспанның ішінде жүзіп бара жатқан қайықтарға ұқсайды. Бұлттан қар жауады, жаңбыр жауады. Қимылды ойын: «Кең қадам» Мақсаты: Сызықты баспай, балаларды белгілеген жерге секірту. Жалпы ережені сақтауға тәрбиелеу (сызықты басып қалсаң – ойыннан шығасың). Еңбек: Гүлзардағы жерді қопсыту Мақсаты: Үлкендерге қысқа дайындық кезеңінде көмек беруге тәрбиелеу. Әдептілікке, өзінің еңбек құралдарын жинауға үйрету. (дене белсенділігі,қоршаған ортамен таныстыру)	№ 12 Түскен жапырақтарды бақылау. Мақсаты: Балалардың назарын ағаштардағы жапырақтардың азайғандығына аудару: жапырақтар түсіп, айналып, түстерін өзгертуде. Жапырақтардың маусымдық өзгерістеріне, сұлулығына сүйсіне қарауға тәрбиелеу. Тәжірибе: Құрғақ жапырақтардың үстімен жүру. Қорытынды: Жапырақтар аяқ астында сусылдайды. *Қимылды ойын:* «Тыныш жүгіріп өт» Мақсаты: Жапырақтардың үстімен белгілі бір уақытта ақырын жүріп өту. Ережені сақтай отырып (мәреге дейін жүгіріп, кері қайту). Ойындарға белсенді қатысуын талап ету. Еңбек: Түскен жапырақтарды жинау	№8 Арнайы көліктерді бақылау Мақсаты: Арнайы көліктер туралы түсініктері кеңейіп,сөздік қорлары молаяды. Қ/О: «Қарғымақ» Мақсаты:ойын арқылы ептіліктері, жылдамдықтары дамиды. Еңбек: Тәрбиешімен бірге сынған, құлаған құрғақ бұтақтарды жинау Мақсаты:Жұмыс уақытында ұқыпты болуды түсіндіру. (тілдік қарым-қатынас,танымдық зерттеу әрекеттері)

				Мақсаты: Белгіленген жерге түскен жапырақтарды тырмамен жинап тасуды үйрету. Балаларды бірігіп жұмыс істеуді қадағалау.	
				(қимыл белсенділігі, ойын әрекеті)	
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті .Балалар дұрыс шешініп әр бала өз сөрелеріне киімдерін реттеп ұқыпты жинайды				
Түскі ас	Ас ішуге тұрайық, Қолымызды жуайық, Сабын суды аямай Тазалықты ұғайық. (сөйлеуді дамыту) Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу. Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел-үсті ойындары, бейнелеу әрекеті,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Жол белгілері» ойыны Мақсаты: Геометриялық пішіндерді таниды және атайды. Дөңгелек, шаршы, үшбұрыш. Математика негіздері Қауіпсіздік ережелері туралы видеоролик көрсету	«Көлік байланыс құралдары» Мақсаты: Көлік құралдарын атайды. Бақшаға қандай көшемен келетінін айтады. Қоршаған ортамен таныстыру	Қол еңбегі бойынша адавтипті бағдарлама «Оригами әлемі» (5жасқа арналған адаптивтік бағдарлама) Тақырыбы:Көбелек Қарама-қарсы бұрыштарды біріктіру арқылы, шаршыдан үшбұрышты бүктей білу әдісін бекіту.Бүктеу сызығын сипап басуды үйретуді жалғастыру. Алынған қарама-қарсы бұрыштарды әртүрлі бағытта бүгуге үйрету. Шығармашылық	«Жолдағы жағдайлар» ойыны (балалар мен ата-аналар слайдтағы жағдаяттарды қарастырып, жол ережесін бұзу бар ма, жоқ па деп жауап береді).Сөйлеуді дамыту	Ойын: «Фигуралық көлік жүргізу» (Балалар скутерде кегльді құлатпай айналып өтуі керек) Дене шынықтыру «МҮМКІН – МҮМКІН ЕМЕС» ОЙЫНЫ Қол соғуға болады, қол соғуға болмайды. - жол бойында ойнау (аялдама) - қызыл бағдаршамда жолды кесіп өту (кету) - жасыл шамда жолды кесіп өту (шапалақтау) - жолда доп ойнау (тоқырау)

			дизайнға деген қызығушылығын ояту.		- көліктер өтетін жерде велосипедпен жүру (тоқырау) - автобуста отырып сөйлесу және қатты күлу (стоп) - жол ережесін сақтау (қол шапалақтау)
Балалармен жеке жұмыс	Азамат жеке жұмыс Затты топқа бөлуге, мыс: көп-аз, үлкен-кіші ұғымдарын топтастыра алады. (Танымдық және зияткерлік дағдылары)	Азамат жеке жұмыс Геометриялық пішіндерді атау. (Танымдық және зияткерлік дағдылары)	Азамат жеке жұмыс Ересектермен бірге өсімдіктерге күтім жасауға үйретуді жалғастыру. (Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)	Азамат жеке жұмыс Түстерді таныстыру, алақанға салып тік және дөңгелетіп есу. (Шығармашыл ық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы)	Азамат жеке жұмыс Таныс ойыншықтарды, жемістерді, көкөністерді 2-3 сөзден тұратын жай сөйлеммен сипаттай алады. (коммуникативтік дағды)
Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылық туғызу. Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен Серуеннен оралу	№10	№6	№7	№12	№8
Балалардың үйге қайтуы	**Өнегелі - 15 минут.** Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, Мобильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқу, суреттерді қарауға, табиғат дамытушы ортада құстарды, балықтарды қоректендіруге мүмкіндік беру, ата-ананы балабақша жұмысына тарту, бала мен ата-ана қарым-қатынасын арттыру.				
	Ата-аналарға балаларға оқылатын қызықты ертегілер туралы ақыл-кеңестер беру.	Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру.	Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу.	Ата-анаға кеңес: Үйде баласымен қарандашпен жұмыс жасауларына кеңес беру.	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Тәуелсіздік және отаншылдық айы

«Отаным – алтын бесігім!»

Топ: «Балдаурен» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 21 – 25 қазан 2024 жыл

Күн тәртібі		Апта күндері			
	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
	Өнегелі-15 минут балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру мобильді				

Балаларды қабылдау Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	кітапханада жұмыс, ата-ананың балаға кітап оқуына мүмкіндік жасау, кітапқа деген қызығушылықты арттыру, кітапқа жанашырлық, жауапкершілік таныту. **Күй күмбірі -**балаларды қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын арттыру. **Қауіпсіздік ережесі** әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, балалармен бірге жол ережелері туралы мультфильмдер көруге кеңес беру, ұсыну.				
	Әңгімелесу: «Өзім және отбасым» Міндеті: өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, отбасылық мерекелер, басқосулар, тойлар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу; (тілдік қарым-қатынас, сөйлеуді дамыту) Ата-аналармен: Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.	Үстел үсті ойындары. «Пазлдар» Міндеті: суретті бөліктерден жинау дағдысын қалыптастыру; көз мөлшерін, қол ұсақ моторикасын дамыту. (танымдық қабілетін дамыту) Кеңес: «Балаларды тазалыққа тәрбиелеу»	Сурет бойынша әңгіме құрастыру, жұмбақ шешу. Еңбек тапсырмасы: Кітап сөрелерін сүрту,жинастыру (танымдық қабілетін дамыту) Ата-аналармен әңгіме «Қатайту - балалардағы суықтың алдын алудың бір түрі».	Нейро жаттығулары арқылы балаларды көңілді қабылдау. (музыка) « Сиқырлы сандар» Ойыны арқылы біркелкі сандарды басып секіру арқылы балаларды көңіл-күйлерін реттеу. (Танымдық іс-әрекеті, дене шынықтыру) Әңгімелесу: «Баланың үйдегі қауіпсіздігі»	
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Үстел үстілік ойындар: пазлдар, мозаика. Қима суреттер жинау.	Балалардың қалауынша ертегі, әңгімелер оқу.	Балалардың қалауынша ертегі, әңгімелер оқу.	Үстел үсті ойын: хоккей, шашкілер	
Таңертеңгі жаттығу.	Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені №2				
Таңғы ас	Үстел үстінде орындалатын мәдениет ережелері туралы түсінік беру.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық (ҰІӘ)	Кезекшілер тәрбиешіге оқу құралдарын таратуға көмектеседі.				
	№ 8 картотека «Ертегіні жалғастыр»	Жаңылтпаштар айту Біреуі көрікті кісі,	Дыбыстық жаттығулар	Д/о №34 «Тез ата» Міндеті: Геометриялық	

	Міндеті: Ертегі мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру (көркем әдебиет)	Біреуі бөрікті кісі. Көрікті кісі – зорықты, Бөрікті кісі – қорықты. Тоқпақ жаттап, Айтсақ жақсы-ақ. Жатка тақпақ Жатта тақ-тақ	№2 Күз туралы Үз – үз – үз, Жаңбырлы Күз. Рақ – рақ – рақ, Саулайды жапырақ. Ел – ел – ел, Соғады жел. Іс – іс – іс, Піседі жеміс. Дай – дай – дай, Жинаймыз бидай.	пішінді сипалап анықтау. Ойынның құрал-жабдықтары: картоннан жасалған геометриялық пішіндер. Шарты: Баланың көзін байлайды, қолына пішін беріледі. Бала пішінді сипалап атайды. (математика негіздері)	
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырыл-ған іс-әрекеттер	1.Сауат ашу негіздері: Тақырыбы: «Жомарт күз» Міндеттері: Буын туралы ұғымдарды бекіту, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. Көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу,	1.Көркем әдебиет: Тақырыбы: «Күз» өленді жаттау Міндеттері: Өленді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айтуға баулу, сөздердің мағыналарын түсіндіру; өленнің мазмұнын айтқызу арқылы табиғат туралы түсініктерін қалыптастыру, ҰІӘ барысы: Шаттық шеңбері. Күннің көзі ашылып Көкке шуақ шашылсын. Құтты қонақ келіпті, Төрімізге еніпті. Амандасу үлкенге Тәрбиенің басы ғой! Ал, қанекей, бәріміз «Сәлем» дейік үлкенге	1.Қазақ тілі Тақырыбы: Менің үйім. Міндеттері:Үй туралы түсінік бере отырып, жаңа сөздерді үйрету. «Мынау не?» сұрағына жауап беруді жетілдіру. Жаңа сөздерді, 2-3 сөзден тұратын сөйлемді құрастырып айтуды үйретуді бекіту. Сөзді дыбыстау мәдениетін қалыптастыру. ҰІӘ барысы: Әдемі үйдің макетін көрсетіп, онда кімдер тұратынын білуге шақырады. Әркімнің қандай үйде тұратынын біледі. Сәлемдеседі. Орындарынан тұрып:	1.Көркем әдебиет. Тақырыбы: «Қайрымды қоян» ертегі Міндеттері: Ертегіні балаларға түсіндіре отырып, балаларды қайрымдылыққа, адалдыққа, мейірімділікке тәрбиелеу. ҰІӘ барысы: Қоянның, баланың, ата-анасының және ормандағы аңдардың суреттерін көрсету арқылы ертегіні баяндау Сұрақтар: - Әке-шешесі баласына қонаққа кімдерді шақырды? - Бала қонаққа кімдерді шақырады? - Әкесі баласына не үшін ұрысты?	

	Әртүрлі бағыттағы қысқа, ұзын сызықтарды жазу ҰІӘ барысы: Ойын: «Бұл қай кезде болады?» Шарты: балалар жұмбақтардың шешімін табады. Бұлттар төніп, жерге төгіліп, Дымқыл тұман басады. Шөп сарғайып, өңі тайып, Дала нұры қашады. Ойнай алмай, Денең мұздап тоңады. (Күз) Жиса – таяқ, Жазсаң – сая. (қолшатыр) Жапырақты бояды, Атырапты бояды. Бояп - бояп барлығын Сап - сары ғып қояды. (Күз) Ойын-тапсырма: «Буынға бөл» Шарты:балалар жаңбыр, жапырақ, күз, жүгері, асқабақ т.б. сөздерді буынға бөледі. Ойын: «Сөздегі «Т» дыбыстың орнын тап»	Ойын-тапсырма: күз суретін ассосация тәсілімен сала отырып, өлеңді жаттайды. Еркін ойын: «Әуенді жапырақтар» Шарты: әуенге еріп балалар шеңберде билейді, әуен тоқтаған мезгілде балалар тез жапырақ жинау керек. 2.Математика негіздері Тақырыбы: Сопақша. Дөңгелек Міндеттері: геометриялық пішін дөңгелек пен сопақшамен таныстыру. Айырмашылықтарын түсіндіру. 10ға дейін тура және кері санау дағдыларын қалыптастыру. ҰІӘ барысы: Ойын: «қанша-сонша» Міндеті: 10ға дейін кері-тура санау Ойын: «Ұқсасын тап» Шарты: балаларға түрлі пішінде суреттер көрсетіледі , сопақша мен дөңгелекке ұқсасын табады Ойын тапсырма: «Суреттер сөйлесін»	Алақай!Алақай! Қуанады балақай! Біздің үй – үлкен үй. Біздің терезе, анау тұрған кебеже Біздің кілем, әдемі ғой білем. Мынау — теледидар Мынау – үстел, Мынау – орындық Келіп оған отырдық Балалар отбасы тақырыбы бойынша сөздерді айтады. 2-3 бала өз үйлері туралы айтады. Тілдік жаттығу: Үй-үй — үлкен үй Ға-ға – биік қабырға Зе-зе – таза терезе Ік-ік-үлкен есік. «Үйде кім бар (жоқ)?» дидактикалық ойыны. Шарты: тірек суреттер арқылы 2-3 сөзден тұратын сөйлем құрастыру керек.Мысалы: Үйде атам жоқ. Үйде әкем бар. Балалар әдемі үйді тамашалап, жаңа сөздерді еске сақтайды. Мысалы: Мынау — үй. Үй – үлкен, биік т.б. «Кім жылдам?» ойын	- Бала жылап отырғанда көмекке не келді? - Қоян қандай қайрымдылық жасады? - Біз де қоянға ұқсап қайырымды бола аламыз ба? Сергіту сәті: Ұзын құлақ сұр қоян, Естіп қалып сыбдырды, Ойлы-қырлы жерлермен Ытқып-ытқып жүгірді. Қарап еді артына Қиығын сап көзінің, Келе жатқан томпаңдап Көжегі екен өзінің. Тәрбиешіні мұқият тыңдап, ертегі жайлы түсінгендерін әңгімелеп беру Жауаптар Өлеңді қайталау Қорытындылау. Дидактикалық ойын, «Досым-менің мақтанышым» Мақсаты: балалар бір-біріне гүл ұсынып достарының жақсы қасиеттерін атау: - Алинұр, сен менің мейірімді досымсың. – Аяулым сен ақылды қызсың Мақал жаттау: «Досы көпті жау алмайдыАқылы көпті дау алмайды».-Балалар	

	Шарты: берілген «Т» дыбысын сөзде басында, ортасында немесе соңында екенін тауып айтады. Дәптермен жұмыс: 2.Математика негіздері. Тақырыбы: Теңдіктер Міндеттері: Теңдік туралы түсінік қалыптастыруға, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтауға, топтарды санауға және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылауға үйрету. 10-ға дейін тура, кері санау. ұсақ қол моторикасын, шығармашылық және есте сақтау қабілетін дамыту. ҰІӘ барысы: Тәрбиеші балаларға жан-жақтарына мән берулерін,бірдей заттардың санын сұрайды. Балалар топтағы ұл мен қыздың санын, перделердің	Шарты: балаларға дөңгелек, сопақша сызылған парақтар беріледі, балалар әртүрлі суреттер шығарады. Ойын жаттығуы. «Тез айт» Шарты: Тәрбиеші балаларға топтағы дөңгелек-сопақша заттарды көрсетеді. Балалар қайссы екенін тез атау керек. 3.Қоршаған ортамен таныстыру. Тақырыбы: Заттар неден жасалады? Міндеттері: заттар, олардың белгілері мен ерекшеліктері туралы ұғымдарын қалыптастыру. Заттардың адам өміріндегі маңызын түсіндіру арқылы оларды топтастыра білу дағдыларын арттыру. Сурет бойынша және сұрақ-жауап әдісі арқылы байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру.	Шарты: балалар мұғалім көрсеткен үй бөлшектерін жылдам атау керек. Мадақтау 2.Сауат ашу негіздері Тақырыбы: дауысты дыбыстар туралы түсініктерін бекіту Міндеттері: Сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйрету.Дауысты дыбыстардың жасалу жолдарымен таныстыру арқылы фонематикалық естулері мен есте сақтау қабілеттерін дамыту.Өз бетімен тиянақты жұмыс жасауға тәрбиелеу. Дыбыс түрлерімен танысуды бекіту. Таза дикцияны, қазақ тіліне тән ы-і, ү-ұ дыбыстарының дұрыс айтылуын үйрету. ҰІӘ барысы: Артикуляциялық жаттығу жасау. «Күрекше» – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек.	қоянның қайырымды екенін білдік. Сендер де достарыңа көмектесіп, қамқорлық жасай біліңдер. 2.Қазақ тілі « Балабақша» Міндеттері: Өткен жолғы сөздерді еске түсірту, жаңа сөздерді үйрету; қазақ тіліне тән дыбыстарды (і, ө) дұрыс айтуға жаттықтыру; тіл үйренуге деген қызығушылықтарын ояту. ҰІӘ барысы: Шаттық шеңберіне дөңгелене тұру. Қуанамын мен де, Қуанасын сен де. Қуанайық достарым, Жарқыраған күнге! Сәлеметсіңдер ме,балалар! Интерактивті тақтада балабақша суреті көрсетіледі. - Балалар қайда келді? Тақтадағы суретке көңіл аударады. - Балалар қайда? - Топта не бар? Жаңа сөздермен таныстыру (жұмыс	

	бірдей түстерінің санын атайды. 10-ға дейін тура және кері санайды. ойын: «Топтастырып көр» Шарты: балалар түрлі-түсті қарындаштардан бірдей түстерін жинайды және теңдей етіп бөледі. 3.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Жомарт күз» Міндеттері: Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Табиғат құбылыстарын сын есімдермен сипаттаға үйретуды жалғастыру. Сұрақтарға толығымен жауап беруге дағдыландыру ҰІӘ барысы: Тіл ұстарту жаттығулары: Үз – үз – үз, Жаңбырлы Күз. Рақ – рақ – рақ, Саулайды жапырақ.	Тұрмыстық бұйымдарды қолдану кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауға дағдыландыру. ҰІӘ барысы: Балаларды шеңбер бойына тұрғызып, оларға «Төртіншісі артық» ойынын ойнайтындықтарын хабарлайды. Ойын шарты: тәрбиеші төрт заттың атын айтып тұрып, допты балалардың біреуіне лақтырады. Бала айтылған төрт заттың біреуі артық екенін айтуы тиіс. Мысалы: үстел, орындық, кереует, шәйнек. Шәйнек артық. Шәйнек – ыдыс, үстел, орындық, кереует – жиһаз. – Шырша, қайың, емен, құлпынай. Құлпынай артық. Құлпынай – жидек. Шырша, қайың, емен – ағаштар. – Қияр, сәбіз, орамжапырақ, алма. Алма артық. Алма – жеміс. Қияр, сәбіз,	«Ине» – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек. «Төбешік» – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек. «Түтікше» – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу. Дидактикалық жаттығуы»Әндетіп көр» – Балалар, өзіміз білетін бір әннің әуенін тек «ә» дыбысын дыбыстау арқылы айтып көрейік. Әнді алдымен тыңдайды. Нұрын төккен маған Шуағымсың сен! Айналайын мама, Қуанышыңмен! Шаттандырған мені, Жұбанышым сен! Құттықтаймын сені	дәптеріндегі суреттер арқылы) -Мынау не? - Мынау - есік. І-і-ік-ік – міне, есік. - Мынау не? - Мынау – терезе, те-ре-зе. - Мынау – кілем, кі-лем. І-і-кі-кі – кі-лем.Әдемі кілем. Үлкен кілем. - Мынау – төсек. Ө-ө-өс-өс-төс-төс – төсек. Сергіту сәті: Отырамыз! Тұрамыз! Бір, екі, үш, Біз жинаймыз күш! (2-3 рет қайталайды) «Дұрыс қайтала, көрсет» дидактикалық ойыны. Үлестірмелі қима суреттермен жұмыс жүргізіледі. «Сақ бол!» дидактикалық ойыны. Жұмыс дәптеріндегі «Біздің балабақшамыз» өлеңін оқып, мазмұнын түсіндіреді. Кейбір сөздерді балаларға бірнеше рет қайталайды.	

	Ел – ел – ел, Соғады жел. Іс – іс – іс, Піседі жеміс. Дай – дай – дай, Жинаймыз бидай. Тәрбиеші күз мезгілі бейнеленген суреттерді тақтаға іледі. Балалар бақылап отырады. Ойын-тапсырма: «Кім көп сын есім табады?» Шарты: балалар табиғат құбылыстарына сын есімдер табады. Мысалы: жапырақтар-сары, күн-салқын т.б. Табиғатты бейнелеуге ұсыныс жасайды. Балалар өзінің салған суретімен таныстырып, күз мезгілі туралы әңгімелеп береді. 4.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Аңшылар» Міндеттері: Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру. жүру	орамжапырақ – көгөністер. Т.б. Тәрбиеші сұрақ арқылы түсіндірме жұмыстарын жүргізеді. – Балалар, айналаға қараңдаршы, бізді нелер қоршап тұр? (Әртүрлі заттар). «Көп ойла, сөз ойла» ойыны. Балаларды екі топқа бөліп, топтағы ағаштан жасалған заттарды атауды және темірден жасалған заттарды атауды ұсынады. 1-топ ағаштан жасалған заттарды атайды. 2-топ темірден жасалған заттарды атайды. Қай топ көп сөз айтса, сол топ жеңімпаз деп танылады. «Қасиетіне қарай топтастыр» ойыны. Шарты: тәрбиеші бір баланы шақырады. Ол бала теріс қарап үстел үстіндегі карточканы алады. Бала карточканы алып, ондағы ненің суреті екенін айтады.	Туған күніңмен! «Тиісті текшені көтер» дидактикалық жаттығуы Педагог балаларға дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтады (дауысты дыбыстарды айтқанда созып, әндетіп айтады). Балалар дауысты дыбысты айтқанда, қызыл түсті фишканы, көтереді. Дәптермен жұмыс. 1.Суреттерді ата. Дауысты дыбыстан басталатын заттарды қызыл үйге орналастыр. 2-тапсырмада балалар ана сөзін бір неше рет қайталайды. Дауысты дыбыстан басталауын анықтайды. Сергіту сәті «Сау болсын» деп деніміз, Шынығамыз бәріміз. Ерте оян, ерте тұр, Алға қадам жасаймыз. Жаттығуды бастаймыз, Денсаулықты шынықтыр.	Жұмыс дәптеріндегі кілемді (түскиізді) бояту. - Балалар қайда барады? - Қандай сөздер үйрендіңдер? - Кілем қандай? Қорытынды: Сұрақ-жауап арқылы. 3.Математика негіздері "Үлкен – кіші", "үлкенірек – кішірек", Міндеттері: Заттардың салмағын өлшеміне қарай алдымен қарама-қарсы көрсеткішпен тең және тең еместігін алақанына салып өлшеп анықтауға үйрету ҰІӘ барысы: Амансың ба, көк аспан? Амансың ба, достарым? Сендерді көрсем қуанам. Жұмбақ жасыру Тікен – тікен, тікпісте Қысы – жазы бір түсте (қияр) Көкжиекте шай табақта Алтын алма тербелер. Кейде бүркер алма жүзін, Ұлпа, мақта пернелер. (аспан, бұлт күн) Қалпағы бар,	

	мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» еңбектеу. ҰІӘ барысы: І бөлім: Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру. жүру мен жүгіруді алмастырып, жүру. ІІ бөлім: Жалпы дамытушы жаттығулар: (ЖДЖ) № 4 таяқшалармен Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Негізгі жаттығулар (НЖ): 1.ойын: «Аңшылар олжасын көрді» шарты: заттардың арасымен «жыланша» еңбектеу. 2.ойын-эстафета: «Жалаушаны жалғастыр» Шарты: шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, заттардан аттап жүреді, «Үнгірден» еңбектеп өтеді, кубиктен айналып кейін қарай	Тапқан заттарын қасиетіне қарай бөлек-бөлек топтастырады. «Адамға күнделікті жұмысын жеңілдететін нәрселерді тап» ойыны. Шарты: әртүрлі суреттерді көрсетіледі. Егер суретте адамның күнделікті өмірде жұмысын жеңілдететін зат көрсетілсе, шапалақтайды, ал егер ол басқа зат болса, шапалақтамай, тыныш отырады. Суреттер: шар, кіржуғыш мәшине, автомобиль, жалауша, миксер, гүл, электр пеші. Сергіту сәті Қабырғада сағат тұр, Уақытты санап тұр. Тық-тық, тық-тық! Анам елеп електі, Бөлді ұннан кебекті, Зып, зып, зып, зып! Дәптермен жұмыс 1. Әр топтағы заттарды ата. Сыңарын тап. Сызықпен қос. 2. Заттардың ортақ қасиеттерін тап. Оларды жасалған материалдарына қарай	Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс) Үзік сызықтарды бастыр. Саусақ жаттығуы Екі үйрек келеді, Бірін-бірі көреді. Бір-біріне қарайды, Сәлемдесіп алады.Тәрбиеші жазу барысында үстелде қалай отыру керектігін балаларға ескертіп өтеді. Жазуды ауада балаларға жазып көрсетеді, балалар қарындаштарын алып, ауада жазып қайталайды. 3.Музыка Музыка жетекшісінің жоспары бойынша 4.Дене шынықтыру «Арқанның астынан өту» Міндеттері: заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру; скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүруді үйрету;	Басы жоқ. Қолы да жоқ, Шашы жоқ.(саңырауқұлақ) Дәптермен жұмыс. Суретте ең көп бейнеленген қандай зат? -Бір бірден салынған заттарды бояп шығыңдар. 1 және 2 затты санауға байланысты тәрбиеші сұрақ қояды. - Сол жақ карточкадан неше тақия , оң жақ бұрышта неше киіз үй? - Тақия көп пе әлде киіз үй көп пе? Осылайша балаларды санауға және бір – бірінен ажырата білуге үйретеміз. Тапсырма:заттарының саны бірдей карточкаларды сызық арқылы қосуды ұсынады. Балалардың өз беттерінше жұмыс жасауларын қадағалайды. Сергіту сәті Оңға қарай иілдік, Солға қарай иілдік, Біротырып, бір тұрып, Бәріміз бір сергідік.	

	қос аяқтап секіріп келеді. Жалаушаны келесі қатысушыға береді. Қ/ойын: №3 Ақ қоян ІІІ бөлім: тыныс алу жаттығулары Маршпен жүру.	топтастыр. Сызып көрсет. 4.Музыка Балаларға шығармаларды тыңдата отырып,түрлі аспапта орындалған лирикалық сипаттағы музыканы, әндердің мазмұынын түсіндіру, көңіл күйді сезіне білуге талпындыру. Ән тыңдау: «Шалғындағы бақбақ» (Қ. Жұмағалиев, Т. Қоңыратбаев) Ән айту: «Көбелек» (К. Қуатбаев Ж. Смақов) Музыкалық қимыл – қозғалыс: «Билейік екеуміз» Сөзі мен әні:Оразбаева Н.М. Ойын: «Жел мен жаңбыр» **Шарты:** Ортаға үрмелі және сілкімелі аспаптар қойылады.Балалар аспаптарды айналып би билеп жүреді.Кенет желдің даусы естілгенде үрмелі аспапты үрлейді. Жаңбырдың дауысы естілгенде сілкімелі	түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру ҰІӘ барысы: І бөлім: Шеңбермен жүреді. Қолды жоғары созайық, Шапалақты ұрайық. (қолды жоғары созып шапалақтап жүру) Кәне қолды жазайық, Қарлығашқа ұқсайық Балаларды мадқтау. Балаларға таяқшалар беру, бірінің соңынан бірін жүгіріп, шеңберге тұрғызу. ІІ бөлім: Жалпы даму жаттығулары. № 3 затсыз Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары 1.Эстафеталық жарыс Балалар 3 топқа бөлінеді. Берілген кедергілерден өту арқылы жарысу 1-үлкен доптардан аттау; 2-жіппен жүру; 3-скамейканың үстінде қойылған	4.Дене шынықтыру (таза ауада) «Шынықсаң шымыр боларсың» Міндеті: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру ҰІӘ барысы: І бөлім: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Шеңбер бойымен «аюға» ұқсап жүру. Қол жоғарыда, аяқтың ұшымен жүру.қол жанда, өкшемен жүру жұптасып жүреді . Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау. ІІ бөлім: Жалпы даму жаттығулары № 3 затсыз Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары 1.Кішкене қапшықты төбесіне қойып, тақтай үстімен жүру. 2.Доға астынан еңбектеп өту. Қимылды ойын: «Қояндар мен қасқыр» ІІІ бөлім:Тыныс алу жаттығулары:	

	аспапты жаңбыр даусымен қосылып сілкілейді. **Күтілетін нәтиже:** Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілік танытады; музыкалық шығармаларға көзқарасын білдіреді, оның сипаты,мазмұны туралы айтады;	текшелерден аттап өту. Қай топ бірінші аяқтайды сол топ жеңіске жеткені. 2. «Шалшықтан атта» Ойын шарты: Балалар 2 топқа бөлінеді. Тәрбиеші 2 жолға арнайы картоннан дайындалған шалшық сулардың арақашықтығын 6м болатындай етіп қояды. Жаңбырдан сақтану үшін, шалшықтардан секіре жүріп, қолшатырға жетіп, кейін жүгіріп қайту керек. Ойын келесі балаға берумен жалғасады. Қимылды ойын Картотека№6 «Күн мен жаңбыр» III бөлім: Тыныс алу жаттығулары. Маршпен жүру	шәйнектік дыбысын салады(ш-ш-ш). Терең тыныс алып, демді шығарады. Бастапқы қалыпқа келеді. Қимыл- қозғалыс жаттығуы Кішкене қапшықты төбесіне қойып, тақтай үстімен жүреді. Шеңбер бойы жүреді. Еркін жүреді. Қолды жанға созып, аяқтың ұшымен жүгіреді.	
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру				
Серуен	№4 Желді бақылау.	№11 Күнді бақылау.	№1 Ауа-райын бақылау.	№13 Шықты бақылау.	№14 Өткінші жаңбырды бақылау.
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, өз шкафтарын тауып көрсетуге үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қол жуу ережелерін сақтау.				

Түскі асқа дайындық. Түскі ас	«Таңғы асын тастама» «Нанды бір қолмен үзбе» «Нанды жерге тастама» «Ас –адамның арқауы» «Тамақ ішкенде сөйлеме»				
Ұйқыға дайындық, ұйқы.	Ұйқының адамға пайдалығы туралы түсінік беру. Бесік жырын қосу.				
Ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары	№4	№5	№8	№7	
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару, алдарына берілген тамақтарын тауысып жеп болған соң тұруға дағдыландыру				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды,үстел үсті ойындары,бейнелеу іс әрекеті,кітаптарды қарау және басқалары)	Балалардың қалаулары бойынша ертегі оқып беру Шашка үйрету	Д/о: №40 «Кіммін?» Міндеті: Есте сақтау қабілеттерін арттыру; Сюжеттік рольдік-ойын: «Жанұя» Міндеті: ата-анасының, жақындарының мамандықтары туралы әңгімелеуді, ересектердің еңбегін құрметтеуді және бағалауды; үй жұмыстарына көмектесуді үйрету	«Супермаркет.» сюжетті-рөлді ойыны Балалармен әңгімелесу - «Супермаркет деген не?». Балалар «Дүкендер» туралы тақырыпта не біледі және оны топта қалай ойнайды, ол үшін не қажет. Дидактикалық ойындар «Сөз айт»; «Бір сөзбен ата».	Қолымда не бар? Міндеті: ұзын-қысқа, жуан-жіңішке , үлкен-кіші, оң-сол жайлы білімдерін бекіту. Түйсіну сезімдерін дамыту. Шарты: тәрбиеші екі қолына зат жасырады, балалара параққа бейнелейді (бейнелеу іс-әрекеті)	
Балалармен жеке жұмыс	Азамат Сурет бойынша әңгіме құрастырады. Міндеті: алуан түрлі оқиғаларды құрастыруға және әңгімелеп бере алуға,ертегілер ойлап шығаруға үйрету	Азамат Суретті бояп толықтыру. Міндеті: Саусақтарын бояу, қарандашты дұрыс ұстауға тәрбиелеу.	Азамат Д/о№29. «Қайсысы артық?» Міндеті: балалардың зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: суреттер. Ойын барысы:	Азамат Дыбыстық жаттығулар №2 Күз туралы Міндеті:Дыбыстарды дұрыс нақты айтуға дағдыландыру	

			Балаларға үлестірмелі қағаздар беріледі. Әр қағазда бірнеше сурет бар, балалар мұқият қарап артық затты табады да атайды, себебін дәлелдейді		
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу.				
II Серуен	№4	№11	№14	№13	
Серуеннен оралу	Серуеннен оралу. Киімдерін шкафқа жинауға, ұқыпты қоюға баулу.				
Балалардың үйге қайтуы Ата-аналармен әңгімелесу	**Өнегелі - 15 минут.** Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, Мобильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқу, суреттерді қарауға, табиғат дамытушы ортада құстарды, балықтарды қоректендіруге мүмкіндік беру, ата-ананы балабақша жұмысына тарту, бала мен ата-ана қарым-қатынасын арттыру.				
	Балаларға күз туралы берген тақпақтарды қайталатуын сұрау.	Баланы балабақшаға ұқыпты киіндіруді ескерту.	Отбасы туралы суреттер салып, көрмелерге қатысуды сұрау.	Кеңес: «Балаларды тазалыққа тәрбиелеу»	

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Тәуелсіздік және отаншылдық айы

«Отаным – алтын бесігім!»

Топ: «Балдаурен» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 28 қазан – 1 қараша 2024 жыл

Күн тәртібі	Апта күндері				
	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ойындар (үстел-үсті, д/ойын т.б.) Ата-аналармен әңгімелесу	**Өнегелі-15 минут** балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру мобильді кітапханада жұмыс, ата-ананың балаға кітап оқуына мүмкіндік жасау, кітапқа деген қызығушылықты арттыру, кітапқа жанашырлық, жауапкершілік таныту. **Күй күмбірі -**балаларды қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын арттыру.				

	Қауіпсіздік ережесі әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, балалармен бірге жол ережелері туралы мультфильмдер көруге кеңес беру, ұсыну.				
	Балалар өз отбасылары туралы әңгімелеп береді. «Менің ата-әжем» Мақсаты: Отбасы мүшелерінің үйдегі қызметтерін үйрету. (сөйлеуді дамыту) Қарым- қатынас іс –әрекеті Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	«Мимикалық жаттығу» Мақсаты: балалардың көңіл күйлерін түрлі эмоциялармен білдіруге үйрету. Көркем әдебиет Қарым- қатынас іс –әрекеті дағдысы Ата-аналармен әңгіме: Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Дидактикалық ойын: «Сөзді аяқта» Мақсаты: Балаларға сөйлемді бастап, жиһаз атауымен аяқтауға үйрету. Сөйлеуді дамыту Қарым- қатынас іс –әрекеті дағдысы Ата- аналарға балалардың киім үлгісін дұрыс сақтауды ескерту.	«Мимикалық жаттығу» Мақсаты: балалардың көңіл күйлерін түрлі эмоциялармен білдіруге үйрету. Көркем әдебиет Қарым- қатынас іс –әрекеті дағдысы Ата-аналармен әңгіме: Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу. Қылқаламды дұрыс ұстауға қалыптастыру. Ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу. Сурет салу Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекет дағдысы Ата-аналармен әңгіме: Демалыс күндерінде балаларды дамыту үшін танымдық ойындарды ұсыну.
Таңертеңгі жаттығу.	Таңғы жаттығу №2				
Таңғы ас	Этикет (үстел үстінде орындалатын мәдениет ережелері) туралы түсінік беру.				
Ұйымдастырылған оқу қызыметіне дайындық (ОҰҚ)	ойын Менің балабақшам» сурет топтамасымен жұмыс Шарты:Балабақшаның әдемі жерлерін атай алады.	ойын «Балабақша ережелерін білемін» Шарты:Ереже түрлерімен танысып,сұрақтарға жауап беру біледі.	ойын: «Ойыншықтар» Шарты:Топтағы ойыншықтарды біледі .	ойын «Менің сүйікті ісім» Шарты:Сүйікті ісі туралы айтады.	ойын: «Суреттен не көріп тұрсың?» Шарты: Көрген суреттерді атап беру.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу кестесі	Дене шынықтыру «Кім алысқа секіреді?». Міндеттері: жарыстардың көмегімен балалардың қимыл-	Көркем әдебиет Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет.Міндеттері: Әдеби кейіпкерлерді адамгершілік ережелері	Сөйлеуді дамыту Шаштараз. Ә.Дүйсенбиев Міндеттері: Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу,	Дене шынықтыру (таза ауада) Міндеттері: Допты бір-біріне домалату, негізгі қимыл-қозғалыс жаттығуларын жасай алады.	Дене шынықтыру Міндеттері: Үлкен допты алысқа лақтырады, кішкене қапшықты

	қозғалыс белсенділігі дамиды. Бір орыннан ұзындыққа секірген кезде бастапқы қалыпты сақтау қабілеті нығаяды. ҰІӘ кезеңі: Ойын: «Қатарға тұр» Негізгі кезең: Қолдарына кубик ұстап, аяқтың ұшымен жүру. Өкшемен жүргенде текшелерді жоғары көтереді, қапталға, алға созады, иыққа қояды. Екі сапқа тұру. Негізгі қимылдарды орындайды: Бір орында тұрып ұзындыққа секіру. Ойын түріндегі жаттығу: «Кім алысқа секіреді?». Екі аяқпен бір уақытта итерілу қажеттігіне назар аудартады. Допты затқа дәлдеп домалату. Ойын: «Кегельдерді құлат» (кегельдерге дейінгі қашықтық – 1,5 метр).	мен түсініктері тұрғысынан бағалайды. ҰІӘ барысы: Ойын: «Суреттер сөйлейді» Шарты:Үлкенді сыйлап,кішіге қамқор бола білу- адамгершілік қасиеттерін бағалауды біледі. Ойын: «Алтын бала» Шарты:Әдеби кейіпкерлерінің адамгершілік ережелері мен түсініктері тұрғысынан бағалайды. Ойын: «Сөйлемді жалғастыр» Шарты:Берілген суреттерге қарап отырып сөйлемдерді аяқтайды. Қорытынды: Балаларды мадақтайды Математика негіздері Міндеттері: Бүтін өзінің бөліктерінен үлкен екендігін, бірдей сандардың өзара бірыңғай сәйкестігін, үлкен және кіші бөліктерді анықтайды. ҰІӘ барысы: Ойын:«Бөліктен бүтін құра»	етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Ұйымдастыру іс әрекеті –Балалар, таза, ұқыпты бала деп қандай баланы айтамыз? –Енді «ұқыпты бала» дегенге мағынасы қарама-қарсы сөз айтыңдаршы? –Сендер өздеріңді қандай балаға жатқызар едіңдер? –Өздерің таза жүресіңдер ме? 2. Негізгі кезен Педагог балаларға түбірлес сөздер туралы мағлұмат береді. –Түбірлес сөздер деп түбірі бір сөздерді айтамыз. Мысалы: талап – талапты, талапсыз;өсір – өсіру, өсірмеу; өнер – өнерлі, өнерпаз; бақыт бақытты, бақытсыз; ар – арлы, арсыз,кітап – кітапхана, кітапша,	ҰІӘ барысы: 1.Амандасу. Кіріспе Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Шеңбер бойымен марш екпінімен жүру. Шеңбер бойымен екі жаққа шұғыл бұрылып жүру. Шеңбер бойымен еркін жүру. 1 сапқа тұру. / сапқа тұрарда себеттен екі лентадан алу/1саптан 4 лекке (колонна) тұру.Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау. Жалпы даму жаттығулары 1. Аяқтары иық мөлшерінде. Денені тік ұстау. Лента төменде. Басты оңға бұрып, иекті иыққа түсіру және иекпен доға жасап басты ақырын көтеру және төмен түсіріп - көтеру. /4-рет қайталау./ 2. Аяқтары алшақ қойылған, оң қолдағы лентаны – жоғарыға, сол жақтағыны – төменге сермеп отырып ауыстыру. /5р/ 3. Аяқтары иық мөлшерінде, ленталар жанда, тік тұрып, аяқты	төбесіне қойып, тақтай үстімен жүре алады. ҰІӘ барысы: Кіріспе бөлімі: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Шеңбер бойымен «аюға» ұқсап жүру. Қол жоғарыда, аяқтың ұшымен жүру.қол жанда, өкшемен жүру жұптасып жүру . Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау Жаппай бақылау. Негізгі бөлім: Жалпы даму жаттығулары. Б.қ.: «Көбелек қонды» 1. Аяқтары иық мөлшерінде. Қолдары артта. Иыққа қонған көбелекті көру. басты оңға, солға бұру, «қонды» деп айту. /6 рет қайталау/ Б. қ.: «Жыланның қозғалысы»

	Шарты: Жаттығуды орындау тәсілін көрсету. Ойын: «Мысық пен құстар» Шарты: Ойын ережелерін түсіндіру. Қорытынды: Балаларды ынталандырады. Жарыстарға қатысқандарды марапаттау. Сөйлеуді дамыту «Әжесін қайсысы жақсы көреді?» Міндеттері: Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз бп, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау. Кәне, балалар, орнымыздан тұрып, бізге келген қонақтарды қарсы	Шарты:Бөліктерді атау және бүтін мен бөліктерді салыстыру. Ойын:«Қонжықты тәтті тоқашпен қонақ етеміз» Шарты: Бүтін өзінің бөліктерінен үлкен екендігін, бірдей сандардың өзара бірыңғай сәйкестігі, үлкен және кіші бөліктерді анықтайды. Ойын: «Тәтті тоқашты бөл» Шарты:Тәтті тоқашты төрт қонжыққа бірдей етіп бөліп беруді ұсынады. Кері байланыс ұсыну «Бес бармақ» тәсілі арқылы. Қоршаған ортамен таныстыру Тақырыбы: Арнайы көліктер. Жүк және жолаушы көліктері Міндеттері:Арнайы көлік құралдарының көп түрлілігі, белгілі жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықтары жайлы түсініктерді қалыптастыру.	ойын – ойыншы, ойыншық, ойна, бала – балақай, балалық, балақан, бота – ботақан, ботагөз. –Балалар, енді түбірлес сөздер құрастырып көріңдер. Балалар, мен жұмбақ жасырамын, тапқан жауаптарыңа түбірлес сөздер құрастырып беріңдер. Жұмбақтар шешу: 1.Ертемен күнде сен, Қолыңды сүйкесең, Кетіп кір, ласың, Тап-таза боласың. Бұл не? (Сабын) 2.Шомылған баланы, Аймалап алады. Сүйеді қолын да, Сүртеді жанын да. Бұл не? (Сүлгі) Демонстрациялық материал. – Балалар, мен Әнуарбек Дүйсенбиевтің «Шаштараз» өлеңін оқып беремін. Сендер суретке қарап жаттап алуға және өлең ішінен түбірлері бір сөздерді тауып айтуға тырысыңдар. Шаштараз	иық деңгейінен сәл алшақ ұстайды, алақанның сырт жағымен белден ұстап, денемен жартылай шеңбер жасайды.5р 4. Төрт тағандап тұрып, қолды, аяқты бүгу және жазу керек.6 р 5. Аяқтарын алшақ қою, ленталар жанда; 8- рет маршпен жүру, 10- рет секіру. Тыныс алу жаттығулары: «Алақандағы допты үрлеу». Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары. 1.Текшелер, арасымен жүру 2.допты алға қарай лақтыру Өнім арқылы саралау Құрлымдалған қимылды ойын: «Қасқыр мен қояндар» Мақсаты:Балалар шапшаңдыққа,ептілікке үйренеді. Күтілетін нәтиже: Балалар ойынды ойнай алады Сапқа тұру, әр түрлі бағытта жүру, ұзындық бойынша тұру. Сұрақ – жауап. Балаларды мадақтау.	2. Аяқ иық көлемінде, қолды жанға созу. Жыланның қимылын жасау. иықты ирелеңдете айналдыру. /6 рет қайталау/ Б.қ.: «Қайшы» 3.Аяқтар алшақ қойылған, қолдар жан-жақта, қолдарды қайшылау./6 рет / Б. қ.: «Жұлдызша» 4. Қолдары белде. Аяқты бірге ұстау. Орнында секіріп аяқты және қолды жанға созу «ха-а-а» деп айту, орнында секіріп аяқты біріктіру және қолды белге қою, «хоп» деп айту. /6 рет / Тыныс алу жаттығулары: шәйнектік дыбысын салу(ш-ш-ш). Терең тыныс алып, демді шығару.

	алайық. Бүгін бізге дәрігер апай қонаққа келді. 2. Негізгі кезен Дәрігер: –Сәлеметсіңдер ме, балалар. Бүгін күн бұлтты екен, қолшатырымды ала шыққаным қандай жақсы болған. Бірден жаңбыр нөсерлете құйып кетті. Суға малынып қалам ба деп едім қолшатырым маған көмектесті. Дәрігер: Балалар, сендер көріп отырғандай күн бірте-бірте суытып, жаңбыр да жиі жауатын болды. Мұндай күндері балалар көп ауырып қалуы мүмкін, мен сендердің денсаулықтарыңды тексеріп шығайын. (Дәрігер балаларды тексеріп өтеді). – Сендердің денсаулықтарың жақсы екен, осылай күтініп жүрулерің керек. Мен енді басқа топтың балаларын қарап	Айналадағы қоршаған ортаға зейін қоя білу дағдысын қалыптастыру. Көшеде тәртіп ережелерін сақтауға, мұқият болуға тәрбиелеу Педагог балаларды ортаға жинайды. «Шаңсорғыш» ойыны. Жүргізуші сайланады. Ол – «шаңсорғыш». Қалған балалар – «шаң». «Шаң» айналып, ақырын жерге «қонады» (отырады). «Шаңсорғыш» іске қосылады. «Шаңсорғыш» «шаңды» жинай бастайды, оның қолы кімге тиеді, сол бала орнынан тұрып кетеді. 2.Негізгі кезең : – Үйдегі заттарды атаңдар. Сендердің бөлмелеріңде қандай қажетті бұйымдар, заттар бар? Балалар үйлеріндегі жиһаздар мен бұйымдарды атайды. – Асүйден бастайық. Асүйлеріңде қандай заттар бар?	Ұжымшарға жаңадан, Келген еді шаштараз. Өзі сондай таза адам, Өсіп кеткен шашқа араз. Кім бөлмесе көңілін, Өсті екен деп баста шаш. Салақ болса кімде-кім Соны ұнатпас шаштараз. Ал ұқыпты баланы Өте жақсы көреді. Шашын сәндеп алады, Жұпар сеуіп береді. Сөздік жұмыс: Араз – қарсы мағынасында; Жұпар – әтір, иіс судың исі. Өлеңді суретке қарап, қайталату арқылы жаттату, өлең ішінен түбірлес сөздерді тапқызу. Дәптермен жұмыс Дәптердегі тапсырманы орындау Қорытынды бөлім. Рефлексия – Өлеңде кім туралы айтылады? – Шаштараз қандай баланы ұнатады, қандай баланы ұнатпайды? – Сендер өздеріңді қандай	Көркем әдебиет. Міндеттері: Театрландырылған өнердің алуан түрлі тәсілдерін және жанрларын (драмалық, музыкалық, қуыршақ, аңдар театры және бағы басқа) меңгеру; ҰІӘ барысы: Ойын: «Суретші нені шатастырды?» Шарты: Сурет бойынша суретшінің нені шатастырып алғаны туралы сұрақ қоя отырып жана жыл мерекесінің шығу тарихы мен салт дәстүрі туралы әңгімелету Ойын:. «Көңілді мереке» Шарты:Театрландырылған өнердің алуан түрлі тәсілдерін және жанрларын (драмалық, музыкалық, қуыршақ, аңдар театры және бағы басқа) меңгеру; Ойын: «Сөзді тап» Шарты: «Татаулық» сөзіне мағынасы жуық сөздер ойлап табу Қазақ тілі	Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары. 1. Үлкен допты алысқа лақтыру. 2. Кішкене қапшықты төбесіне қойып, тақтай үстімен жүру. Қимылды ойын: «Қояндар мен қасқыр» Мақсаты: Балаларды алғырлыққа, қырағылыққа, татулыққа тәрбиелеу. Ептілік қасиеттерін арттыру. Қорытынды: Шеңбер бойы жүру. Қазақ тілі Міндетері: мүсіндеудің тегіс нәрсеге бедерлі сурет түсіре білу әдісімен танысады және үйренеді. ҰІӘ барысы Шаттық шеңбері: Арайлап таң атты,

	атрибуттарын жасау, реттеушіні, жаяуларды, жүргізушілердің рөлін ойнауды үйрету. Атрибуттар: түрлі көліктер, коляскалар, велосипедтер, бағдаршам, белгілер, реттеушінің жұмыс киімі, жаяуларға арналған белгілер, жаяулар, жүргізушінің куәлігі,реттеушінің таяғы. Қатысушылар: полиция-реттеушісі, МАИ инспекторы, жүргізушілер, жаяулар.				уақытта олар атомдар болып есептеледі. Біздің білетініміздей атомдар молекулаларға айнала алады. Молекулада 3, 4, 5, атомдар бола алады. Ойыншыларға команда бойынша молекулаларға айналу керек. Егер жүргізуші үш десе ойыншылар үштен бірігуі қажет. Реакция бітті деген белгі бойынша қатысушылар қайтадан атомға айналады. Осылайша ойынды бірнеше қайталауға болады». 
Балалармен жеке жұмыс	Азамат жиындарды бөліктерге бөлуді және оларды қайта біріктіруді үйрету; жыл мезгілдері бойынша айларды ретімен атауды үйрету	Азамат жүру,жүгіру,секіру,лақтыру мен қағып алу,еңбектеу мен өрмелеудің негізгі қимыл түрлеріндегі қарапайым дағдыларды үйрету	Азамат жеке жұмыс өз ойын түсінікті жеткізуге, өз өмірінің қауіпсіздігін сақтауға, ненің «дұрыс» н/е «дұрыс емес» екенін түсіндіру	Азамат туған ел, мемлекеттік және халықтық мерекелер,ел рәміздері, ҚР Президенті туралы білімдерін меңгертуге дағдыландыру	Азамат жеке жұмыс туыстық байланыстар туралы түсінікті игерту; отбасы мүшелеріне өзінің жақсы көру

					сезімдерін білдіре алуды үйрету;
Серуенге дайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.				
II Серуен	№6 Аула тазалаушының еңбегін бақылау	№7 Саңырауқұлақтарды бақылау	№8 Арнайы көліктерді бақылау	№9 Гүл егілген клумбаны бақылау	№10 Ағаштарды бақылау
Серуеннен оралу	Серуеннен оралу. Киімдерін шкафқа жинауға, ұқыпты қоюға баулу.				
Балалардың үйге қайтуы Ата-аналармен әңгімелесу	**Өнегелі - 15 минут.** Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, Мобильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқу, суреттерді қарауға, табиғат дамытушы ортада құстарды, балықтарды қоректендіруге мүмкіндік беру, ата-ананы балабақша жұмысына тарту, бала мен ата-ана қарым-қатынасын арттыру.				
	Ана – аналармен әңгімелесу. Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту.	Балалардың ауа-райына сәйкес киіндіру туралы, балалардың тазалықтары жайлы әңгімелеу.	Төлем ақыларын уақытымен төлеуін айту	Балалардың сұранып үйге қайтуы	Балаланы балалабақшаға уақытында әкеулерін ескерту.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Әділдік және жауапкершілік айы

«Жауапкершілік – адамгершілік қасиеттің көрінісі»

Топ: «Балдаурен» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 18 – 22 қараша 2024 жыл

Күн тәртібі	Апта күндері				
	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	**Өнегелі-15 минут** балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру мобильді кітапханада жұмыс, ата-ананың балаға кітап оқуына мүмкіндік жасау, кітапқа деген қызығушылықты арттыру, кітапқа жанашырлық, жауапкершілік таныту. **Күй күмбірі -**балаларды қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын арттыру. **Қауіпсіздік ережесі** әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, балалармен бірге жол ережелері туралы мультфильмдер көруге кеңес беру, ұсыну.				

	Әңгімелесу: «Менің досым, құрбым» Міндеті: балаларды әңгімеге тарту арқылы байланыстыра сөйлеу дағдысын жетілдіру, өз ойын жеткізе білуге баулу. Достық қарым-қатынасқа баулу (тілдік қарым-қатынас, сөйлеуді дамыту) **Ата-аналарға** үйде балаларға ойын бұрышын жасап беруді ұсыну	Көңілді нейро-сәлемдесу. Әңгімелесу. Балалардан қандай көңіл-күймен келгенін сұрау. Балабақшаға келе жатқанда табиғаттан қандай өзгерсітер байқаны туралы жеке-жеке сұрау (Тілдік қарым-қатынас, сөйлеуді дамыту) Ата-анаға кеңес: Ерте ұйқыға жатқызу және балабақшадан кешіктірмеу	Әңгімелесу: «Балабақша-екінші үйіміз» Міндеті: балаларға үй мен балабақшаны салыстыруды ұсыну. Балабақша қызметкерлерің жұмысын сыйлауға, бағалауға тәрбиелеу. Басқа топтағы балаларға сыйластық танытуды үйрету. Ата-аналардан балабақша іс-шараларына балалармен бірге белсенділік танытуларын сұрау	Табиғат бұрышын бақылау. Міндеті: Жыл мезгілі туралы түсініктерін толықтыру. Ойлау және сөйлеу қабілеттерін арттыру. Табиғат бұрышындағы гүлдерді суру, шаңдарын сүрту (тілдік қарым-қатынас, сөйлеуді дамыту, еңбек іс-әрекеті) «Ата-аналарға логопедтен қарапайым 10 кеңес»	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Таңғы шеңберді қызыл жүрекшені бір-біріне ұсыну арқылы жылы сөздер айтумен бастау(бүгін өте әдемісің, жақсы көңіл-күй тілеймін т.б.) (тілдік қарым-қатынас, сөйлеуді дамыту) Ата-аналарға балаларды ауа-райына байланысты киіндіруге кеңес беру.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары,бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалары)	«Жабайы жануарлар» Міндеті: трафаретпен жұмыс жасауды үйрету. Суреттердің жетпес жерлерін толықтыруды үйрету(көз, мұрын, мұртша, құйрық т.б.) Балалардың қалаулары бойынша ертегі оқып беру	Үстел үсті ойыны: «Пазлдар» Міндеті: ұсақ қол моторикасымен қатар ойлау қабілеттерін дамыту. ұжыммен бірлесіп ойнау дағдыларын қалыптастыру.	Аз қимылды ойын: «Үстел үсті теннисі» Міндеті: спорттық ойынның элементімен танысу, жеңіске ұмтылуға сонымен қатар сабырлылыққа баулу	Үстел үсті ойыны: Д/о: «Танграм» Міндеті: ұсақ қол моторикасымен қатар ойлау қабілеттерін дамыту.	Кітап сөресінен қалаған кітаптарын қарау, достарымен талқылау Міндеті: суреттерге қарай отырып өз ойларынан әңгіме құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Кітаптарға ұқыптылықпен қарауға баулу.
Таңертеңгі жаттығу	Таңғы жаттығу №3				
Таңғы ас	Балаларды үстел үстінде тамақтану әдептерін сақтауға баулу. Бата жаттау Дастарханыңа береке берсін, Бастарыңа мереке берсін, Астарыңа адалдық берсін,				

	Бастарыңа амандық берсін, Дендеріңе саулық берсін, Әумин!				
Ұйымдастырылған іс - әрекетке дайындық	Кезекшілер тәрбиешіге оқу құралдарын таратуға көмектеседі.				
	Әңгімелесу «Кім болам?» Міндеті: балаларды әртүрлі мамандық түрелерімен таныстыруды жалғастыру	Д/о: «Пайдалы-зиян» Міндеті: денсаулыққа зиян заттар туралы білімдерін бекіту. Шарты: тәрбиеші пайдалы – зиян заттар бейнеленген карточкаларды көрсетеді, балалар пайдалы болса бас бармақтарын жоғары көтереді, зиян болса төмен қаратады.	Д/о: «Ұқсасын тап» Міндеті: геометриалық фигуралар туралы білімдерін бекіту. Айналадан ұқсас заттарды таба алуға үйрету. Шарты: тәрбиеші геом.фигураны көрсетеді, балалар айналадан ұқсас затты табу керек.	Д/о:«Қай ертегі екенін тап» Міндеті: таныс ертегілерді атай алуға дағдыландыру, есте сақтау қабілеттерін дамыту.	Балалармен мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырыл-ғаніс-әрекет	1.Сөйлеуді дамыту «Көңілді күн» Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу. Балалардың сөздік қорын заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен байыту ҰІӘ барысы: Ойын: Смайликтер Шарты: тақтаға әртүрлі смайликтер ілінеді. Балалар кезекпен сол эмоцияларды қайталау керек. Артикуляциялық жаттығулар:	1.Көркем әдебиет «Жыл басына таласқан хайуанаттар» Міндеттері: Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналауға, рөлдерде кейіпкердің көңіл-күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беруге дағдыландыру. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Дәстүрден тыс жапсыру, мүсіндеу, сурет салу арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. ҰІӘ барысы: Шаттық шеңбері: Қол алысып қане біз Амандасып алайық Қайыры күн жер ана Қайырлы күн достарым Ойын: «Тауып көр»	1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Балабақшадағы бір күнім» Міндеттері: «Б» – «П» дыбыстарының ұқсастығын түсіндіру; Балаларды әңгімені жалғастырып айтуға үйрету. Мазмұнды жалғастырту арқылы ой-қиялдарын дамыту.Баланы ұқыптылыққа тәрбиелеу. ҰІӘ барысы:: Тәрбиеші тақтаға көркем сурет іліп, балалардан кімнің суретін көріп отырғандарын сұрайды. «Бала» сөзі «Б» дыбысынан басталып тұр. Кәне, бәріміз бірге «Б» деп айтайық.	1.Көркем әдебиет. Тақырыбы: Мақтақыз бен мысық Міндеттері: Ертегіні мазмұндауда балалардың қабілеттілігін қалыптастыру. Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Ауыз әдебиеті шығармалары негізінде қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі арқылы еңбекке баулу. Ертегі мазмұнын эмоциямен бейнелі қабылдауға, баяндауда бейнелеуіш сөздерді қолдануға, ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтауға, қисынды мазмұндауға үйрету. Адал дос болуға тәрбиелеу. ҰІӘ барысы	1.Қазақ тілі Тақырыбы:Ата-анамның мамандықтары Міндеттері: мамандық иелерінің жұмыстары жайлы жалпы мағлұмат беру, олардың пайдаланатын құрал-жабдықтары жайлы түсінік беру; мамандықтың бәрі жақсы деген қорытындыға келу. Мамандық түрлері, олардың атқаратын қызметі, қоғамға келтіретін пайдасы туралы білімдерін толықтыру, жетілдіру. Өз ата-анасының мамандығы туралы айта алу дағдыларын арттыру. Барлық мамандықтың қажет

	Ысқырық, баян, маса, саңырауқұлақ. Тәрбиеші сын есім туралы түсіндірме жұмысын жүргізеді. Д/о:«Суретші» Шарты: балаларға боялмаған әр түрлі суреттер(күн, әке, машина, алма т.б.) таратылады. Сол суреттерді бояулары қажет және қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есім қосып айтулары қажет. Мысалы: тәтті алма, мейірімді әке, ыссы күн т.б. 2.Сауат ашу негіздері: «Дыбыстар елінде» Міндеттері: П дыбысымен танысу; Сөйлемді ауызша талдауға: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу; сөйлем түрелерін(хабарлы, лепті, сұраулы) ажыратуға үйрету; дәптермен жұмыс. ҰІӘ барысы: Ойын «Кімнің есінде?» Өткенді еске түсіру: сөздер неден тұрады?	Шарты: тәрбиеші бірнеше ертегіден үзінді келтіреді, балалар табады. Теледидардан «Жыл басына таласқан хайуанаттар» бейнефильмді көру. Сұрақ-жауап: -бұл қандай ертегі болды? -ертегіде жыл басы кім болды? -Неліктен тышқан жыл басы болды? -ал басқа хайуанаттар неліктен жыл басы бола алмады? Сергіту сәті «Бұл кім?» ойыны Шарты: ортаға бір баланы шығарып бір хайуанның суретін басқа балаларға көрсетпей көрсетеді. Бала соның дауысын немесе іс-қимылын салу керек. Қалған балалар атау керек. Немесе төлдерін атау керек. Шығармашылық сәт. Балалар 3 топқа бөлінеді. 1топ Жыл басы-атанған тышқанның суретін түрлі түсті қағазды ұсақ бөліктерге жырту арқылы жапсырады, 2топ саусақ ұшымен бояйды, 3топ ермексазды созу арқылы мүсіндейді. 2.Қоршаған ортамен таныстыру	– Енді «П» дыбысын айтайық. "П" дыбысы парта сөзінде бірінші болып тұр. Екі дыбыс бір-біріне өте ұқсас дыбыстар. «Б» мен «П» дыбыстарының дұрыс артикуляциясы мынандай: «Б» – «П» дыбыстары кішкене тіл ашық тұрып, дем ауыз арқылы қатты жұмылған еріндердің кілт ашылуынан сыртқа шығу нәтижесінде жасалады. Ойын «Кім тапқыр» Шарты: балаларға "б","п" дыбысынан басталатын сөздер ойлап айтқызады. Дыбыстық жаттығулар: Ба-ба-ба – бала. Бо-бо-бо – бота Бө-бө-бө – бөрік. Па-па-па – парта. Жа-па-лақ – жал-пақ. Па-рақ – жа-пы-рақ. Ойын «Сөз құрап көр» Шарты:балаларға «бала», «парта», «бақа», «бақбақ» сөздеріне сөйлем құратады. Сөздерді дыбысталуы бойынша салыстыру Сергіту сәті Жел, жел, қалай сермейсің? Бұлтты үйіріп қуасың. Көк теңіздей тербейсің, Дәйім соғып тұрасың.	*Шаттық шеңбері* Күн, мен сені сүйемін, Күн, мен сенен өтінемін. Берші бізге, алтын Күн, Бейбітшілік, мейірімділік, Денсаулық пен жылылық! Тәрбиеші жұмбақ жасырады: «Тонын киіп туған, Жалап бетін жуған». *(Мысық)* – Балалар, бүгін «Мақтақыз бен мысық» ертегісімен танысамыз. *Сұрақ-жауап:* - Ертегі қалай аталады? - Мақтақыз не тауып алды? - Мысық не істеді? - Мақтақыз мысықты қалай жазалады? - Мысық қатық іздеп нелерге кездеседі? - Мысық құйрығын қалай қайтарып алды? Сергіту сәті: Біз балдырған баламыз, Дос құшағын елге ашқан. Тілегіміз тыныштық, Ашық болсын көк аспан. Мықты болсын іргеміз, Бәріміз де біргеміз. - Ертегіні қайталап, есімізге түсірейік. Оқылған ертегі сюжеті бойынша мазмұнын шығармашылықпен әңгімелейді. 3-4 балаға айтқызып қайталату. Қорытынды сұрақтар:	екендігі туралы білімдерін дамыту. Маман иелерінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Мамандық таңдауға деген алғашқы қызығушылықтарын қалыптастыру. ҰІӘ барысы: Тәрбиеші балалармен бірге шеңбер бойына тұрады. *«Не бұрын?» ойыны.* Тәрбиеші балаларға доп лақтырады. Допты қағып алған бала сұраққа тез жауап беруі керек. *Не бұрын? Балалардың жауабы:* балапан ... ... жұмыртқа жылқы ... ... құлын сиыр... ... бұзау нан ... ... ұн көйлек ... ... мата велосипед ... ... темір жапырақ... ... бүршік балық … ... уылдырық Жұмбақтар жасыру. Балалар жауабын тауып, барлық жауаптардың ортақ атауын табады. Ауырған адамның қасында Емделудің жөнін айтар. Жазылған адамдар расында Риза болып, рақмет айтар. (Дәрігер) Тәп-тәтті тамағы

	Дыбыстың неше түрі бар? «П» дауыссыз дыбысымен танысу Ойын «П дыбысының орнын анықта» Шарты: тәрбиеші П дыбысы бар сөздерді атайды .Балалар П дыбысының қайда тұрғанын(басында,соңында,ортасында) тұрғанын ауызша анықтайды. Дәптермен жұмыс: таяқшалар салу Сергіту сәті Ойын карточкамен «Сөйлемді анықта» Шарты: балаларға тыныс белгілер таратылады. Тәрбиеші сөйлем оқиды. Балалар соған сай тыныс белгілерін көтерулері керек және сол сөйлемді сөздерге бөлу керек. Ойын «Көңілді шапалақ» Шарты: тәрбиеші сөздер оқиды «П» дыбысы бар сөздерді естігенде шапалақтау керек. (кітап, қар, піл, есік, доп, бақа, апа т.б.)	Тақырыбы: Арнайы көліктер. Жүк және жолаушылар көліктері. Міндеттері: көлік түрлерімен таныстыруды жалғастырып, олардың қарапайым құрылысы және қажеттілігі жайлы түсіндіру. Арнайы көлік құралдарының көп түрлілігі, белгілі жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықтары жайлы түсініктерді қалыптастыру. Айналадағы қоршаған ортаға зейін қоя білу дағдысын қалыптастыру. Көшеде тәртіп ережелерін сақтауға, мұқият болуға тәрбиелеу. ҰІӘ барысы: Тәрбиеші балалармен бірге шеңберге тұрады. *«Доп пен үрлегіштер» ойыны.* Ортаға бір бала шығып, желі шығып кеткен «доп» болады. Қалған балалар – «үрлегіштер». «Доп» екі аяғын жартылай бүгіп, денесін бос ұстап, алдыға бүгіп, басын төмен салбыратып тұрады. Барлық балалар қолдарымен «үрлегішпен» жел айдап жатқандай қимыл	Жел теңіздей шарлайды, Кемеге тыным бермейді. Толқынмен бірге аунайды, Желкендерді кернейді. Тәрбиеші: – Балалар, мен қазір сендерге Балжан атты қыз туралы әңгіме айтып беремін, әңгіменің соңын сендер өз ойларыңмен жалғастыруларың керек. Балабақшадағы алғашқы күн Кішкентай Балжанды таңертең әжесі ұйқысынан оятты. – Сен бүгін балабақшаға барасың, онда сені жаңа достарың және апайың күтіп отыр, – деді әжесі. Қуанып кеткен Балжан әп-сәтте дайын бола қалды.Өйткені оның үйде іші пысатын , әжесінің мазасын алатын. Балабақшаға баруды асыға күтіп жүрген еді. Әжесі қолынан жетектеп балабақшаға алып келді,тобына ертіп кірді. – Ал, балалар, әңгімені әрі қарай өз ойларыңмен жалғастырыңдар, Балжан балабақшада кімдермен танысты, нелерді көрді,	- Сурет бойынша ертегі жүйесін сақтап баянда. - Мысық не істеді? - Мақтақыз неге ашуланды деп ойлайсың? - Мысықтың әрекетін ретімен әңгімеле. - Жұбыңмен бірге кейіпкерлер диалогін ойнап көрсетіңдер. - Сен Мақтақыздың орнында болсаң не істер едің? 2.Қазақ тілі Тақырыбы: «Менің дене мүшелерім» Міндеті: Дене мүшелерінің қазақша атауын, сөздер мен сөйлемдерде қолдануға, жұмбақ, мақал-мәтел үйрету. Жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға, тіл мәдениетін жетілдіру. Шаттық шеңбері: - Қайырлы таң, көздерім! -Ояндыңдар ма? Қайырлы таң, құлақтарым! - Ояндыңдар ма? -Қайырлы таң, қолдарым! -Ояндыңдар ма? -Қайырлы таң, аяқтарым! -Ояндыңдар ма? «Аялдама» Д/О Тәрбиеші балаларға шеңбер бойы жүруді және оларға сөздерді айтатынын хабарлайды.	Астың маманы. (Аспаз) Қолдағы жұмыс жарағы: Қайшы менен тарағы. (Шаштараз) Ертемен ерте тұрады Қолына рульді алады. Олай-былай айналдырар, Жолға қарап отырар. (Жүргізуші) Тәрбиеші:–Балалар тақтада қандай мамандық иелері бейнеленген? – Суретші, дәрігер, мұғалім, шахтер бейнеленген. Балалар мамандық иелерін атайды. Балалардың бұл сөздерге «мамандық» деген ортақ атау беруге болатынын айта алуға жетелеу керек. – Қалай ойлайсыңдар, кім қайда жұмыс істейді? – Суретші шеберханада сурет салады. Дәрігер ауруханада адамдарды емдейді. Мұғалім мектепте балаларға білім береді. Шахтер шахтада көмір өндіреді. – Ал сендердің ата-аналарың қайда жұмыс істейді? Балалар ата-аналарының қайда жұмыс істейтінін, қандай мамандық иелері екенін айтады.

	3.Математика негіздері. «Сандар әлеміне саяхат» Міндеті: 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауды бекіту. 10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік шығаруға үйрету. Логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Дәптермен жұмыс. ҰІӘ барысы: Аз қимылды ойын: «Пойыз» Шарты: балалар пойызға вагондар болып тіркеліп сандар әлеміне келіп тоқтайды. 2 саны шығып көршілерінен адасып қалғанын айтады. Оларды іздеп барар жолда кедергілер болатынын айтып ескертеді. Балалардан көмек сұрайды. 1-тапсырма: 1-10 дейінгі сандарды тура және кері санап бер 2-тапсырма: карточкадағы	жасайды. Әрбір қимылды «С-с-с» деген дыбыспен орындайды. «С-с-с» деген дыбысты естіген сайын «доп» желмен «толады». Бірінші «с» дегенде дайындалады, екіншісінде түзеледі, үшіншісінде басын көтереді, осылайша ұртына жел толтырады, қолдарын жан-жаққа жаяды. «Жел» әбден толған кезде, бір бала шығып, үрлегіштің шлангісін суырып алғандай қимыл жасайды. «Доптан» жел шыққандай «ш-ш-ш» деген дыбыс естіліп, қайта «желі шыққан доп» кейпіне енеді. Тәрбиеші:– Бір күні мен үйге қайтып келе жатып, жолда екі адамның әңгімесін естідім. Біріншісі: «Менікі жап-жаңа, күшті әрі жылдам жүреді», – деді. Екіншісі: «Менікінің терезесі күндей жарқырайды, өзі жеп-жеңіл, қауырсындай ұшады», – деді. Балалар, айтыңдаршы, бұл екі адам не туралы әңгімелесіп тұр? – Бүгінгі оқу қызметінің не туралы болатынын байқадыңдар ма?	балабақша Балжанға ұнады ма? Жаңылтпаш: 1.Тебіншек ат – шегіншек. 2.Шегіншек ат – тебіншек. Қорытынды сұрақтар: – Балалар, бүгін қандай дыбыстармен таныстық? – Біз бүгін кім туралы әңгімеледік? 2.Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Біз нені үйрендік, не білеміз? Міндеттері: өткен тақырыптарды қайталауға жаттығулар жасату. Сөзді буынға бөлу, дыбыстық талдау жасау, сөйлем құрай алу дағдыларын бекіту. Буындарға буын қосып сөз құрап айтуға жаттықтыру арқылы зейін мен есте сақтауларын дамыту. Ересектердің айтқанын мұқият тыңдауға тәрбиелеу. Дәптермен жұмыс ҰІӘ барысы Д/о: «Жалпы атауын айт» 1.Тәрелке, құмыра, кесе, шанышқы – ... *(ыдыстар)*	Егерде сөз арасында дене мүшелерді атаса оларға аялдамаға тоқтауды ұсынады. «Кәне, кәне» ойынын Тәрбиеші балалардан сұрайды: - Кәне, кәне, басың? - Кәне, кәне, көзің? - Кәне, кәне, қолың? Ойын: «Менің бетім» Шарты: балалар суретке қарамай, алдын ала дайындалған бет мүшелерін жапсырулары керек. 3. Математика негіздері Тақырыбы: Заттар тобын салыстыру және санау. Міндеттері: теңдік туралы ұғым қалыптастыру; топтарда заттардың тең санын анықтауға, санау және топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс қорытындылауға үйрету; талдау және қорытындылау білігін дамыту; дербестікке баулу. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу. ҰІӘ барысы Тәрбиеші сұрақ қояды: Ойыншық дүкеніне барғыларың келе ме? – Онда не бар екенін көрейік.	– Балалар, мен тағы бір мамандық иесін атағым келіп тұр. Ол мұғалім де болады, пойызды да жүргізеді, ұшқыш та бола алады, кішкентай баланы да ойната алады, бірақ үнемі экранда жүреді. Оның кім екенін білесіңдер ме? – Ол – актер. – Енді барлықтарың актер боласыңдар. Кім мамандық иелерін қимылмен, ыммен көрсетеді? Балалар оларды қимылмен бейнелейді. Мысалы, суретші суретті қалай салатынын қимылмен көрсетеді. «Қандай мамандық иесі?» ойыны. Балалар бұл сөздерді қандай мамандық иесі айтуы мүмкін екенін анықтайды. – Сіздің кекіліңізді қысқа қию керек пе?... (шаштараз) – Балалар, кітаптың бетін ашыңдар ... (мұғалім) – Рульді оңға бұрайын... (жүргізуші) – Сурет салуға қылқаламдар дайындадым...(суретші) – Сізге емделу үшін дәрілер жазып берейін... (дәрігер)

	заттарды салыстыр.(Көп-аз) (Осы тапсырмадан соң 2 санының алдыңғы көршісі табылады) 3-тапсырма: «Теңдей бөл» Шарты: кірпі мен тиінге алмаларды; ақ қоян мен сұр қоянға сәбіздерді теңдей бөліп бер. Сергіту сәті 4-тапсырма: Дәптермен жұмыс (осы тапсырмадан соң 2 санының кейінгі көршісі табылады) Тапсырмаларды орындап болған соң, пойызбен еліне қайтады. Балаларды мадақтау 4.Дене шынықтыру «Кім шапшаң?» Міндеттері: Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру дағдыларын бекіту.	– Мынау қандай мәшине? – Өртсөндіргіш мәшинесі. – Ол не істейді? – Өрт сөндіреді. – Мынау қандай мәшине? – Жедел жәрдем мәшинесі. – Ол қандай қызмет көрсетеді? – Жедел жәрдем дәрігері ауырған адамдарға көмек көрсетеді. – Мына мәшинелер қалай аталады? Қандай қызмет көрсетуге арналған? – Апаттық мәшине, полиция мәшинесі. – Бұл көліктер арнайы көліктер деп аталады. Олар адамдарға шұғыл көмек көрсетеді. Бұл мәшинелер арнайы жабдықталған. Жедел жәрдем мәшинесінде қандай құрал-жабдық болады? – Дәрі-дәрмек, оттегі (ауа) толтырылған баллоны т.б. – Суреттен тағы қандай мәшинелерді көріп тұрсыңдар? – Жүк көлігі т.б. – Олардың ең басты қызметі қандай? – Жүк тасу. Бұл көліктерді құрылыста да қолданады. – Мына көліктерді атаңдар.	2. Карамель, ирис, шоколад – ... *(кәмпиттер)* 3. Басбармақ, балаң үйрек, ортан терек, кішкене бөбек, шылдыр шүмек – ... *(саусақтар)* 4. Күрте, пальто, тон, плащ – ... *(киім)* 5. Тымақ, қалпақ – ...*(баскиім)* «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы өткен тақырыпты қайталау. – Балалар сөйлем туралы не білесіңдер? (Сөйлем деген мағына жағынан бір-бірімен өзара байланысқан сөздердің жиынтығы,ол аяқталған ойды білдіреді.) – Сөйлем неден жасалады? – Буын неден жасалады? – Дыбыстар нешеге бөлінеді? *Дидактикалық жаттығуы «Тиісті белгіні көтер»* Тәрбиеші дауысты және дауыссыз дыбыстарды атайды, балалар көк немесе қызыл белгіні көтереді. Буындармен жаттығулар. *Дидактикалық ойын: «Буынды қос»(доппен)* Шарты: балалар шеңберге тұрады.	Ұсынысқа қызығушылық танытып, ойынға араласады. Артығының бар-жоғын білу үшін ойыншықтарды бір-бірінің астына қоямыз. Тәрбиеші тақтаның алдына шыққан балаларға бір сөренің екі жағында орналасқан заттардың арасында өзара бірмәнді сәйкестікті анықтауға көмектеседі. – Олар тең болуы үшін не істеу керек? – Дұрыс. Бір жағынан артығын алып тастау керек немесе жетіспейтін ойыншықтарды қою қажет. – Сол жақтағы ойыншықтарды санаймыз. Тәрбиеші ойыншықтарға саусақ тигізіп, дауыстап санауды сұрайды. Мысалы, 4 ойыншық кесе бар. – 4 саны жазылған карточканы қоямыз. – Тәрелкелерді санаймыз. Олар неше? (3) – Қайсысы көбірек? Қайсысы азырақ? – Енді басқа сөредегі ойыншықтарды санаймыз. – Неше шырша бар? (5). – Неше саңырауқұлақ бар? (6) Одан кейін педагог екі түрлі ойыншықтардың	– Қанша килограмм кәмпит өлшейін?...(сатушы) – Сізге қандай көйлек тігу керек?.. (тігінші) – Балалар, сендер үлкен болып өскенде әрқайсысың бір мамандықты таңдайсыңдар. Сендер өздеріңнің болашақтарыңды қалай қиялдайсыңдар? Сенің қиялыңдағы болашақ мамандық қандай болуы мүмкін? Балалар өздерінің кім болғысы келетіндігі туралы әңгімелеп, қиялындағы әлемде ол таңдаған мамандықтың қалай өзгеретіндігі туралы ойларын ортаға салады. Тәрбиеші мамандық туралы анықтама береді: «Мамандық – бұл іс, адам сол іспен айналысады, сол үшін ақша алады. Мамандықты игеру үшін қандай да бір білім алу керек. Адам мектеп бітіргеннен кейін колледж, институт, академия, университет сияқты арнайы оқу орындарына түсіп, білім алады. Көп білімі мен тәжірибесі бар адам – бағалы маман, өзінің мамандығына

	Жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеуге үйрету; Допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу; допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату, допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алуға үйрету; ҰІӘ барысы: І бөлім: Түзу бағытта жәй жүру, жүру мен жүгіруді алмастырып, адымдап жүру; қолдарын мойынға қойып аяқ ұшымен жүру, жәй жүру; сапқа бөліну. ІІ бөлім: ЖДЖ № доппен Негізгі жаттығулар: 1-ойын: «Досыңды құтқар» Шарты: заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап	– Автобус, пойыз, ұшақ, кеме. – Бұлардың ортақ атауын табыңдар. – Жолаушылар көлігі. – Жолаушылар көлігі не үшін қажет? – Жолаушылар көлігі адамдарды бір жерден екінші жерге жеткізеді. – Алыс жерлерге қандай көлікпен жетеміз? – Алыс жерлерге ұшақ, кеме, автобус, пойызбен жетеміз. – Ал қоғамдық көлікке не жатады? – Қоғамдық көлікке автобус, троллейбус, трамвай жатады. – Қоғамдық көлікте тәртіп ережелері болатынын білесіңдер ме? Қандай тәртіп ережелерін білесіңдер? Өздері білетін ережелерді айтады. Тәрбиешінің жетекші сұрақтары бойынша жауап береді. *«Автобуста» ойыны.* Бір бала «қарт әженің» рөлін ойнайды. Қалғандары «автобуста» келе жатқан «жолаушылар» болады. «Қарт әже» автобусқа кіргенде балалардың біреуі орын береді.	Тәрбиеші буынды айтып, бір балаға допты лақтырады, бала допты ұстап алып, бір немесе бірнеше буынды қосып, сөзді жалғастырады. Кім дұрыс айта алмаса немесе тез буынды айтпаса, айыбын өтейді. Мысалы:(ас+паз, кі+тап, ба+лық, ба+ла). *Дидактикалық ойын: «Бір буыннан басталатын бірнеше сөз».* Тәрбиеші балаларды екі топқа бөледі. Тәрбиеші бір буынды айтады, балалар жалғастырып, келесі буынды табады. Бір буыннан бірнеше сөз құрауға жарысады. Сөз айтқан балаларға жұлдызшы беріліп отырады. Мысалы: (те-) те -(геш) , те -(рек), те -(мір), те -(сік), те -(тік), көр -(пе), (ор-) ор -(та), ор -(ман), ор -(ақ), (өр-) өр -(мек), өр -(кеш), өр, -(ле), өр -(мек-ші), өр(т), (да-) да(мыл-да), да(был), да(қыл) , да(уыс), Да (риға), Да (рия). *Дидактикалық ойын: «Эстафет».*	саны тең болған жағдайда оларды салыстыруды ұйымдастырады. – Алмаларды санаңдар. Олар неше? (5). – Алмұрттарды санаңдар. (5). Қайсысы көбірек? Қайсысы азырақ? Олар тең. Олардың санының тең (бірдей) екенін белгілеу үшін біз білетін қандай таңба бар? Дұрыс, ол «=» таңбасы. Жазбаны оқыңдар: 5=5. Теңестіру үшін бір жағынан артығын алып тастау керек немесе жетіспейтін ойыншықтарды қою қажет деген қорытындыға келеді. Балалар ойыншықтарға саусақ тигізіп санайды. Цифр жазылған карточкаларды алады. Осы карточкаларды ойыншықтардың астына қояды. Ойыншықтардың тең санын салыстырып, теңдік құрастырады. 5=5. Оны оқиды. Тапсырманы орындайды. Дәптермен жұмыс Сергіту сәті: Аппақ болып таң атты Түтін тікке ұшады Қарлығаштар қанатын Биік самғап ұшады. 1,2,3 ал қанекей ұш	байланысты еңбегі де соғұрлым жоғары бағаланады және төленеді». *Әңгіме оқып беру.* В. Сухомлинский. «Менің шешемнен нан иісі шығады». Бірде балабақшаға бес жасар екі баланы аналары алып келеді. Балалар бір-бірімен танысып, сөйлесе кетті. – Сенің анаң қайда жұмыс істейді? – Ал сен қалай байқамадың? Одан дәрі иісі шығады ғой. Менің анам – дәрігер. Ауырған адамдарды емдейді. Дәрігерсіз адамдар өмір сүре алмайды ғой. Ал сенің анаң қандай жұмыс істейді? – Сен де байқамадың ба? Одан нан иісі шығып тұр ғой. Менің анам – наубайшы. Нансыз ешкім де өмір сүре алмайды. – Бұл әңгімеден қандай қорытынды шығаруға болады? – Барлық мамандық қажет, барлық мамандық маңызды. *Сергіту сәті:* Таңғажайып сәттер бар, Күн шығады, таң атар. Кіп-кішкентай балалар Алыптарға айналар.

	еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу. 2-ойын: «Көңілді эстофета» доппен Шарты: балалар екі топқа бөлініп, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, заттардан аттап жүреді, «Үнгірден» еңбектеп өтеді, кубиктен айналып барып допты оң қолына алып, сол қолын артқа қойып кейін қарай қос аяқтап секіріп келеді. Допты келесі қатысушыға береді. Ол барарда қос аяқтап секіріп барып, допты тастап, кейін қарай кедергілерден өтеді. Қай топ ойынды тез аяқтаса сол жеңімпаз. III бөлім: тыныс алу жаттығулары Маршпен жүру.	Балалар қоғамдық көліктегі әдептілік ережелерді қайталайды. Қоғамдық көліктегі тәртіп ережелері 1. Жол жүру билетін ал. 2. Қарт адамдарға, кішкентай баласы бар адамдарға орын бер. 3. Қоғамдық көлікте қоқыс тастама, сағызды лақтырма. 4. Қатты дауыстап сөйлеме. 5. Автобусты, трамвайды, троллейбусты алдынан да, артынан да айналып өтпе. Жолды кесіп өту үшін жақын маңдағы жаяу жүргіншілер өткеліне бар. 6. Автобусқа алдыңғы есіктен кір, артқы есіктен шық. *Қосымша ақпарат* – Балалар, бұрынғы кезде атамыз қазақ, түйеге, атқа жүк артып, көшіп жүрген. Бұрын мәшине болмаған кезде адамдар осылай көшкен. Қазақ халқы көшпенді халық болған. Адамдар жазда жайлауға, қыста қыстауға көшу үшін жүктерін атқа, түйеге артқан. Сергіту сәті Төрт дөңгелек, дөңгелек, Келесің сен дөңгелеп. Жеткізер әр уақытта	Тәрбиеші сөйлемді айтады, оны қайталайды. Бір баланың алдына текше немесе кішкене зат қояды, ол дереу бірінші сөзді айтады. Тәрбиеші келесі балаға текше бергенде, ол екінші сөзді айтуы керек т.б. Сергіту сәті Иілейік, балақай Түзу тұрып иілеміз оңға жаққа, Дәл осылай иілеміз солға жаққа. Жаттығуды қайтала, Екі жаққа жай ғана. Иілеміз, оңға-солға тоқтамай! Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс) 4. Нүктелерді бастыр. 5. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз. Тәрбиеші графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады. Саусақ жаттығуы	4,5,6,7 мынау ауыл шеті 8,9,10 ал қане қон. Қорытынды сұрақ: «Қандай тапсырма ең қызықты, ең қиын болғанын айтып бер». Мадақтау 4.Дене шынықтыру (таза ауада) Балаларды жедергілер арасынана жүгіріп өтуге үйрету; доппен жаттығуда ептілікке баулу; секіру жаттығуларын қайталау ҰІӘ барысы: I бөлім: Түзу бағытта жәй жүру, жүру мен жүгіруді алмастырып, кедергілерден аттап жүгіру. II бөлім: «Лақтыр-қағып ал» ойыны Балалар екіге бөлініп қарама-қарсы қатарға тұрады. Ортадағы созылған жіптен қарсы тұрған балаларға лақтырады. Қарсы тұрған бала қағып алып солай қайталау керек. Картотека№8«Аңшылар» Ойын шартты:Ойыншылар екі топқа бөлінеді. ортаға үлкен шеңбер сызылады. Ойыншылардың бір тобы үйректер-шеңбердің ішінде қалады. Екінші тобы-аңшылар-шеңбер	2.Сауат ашу негіздері Сөздерді буынға бөлеміз. Міндеттері: сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту. Сөздерді буынға бөлуді жалғастыру, берілген буынға сөз құрауды үйрету. Дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекітуге арналған тапсырмаларды орындату арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Дербес жұмыс істей алуға тәрбиелеу. ҰІӘ барысы Шаттық шеңбері:Алақанымызды ашайық күннің нұрынан салайық, жүрегіміздің лүпілінен салайық, көтеріңкі көңіл күйден салайық, ал енді достарымызға үрлейік. «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. 1. Дыбыстардың қандай түрлерін білесіңдер? 2. Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз? 3. Дауыссыз дыбыстарды қандай түспен белгілейміз?

		Қажет болған бағытқа. Оның аты – мәшине Кел, дос, отыр қасыма! Д/т: «Көліктердің қызметі»Сызықпен қос. Өз қиялыңдағы болашақ көлік үлгісінің суретін сал (электрмобиль, ұшақ-мәшине, ұшақ-тәрелке, аяқпен жүретін мәшине т.б.). 3.Математика негіздері Міндеттері: 10 көлеміндегі сандарды салыстыру,саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару .Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттадан тұратын топтардың санын анықтау,топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау. 1-тапсырма суреттің материалы бойыншаесептік және реттік санауды ұсынады. Сандық сәуле бойынша педагог 1-ге азайту амалын көрсетеді Балалар топқа бөлініп жұмыс жасайды. Одан кейін педагог вагондардың бір-бірден	Алақанның біреуін, Кері қарай бұрайық. Алақаны демалсын, Қол үстінен ұрайық. 3.Қоршаған ортамен таныстыру Тақырыбы: Мамандықтың бәрі жақсы Міндеттері: мамандық иелерінің жұмыстары жайлы жалпы мағлұмат беру, олардың пайдаланатын құрал-жабдықтары жайлы түсінік беру; мамандықтың бәрі жақсы деген қорытындыға келу. Мамандық түрлері, олардың атқаратын қызметі, қоғамға келтіретін пайдасы туралы білімдерін толықтыру, жетілдіру. Өз ата-анасының мамандығы туралы айта алу дағдыларын арттыру. Барлық мамандықтың қажет екендігі туралы білімдерін дамыту. Маман иелерінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Мамандық таңдауға деген алғашқы қызығушылықтарын қалыптастыру. ҰІӘ барысы:	бойымен қатарға тұрады. Ойын жүргізушінің белгісі бойынша аңшылар үйректі қолдарындағы доптармен атып ала бастайды. Ойын уақытпен ойналады. Берілген уақыт өткеннен кейін аңшылар мен үйректер орындарын ауыстырады. Ойынның соңында белгіленген уақыт аралығында көп үйрек атып алған аңшылар тобы ұтқан болып есептеледі. III бөлім: тыныс алу жаттығулары Маршпен жүру.	4. Сөздер неден құралады? Дыбыстармен жаттығулар. «Кім білгіш?» дидакикалық ойыны Тәрбиеші дыбыстарды айтады, балалар дөңгелектерді көтеру арқылы дауысты немесе дауыссыз дыбыс екенін ажыратады. - Дауысты дыбыстарға қызыл текшені; - дауыссыз дыбыстарға көк текшені көтеру арқылы ажыратады. *«Жұп құр» ойын-жаттығуы* Тәрбиеші тақтаға шеңбер бойымен бір дыбыстан басталатын екі суреттен тақтаға іліп шығады, балаларға екі бірдей дыбыстан басталатын суреттерді қосуға тапсырма беріледі. Педагог тапсырманы орындау үшін, балаларды кезекпен тақтаға шығарады. Мысалы: *алма-алмұрт, қызанақ-қызылша, етік-емізік, тақия-тарақ, от-орындық, керует-күрек, сағат-сағыз, қоян-қоңыз, итине.*

		туннельден шығып жатқанын хабарлайды Одан соң ойынның жалғасы ретінде 1-тапсырма орындалады. Осылайша балалар 10-ға дейін тура және кері санауды, 1-ді қоса есептеуді, 1-ге азайтуды білетін болады. 2-тапсырма. – Неше бала шанамен төбешіктен сырғанауға дайындалып тұр? – Төбешікте неше бала тұр? – Барлығы неше адам? Педагог жазбаларды қарап, жетіспейтін сандарды жапсыруды ұсынады. 1-ден 10-ға дейін санайды қорытынды балаларды мадақтайды. Карточкалардан тапсырмалар ұсынады: 0-ден 10-ға дейін сандарды ретімен қоюды. Әсерлерімен бөліседі. Тапсырманы орындайды, сандарды ретімен қояды. 4. Музыка Балаларға шығарманы тыңдата отырып, шығарманы аяғына дейін тыңдауға, әуен сипатын анықтай білуге баулу. Шулы аспаптарда еркін ойнап, игеруге үйрету.	Тәрбиеші балалармен бірге шеңбер бойына тұрады. *«Не бұрын?» ойыны.* Тәрбиеші балаларға доп лақтырады. Допты қағып алған бала сұраққа тез жауап беруі керек. *Не бұрын? Балалардың жауабы:* балапан ... ... жұмыртқа жылқы ... ... құлын сиыр... ... бұзау нан ... ... ұн көйлек ... ... мата велосипед ... ... темір жапырақ... ... бүршік балық … ... уылдырық Жұмбақтар жасыру. Балалар жауабын тауып, барлық жауаптардың ортақ атауын табады. Ауырған адамның қасында Емделудің жөнін айтар. Жазылған адамдар расында Риза болып, рақмет айтар. (Дәрігер) Тәп-тәтті тамағы Астың маманы. (Аспаз) Қолдағы жұмыс жарағы: Қайшы менен тарағы. (Шаштараз) Ертемен ерте тұрады Қолына рульді алады. Олай-былай айналдырар,		*«Буынды айтып сөз құра» дидакикалық ойыны* Ойын шарты: тәрбиеші айтқан буынға балалар сөз құрап айтады. Мысалы*: На... , та... , қа..., жа..., ал..., мон..., ке..., те..., шал...,қар..., қа..., пи.., бә... т.б.* Дәптермен жұмыс 1. Суретте бейнеленген заттарды ата. Сөзде қанша дыбыс болса, сонша дөңгелек сал. 2. Сөздерді буынға бөл. Бір буынды сөзді бір терезелі, екі буынды сөзді екі терезелі, үш буынды сөзді үш терезелі үймен сәйкестендір. Педагог суреттерді буынның санына қарай өз үйшіктеріне қосуға тапсырма береді, неше буыннан тұрса, сонша терезелі үйге қосу қажет. Сергіту сәті Қиынсынып қашпаймыз, Шынығамыз жастай біз. Көңілді әуен сазымен Жаттығуды бастаймыз. Иілеміз оңға бір, Иілеміз солға бір, Қолды жоғары көтеріп, Қолды төмен түсіріп, Терең тыныс алайық.

		Әуенді ойын әрекеттеріне талпындыру, көтеріңкі көңіл күй сыйлау. Тыңдау: «Балалық шақ әлемі» (М. Күзембаев, Г.Жотаева) Ән айту:«Балдырғандар әні» (муз. және сөзі Г. Жотаева) Аспапта ойнау: «Шулы аспаптар» Ойын: « Қалпақпен ойын» Оразбаева Н.М Шарты: Шеңберге тұрып, қалпақты бір- біріне береді. Қалпақты басына киіп досымен билейді. Осылай бірнеше рет қайталанады. **Күтілетін нәтиже:** Балаларға арналған музыкалық аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгерген. музыкалық аспаптарда қарапайым әуендерді ойнайды;	Жолға қарап отырар. (Жүргізуші) Тәрбиеші:–Балалар тақтада қандай мамандық иелері бейнеленген? – Суретші, дәрігер, мұғалім, шахтер бейнеленген. Балалар мамандық иелерін атайды. Балалардың бұл сөздерге «мамандық» деген ортақ атау беруге болатынын айта алуға жетелеу керек. – Қалай ойлайсыңдар, кім қайда жұмыс істейді? – Суретші шеберханада сурет салады. Дәрігер ауруханада адамдарды емдейді. Мұғалім мектепте балаларға білім береді. Шахтер шахтада көмір өндіреді. – Ал сендердің ата-аналарың қайда жұмыс істейді? Балалар ата-аналарының қайда жұмыс істейтінін, қандай мамандық иелері екенін айтады. – Балалар, мен тағы бір мамандық иесін атағым келіп тұр. Ол мұғалім де болады, пойызды да жүргізеді, ұшқыш та бола алады, кішкентай баланы да ойната алады, бірақ үнемі экранда		Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс) Үзік сызықтарды бастыр. Тәрбиеші графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады. Саусақ жаттығуы Алақанның біреуін Кері қарай бұрайық. Алақаны демалсын, Қол үстінен ұрайық. Қорытынды. Мадақтау 3.Музыка Балаларға шығарманы тыңдата отырып, шығарманы аяғына дейін тыңдауға, әуен сипатын анықтай білуге баулу. Шулы аспаптарда еркін ойнап, игеруге үйрету. Әуенді ойын әрекеттеріне талпындыру, көтеріңкі көңіл күй сыйлау. Тыңдау: «Балалық шақ әлемі» (М. Күзембаев, Г.Жотаева) Ән айту:«Балдырғандар

			жүреді. Оның кім екенін білесіңдер ме? – Ол – актер. – Енді барлықтарың актер боласыңдар. Кім мамандық иелерін қимылмен, ыммен көрсетеді? Балалар оларды қимылмен бейнелейді. Мысалы, суретші суретті қалай салатынын қимылмен көрсетеді. «Қандай мамандық иесі?» ойыны. Балалар бұл сөздерді қандай мамандық иесі айтуы мүмкін екенін анықтайды. – Сіздің кекіліңізді қысқа қию керек пе?... (шаштараз) – Балалар, кітаптың бетін ашыңдар ... (мұғалім) – Рульді оңға бұрайын... (жүргізуші) – Сурет салуға қылқаламдар дайындадым...(суретші) – Сізге емделу үшін дәрілер жазып берейін... (дәрігер) – Қанша килограмм кәмпит өлшейін?...(сатушы) – Сізге қандай көйлек тігу керек?.. (тігінші) – Балалар, сендер үлкен болып өскенде әрқайсысың бір		әні» (муз. және сөзі Г. Жотаева) Аспапта ойнау: «Шулы аспаптар» Ойын: «Қалпақпен ойын» **ОразбаеваН.М** **Шарты:** Шеңберге тұрып, қалпақты бір-біріне береді. Қалпақты басына киіп досымен билейді. Осылай бірнеше рет қайталанады. **Күтілетін нәтиже:** Балаларға арналған музыкалық аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгерген. музыкалық аспаптарда қарапайым әуендерді ойнайды; 4.Дене шынықтыру «Кім шапшаң?» Міндеттері: Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру дағдыларын бекіту. Жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша»

			мамандықты таңдайсыңдар. Сендер өздеріңнің болашақтарыңды қалай қиялдайсыңдар? Сенің қиялыңдағы болашақ мамандық қандай болуы мүмкін? Балалар өздерінің кім болғысы келетіндігі туралы әңгімелеп, қиялындағы әлемде ол таңдаған мамандықтың қалай өзгеретіндігі туралы ойларын ортаға салады. Тәрбиеші мамандық туралы анықтама береді: «Мамандық – бұл іс, адам сол іспен айналысады, сол үшін ақша алады. Мамандықты игеру үшін қандай да бір білім алу керек. Адам мектеп бітіргеннен кейін колледж, институт, академия, университет сияқты арнайы оқу орындарына түсіп, білім алады. Көп білімі мен тәжірибесі бар адам – бағалы маман, өзінің мамандығына байланысты еңбегі де соғұрлым жоғары бағаланады және төленеді». *Әңгіме оқып беру.* В. Сухомлинский. «Менің шешемнен нан иісі шығады».		төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеуге үйрету; Допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу; допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату, допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алуға үйрету; ҰІӘ барысы: I бөлім: Түзу бағытта жәй жүру, жүру мен жүгіруді алмастырып, адымдап жүру; қолдарын мойынға қойып аяқ ұшымен жүру, жәй жүру; сапқа бөліну. II бөлім: ЖДЖ құралсыз Негізгі жаттығулар: 1-ойын: «Кім жылдам?» Шарты: әр түрлі кедергілер арасынан еңбектеу 2-ойын: «Айдаһар» ойыны доппен Шарты: балалар екеуден бөлініп, бір –біріне арқаларын беріп тұрады. Тәрбиеші әрқайссының арқаларына доп қыстырады. Мәре сызығына кім допты құлатпай келеді, солар жеңімпаз атанады.

			Бірде балабақшаға бес жасар екі баланы аналары алып келеді. Балалар бір-бірімен танысып, сөйлесе кетті. – Сенің анаң қайда жұмыс істейді? – Ал сен қалай байқамадың? Одан дәрі иісі шығады ғой. Менің анам – дәрігер. Ауырған адамдарды емдейді. Дәрігерсіз адамдар өмір сүре алмайды ғой. Ал сенің анаң қандай жұмыс істейді? – Сен де байқамадың ба? Одан нан иісі шығып тұр ғой. Менің анам – наубайшы. Нансыз ешкім де өмір сүре алмайды. – Бұл әңгімеден қандай қорытынды шығаруға болады? – Барлық мамандық қажет, барлық мамандық маңызды. *Сергіту сәті:* Таңғажайып сәттер бар, Күн шығады, таң атар. Кіп-кішкентай балалар Алыптарға айналар. 4. Құрастыру. Тақырыбы:Кірпі. Табиғи және қалдық материалдардың түрлерімен бейнелер жасауды үйренеді.		III бөлім: тыныс алу жаттығулары Маршпен жүру.

			ҰІӘ барысы: Миға шабул «Кім жылдам?» Шарты: Жұмбақтың шешеуін тез табады. Үсті толы ине Бірақта, іс тігіп, қадамайды түйме Ол не деп ойлайсыңдар? –кірпі Сыни ойлау, бала үні. Ой қозғау. Сұрақтар қою.		
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру				
Серуен	№7	№4	№15	№3	№10
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, өз шкафтарын тауып көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру.				
Түскі ас	Балаларды үстел үстінде тамақтану әдептерін сақтауға баулу. Тыйым сөздер түсіндіру. «Таңғы асын тастама» «Нанды бір қолмен үзбе» «Нанды жерге тастама» «Ас –адамның арқауы» «Тамақ ішкенде сөйлеме»				
Ұйқыға дайындық, ұйқы.	«Бесік жыры»				
Ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары	Массаж кілемешемен жүрейік. Жуынып ауыз шайайық, ас ішейік.	Ырғақты қимыл жассау. Ауыз шаю.	Ауа ваннасы. Массаж кілемшемен жүру	Құлаққа нүктелі массаж	Денені қозғап ұйқы ашамыз.
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару, алдарына берілген тамақтарын тауысып жеп болған соң тұруға дағдыландыру				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды,үстел үсті ойындары,бейнелеу іс әрекеті,кітаптарды қарау және басқалары)	Үстел үсті ойыны: Лего құрастыру; шашка ойнау Қалаулары бойынша кітап бұрышынан ертегі тыңдау	Аз қимылды ойын: **«Қояндар»** Міндеті: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін	вариативтік бағдарлама «Оригами әлемі» «Ала тауық» Міндеті: Балалардың үй құстары және олардың балапандары туралы білімдерін бекіту. Кішкентай бұрыштар иіліп, «Батпырауық»	Балалардың қалауынша ертегі, әңгімелер оқу; мобильді ертегі тыңдау Үстел үсті ойыны «Танграм» әдісімен бейнелер құрастыру	Баяу табиғат әуенін тыңдай отырып, көз алдарына елестету арқылы табиғатты бейнелеу. Міндеті: табиғат туралы түсініктерін қалыптастыру, ойлау қабілеттерін арттыру,

		көтеру.Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу. *Ойынның шарты:* Барлық балалар қояндар болып ,шеңбер жасап тұрады. Өздерінің әндерін айтып, қояндарша секіріп, билеп жүреді. Ақ қоян-ау, ақ қоян Орныңнан тұршы, Шашыңды тарашы. Бетіңді жушы Әйбат көйлек кисеңші Біреудің қолын үзсеңші Осы кезде бір сыбдыр естіліп, қояндар қашып тығыла бастайды. Тыныштық болғанда ойнап, секіреді.	негізгі пішін көмегімен тауықты жасауға  үйрету. Өз күшіне сенуге, тапқырлыққа тәрбиелеу.		бейнелеу дағдыларын қалыптастыру
Балалармен жеке жұмыс	Азамат 10-ға дейін тура және кері қарай санауды бекіту. Қағаз бетін бағдарлай білуге үйрету	Азамат шынықтыру шараларының маңыздылығы мен қажеттілігін түсіндіру; таңертеңгі гимнастиканы орындауға қызығушылық арттыру	Азамат өз күші мен мүмкіндіктеріне сенуге үйрету. Арнайы көлік құралдарының қолданылуын үйрету.	Азамат 10-ға дейін тура және кері қарай санауды бекіту. Қағаз бетін бағдарлай білуге үйрету	Азамат шынықтыру шараларының маңыздылығы мен қажеттілігін түсіндіру; таңертеңгі гимнастиканы орындауға қызығушылық арттыру
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу.				
II Серуен	№3	№15	№4	№7	№10
Серуеннен оралу	Серуеннен оралу. Киімдерін шкафқа жинауға, ұқыпты қоюға баулу.				
Балалардың үйге қайтуы	**Өнегелі - 15 минут.** Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, Мобильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқу, суреттерді қарауға, табиғат дамытушы ортада құстарды, балықтарды қоректендіруге мүмкіндік беру, ата-ананы балабақша жұмысына тарту, бала мен ата-ана қарым-қатынасын арттыру.				

Ата-аналармен әңгімелесу	«Әкелер мектебі» атты жарысқа дайындық туралы сөйлесу	«Үйде балаңыздың тәртібі» әнгімеге Амирдің ата-анасын тарту.	Балаларды демалыс күндері қандай іс-шараға қатыстыруға болады	Ата-аналарға балалардың жақсы жақтарын мадақтау	«Демалыста қайда барасыз?» ойларын тыңдау.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Әділдік және жауапкершілік айы

«Әділетте берік болсаң, аяғың таймайды»

Топ: «Балдаурен» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 25 – 29 қараша 2024 жыл

Күн тәртібі	Апта күндері				
	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	**Өнегелі-15 минут** балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру мобильді кітапханада жұмыс, ата-ананың балаға кітап оқуына мүмкіндік жасау, кітапқа деген қызығушылықты арттыру, кітапқа жанашырлық, жауапкершілік таныту. **Күй күмбірі -**балаларды қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын арттыру.				
	Балаларды қабылдау Қалай демалғандарын сұрау.Тазалықтарын тексеру. Еңбек тапсырмасы: жуылған ойыншықтарды сөреге жинау	Ойыншықтар күтімі жайлы әңгімелесу,жұмбақтар шешу Еңбек тапсырмасы:балықтардың суын тазалау, жем беру. «Қандай ойыншық жоқ» Мақсаты: Есте сақтау қабілетін дамыту	Ойын: «Ғажайып қоржын» атты ойын ойнаймыз. Ойынның шарты бойынша көздеріңді жұмып қоржыннан кез - келген ойыншықты аласыңдар. Алған ойыншықтарыңның атын, неден жасалғанын, түсін, қатты, жұмсақ екенін айтып, жақсы мейірімді тілек білдіресіңдер.	« Бізде кім жақсы» ойыны. Шарты: Балалар шеңбер бойымен жүреді, педагог балалардан «Кім жақсы» деп сұрайды. Балалар баланың атын айтып, сипаттайды	«Қуаныш сыйлау» Еңбек тапсырмасы:Гүлдерге су құю,шаңдарын сүрту. Ойын: «Күншуақ» Күлімдеген күн мейірімді, Кіршіксіз қар мейірімді. Таза мөлдір су мейірімді, Мәпелеген ата-ана мейірімді.
Ата-аналармен немесе баланың	**Қауіпсіздік ережесі** әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, балалармен бірге жол ережелері туралы мультфильмдер көруге кеңес беру, ұсыну.				

басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме:Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата –аналарға кеңес - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата –аналарға кеңес Ата –аналарға кеңес - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет,балабақша туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше балабақша туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды,үстел үсті ойындары,бейнелеу іс әрекеті,кітаптарды қарау және басқалары)	Дид ойын: «Өзім және отбасым» Мақсаты: Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы түсінеді.	Тақпақ үйрету. Бір үйде біз нешеуміз? Кел санайық екеуміз. Бас бармағым - атам, Балан үйрек - апам, Ортан терек - әкем, Шылдыр шүмек - анам, Кішкентай бөбек - мен. Біз үйде нешеуміз? Біз үйде – бесеуміз	Дид ойын: «Бұны қай кезде киеді?» Мақсаты: әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін сурет арқылы топтастыра алады.	«Жаңғақтармен ойын » Ойын мақсаты: балалардың әрқайсысына жаңғақтар таратылады. Жаңғақты алақанның арасына салып, айналдыру. Бұл ойында балалардың қолдары жаттықтырып, сөйлеу тілі мен ойлау қабілеттері дамиды.	Дидактикалық ойын:«Ұяшыққа орналастыр» Мақсаты: екі түрлі пішінді заттың әрқайсысын өз ұяшығына орналастыруға үйренеді.
Таңертеңгі жаттығу.	Таңғы жаттығу №4 картотека Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету Салауатты өмір салтын сақтаймыз, Жаттығудан ешқашан да қашпаймыз				

Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырыл іс - әрекетке дайындық	Шаттанамын, күлемін, Бақытты боп жүремін. Қатар тұрар шеңберде Досым көбін білемін	Жаңалықтарымен бөлісу.	Ерте тұрып күнде мен Тереземді ашамын. Сәлем деймін күнге мен Шаттық әнге саламын.	Шаттанамын, күлемін, Бақытты боп жүремін. Қатар тұрар шеңберде Досым көбін білемін	«Менің сүйікті ойыншығым» тақырыбында әңгімелесу.!
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырыл-ған іс-әрекет	1.Дене шынықтыру Міндеті: Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу. (нұсқауларды орындау) Негізгі бөлім: Жалпы дамыту жаттығулар: «Күн- түн» 1. Аяқтар алшақ қойылған, қолдар бүйірде. 1- көзімізді жұмамыз. 2- мойынды оңға бұрып, көзімізді ашамыз, 3- алдыға қарап көзімізді жұмамыз, 4- мойынды солға бұрып көзімізді ашамыз. «Иілгіштер»	1.Көркем әдебиет «Ертегі еліне саяхат» Міндеттері:Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу,онда рөлді,сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру,белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға түрлендіруге мүмкіндік беру. Тапсырма: Балалар алдарында берілген ертегі кейіпкерлерін таңдап алады. Үштік әдісі арқылы өздері таңдаған кейіпкерді сипаттап айтып береді. Сол ертегі кейіпкерлері бойынша топқа бөлінеді. Командамен жұмыс: Өздері таңдаған кейіпкерлерін сомдап ертегіні сахналап береді. Қорытынды:от шашу	1.Сөйлеуді дамыту «Ғажайып дыбыстар» Міндеттері:Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б- п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Мақсаты:Дауыссыз ж-ш, дыбыстарды есту бойынша ажырату арқылы сөздерді дыбысталуы бойынша салыстыра біледі. Ойын: «Дыбыс қайдан шығады?» Шарты:Аудио жазба арқылы ж,ш дыбыстарын ажырата отырып,сөздерді дыбысталуы бойынша салыстыра біледі. Ойын: «Ғажайып дыбыстар» Шарты:Дыбыстарды естуі бойынша ажыратады және салыстыра біледі	1.Дене шынықтыру (таза ауада) «Қашықтыққа секіру» Мақсаты:Үлкен резеңке допқа отырып, қашықтыққа алға секіре алады. 2.3м арақашықтықтан тігінен қойылған нысанаға оң және сол қолмен доп лақтыра біледі. ҰІӘ өтілу барысы: 1.Балалармен амандасу. «Пойыз» ойыны. Балаларға үлкен себеттегі доптарды көрсетеді. Доптарды балалардың өздеріне алғызып, бірінің соңынан бірін жүргізіп, шеңберге тұрғызады. 2. Жалпы даму жаттығулары: Жалаумен. 1.Б.қ. н.т. жалау төменде, 1- жалау алда ; 2- жалау жоғарыда; 3- жалау жан – жақта; 4- б.қ. келеді. (6рет) 2.Б.қ.н.т. жалау төменде; 1- оң аяқпен алға бір қадам жасау, жалау жан –	1.Дене шынықтыру «Негізгі қимылдар» Мақсаты: Аяқ алшақ қол белде, иықты жоғары-төмен түсіре алады.Гимнастикалық қабырғаға өрмелей алады. ҰІӘ өтілу барысы. Балалармен амандасады Шеңбермен жүреді,жүгіреді. 4 қатар сапқа тұрады. Жалпы даму жаттығулары: 1.Аяқ алшақ қол белде, басты оңға, солға бұру толық айналдырады. 2. Аяқ алшақ , қол белде, иықты жоғары-төмен түсіреді. 3. Аяқ бірге, қолды жоғары ұсау,оң аяқты артқа

	2. Аяқтар алшақ қойылған, қолдар жанда, 1-2 - оң аяқтың тізесін сәл бүгіп оңға қарай иілеміз, 3-4 – сол аяқтың тізесін сәл бүгіп солға иілу. «Балапан қанатын қақты» 3. Аяқтарды біріктіреміз, қолдарын кеуде тұсына ұстап, 1-3 алақанды жұмып-ашу, 4-6- шынтақты жоғары-төмен көтеру, «Айнаны сүрту» 4. Аяқтарды біріктіреміз, қолдарын кеуде тұсына ұстап, 1-4 алақанды ашып отырып-тұрып айнаны сүрту қимылын көрсетеміз. 5-6 қолды жоғары созып шапалақтаймыз. «Көбелек ұстау» 5. Аяқтарын алшақ, қолды жанға созу. Секіріп аяқты біріктіру. Қолды жоғары созып, шапалақтау. «Серіппе» 6. Аяқтарын біріктіру. Қолдары белде. 1- тізені бүгіп отыру, 2- б.қ. Тыныс алу жаттығулары: араның дыбысын салу, мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару.	2.Қоршаған ортамен таныстыру «Өсімдіктер әлемі» Міндеттері: Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдісерін білу; оларды суару,түбін қопсыту,жапырақтың шаңын сүрту. балалардың өсімдіктерге күтім жасау, оларды өсіру тәсілдері туралы түсінігін кеңейту. Танымдық-ізденімпаздық қызметке деген қызығушылығын дамыту. Өзімен қатар құрбыларымен достық қарым-қатынаста болуға, бірлесіп атқарған жұмысты оң қабылдауға тәрбиелеу Тәжірибе жұмысы. Педагог балаларға сары, көк және жасыл түсті жапсырмаларды бөліп береді. Тәрбиеленушілер өсімдіктерге қалай күтім жасау қажеттігі туралы пікір білдіреді. Өсімдіктің атауын анықтап, оны күту	Рефлексия: Өлең айту арқылы қорытынды жасау. 2.Сауат ашу негіздері «Сөйлем қалашығы» Міндеттері:Сөйлем сөздерден тұратынын біледі.Берілген сөздерден жай сөйлем құрастыру. Мақсаты:Сөйлем құрау арқылы, сөздердің ретін көрсете отырып жіктей біледі. ҰІӘ өтілу барысы: ойын:«Сиқырлы экран» Шарты:Слайд арқылы сөздерді жіктей отырып сөйлемді қалай құрастыру керек екенін түсіндіру. Ойын: «Кім шапшаң сөйлем құрайды?» Шарты:Аталған сөзді қатыстырып сөйлем құрастырады. Рефлексия «Ашық-жабақ сұрақтар» әдісі арқылы қорытындылау. 3.Қоршаған ортамен таныстыру «Жыл құстары» Міндеттері: Жыл құстары мен қыстайтын құстар туралы білімдерін бекіту, оларды ажырата және атын атай біледі.	жақта; 2- б.қ. келу.Сол аяқпен қайталайды.(6-7 рет) 3. Б.қ. еденде отыру, жалау кеуде алдында; 1-алға енкейіп ,жалауды оң, сол аяққа жеткізеді; 2-б.қ. келу. (6-8 рет) 4. Б.қ. тізерлеп тұрады, жалау кеуде алдында, оңға, солға бұрылады, жалауды жан –жаққа созады; 2- б.қ. келеді. (8рет) 5. Б.қ. н.т. жалау төменде; 1-2- отырып, жалауды алға созу; 3-4- б.қ. келеді. (6-7рет) 6. Б.қ.н.т. жалау төменде; 1- секіріп , аяқты алшақ ұстайды, жалауды жан – жаққа созу; 2- б.қ. келу.(1-8 реттен 3рет қайталайды) Тыныс алу жаттығулары: шәйнектік дыбысын салады. Терең тыныс алып, демді шығарады. Бастапқы қалыпқа келеді. Тікелей бақылау, өнім арқылы саралайды, блум таксономиясы. Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары: 1. Үлкен резеңке допқа отырып, қашықтыққа алға секіреді. 2. Текшелер, кеглилерден аттап жүреді. Тікелей бақылау, сыни ойлау, бала үні	жібереді. Б.қ келеді 4.Аяқ бірге, тізерлеп отырады, қол белде, артқа шалқайтады бастапқы қалыпқа келеді. 5.Отыру аяқ бірге, қолды жерге тіреу,кеудені көтереді.6.Аяқты біріктірп отыру, кезек қарау көзілдірік жасайды. 7.Кеудемен жату, қол мен аяқты көтереді. Құс қимылын жасайды. 8.Тыныс алу жаттығуын жасайды. Негізгі қимыл қозғалыс жаттығуы . 1.Гимнастикалық қабырғаға өрмелейді. 2. Допты еденге ұрып, ұстап алады 4 к моделі, бала үні Мазмұн арқылы саралайды Блум таксономиясы Қимылды ойын. «Кім бірінші?» Ойын шартымен таныстырады.

	Негізгі қимыл-жаттығулары: 1. қос аяқпен секіру. 2. Отырған және тізерлеп тұрған күйі допты өз айналасында домалату қимылды ойын: «Қояндар мен қасқыр» Мақсаты: Балаларды алғырлыққа, қырағылыққа, татулыққа тәрбиелеу. Ептілік қасиеттерін арттыру.. Қортынды Балаларды мадақтау. 2.Сөйлеуді дамыту Міндеті: «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалға» ойыны арқылы логикалық ойлауларын дамыту Мақсаты: Берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын жетілдіру. «Сөзді буынға бөл» дидактикалық ойыны Педагог қандай да бір сөзді айтады, балалар қолдарын шапалақтап, сөзді буынға бөледі. Осы сөзде неше буын бар екенін айтады. Кітап, қалам, дәптер, қарындаш, өшіргіш, бес, мектеп.	жолдары жайлы әңгімелейді: түстерге бөлініп алдарындағы гүлдерге күтім жасайды. Қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындайды. Ұмытпай күнде, су құям гүлге. Тұрады гүлім, құлпыртып түрін. Жақсылықты қолдаймыз, Табиғатты қорғаймыз. Гүл егеміз бақтарға Айналасын қоршаймыз Балалармен жеке-жеке жұмыс істейді. Дала гүлдеріне өсіп, жетілу үшін қажет заттар бейнеленген суреттерді қоршап сыз. Содан соң балаларды ынталандырады. Өз жұмысын бағалап, сөйлемдерді аяқтауды ұсынады. 3.Математика негіздері Міндеттері: Заттардың ұзындығын,биіктігін,ені мен жуандығын анықтай білу,заттардың шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру.Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін	Ойын: «Жыл құстары мен қыстап қалатын құстардың айырмашылығы» Шарты:Өз өлкеңде тіршілік ететін жыл құстары мен қыстап қалатын құстардың айырмашылығын, ерекшелігін айтқызу. Ойын: «Ұшты -ұшты» Шарты:Шапшандық,жылдамдық таныта біледі. Еркін ойын: құстарды ермексаздан мүсіндеу. Мүсіндеу Тақырыбы: «Күзгі ағаш» балалар мүсіндеудің таныс әдістерін қолданады және заттардың өлшемдік қатынастарын бере біледі. Ұйымдастыру кезеңі: Күзгі ағаштардың жапырақтарын ажырат» Шарты: Ойын ойнау арқылы балалар ағаш жапырақтарын ажыратады. ойын: «Жасай білейік» Шарты: Жапырақтың жасалу жолын түсіндіріп, мүсіндеуге үйрету.	Қимылды ойын: «Кім шапшаң» Ойын шартымен таныстырады Қорытынды. Балаларды мадақтайды 2.Көркем әдебиет. Міндеті: Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту Мақсаты өлеңді жаттату арқылы мәнерлеп оқуға дағдыландыру Ермек Өтетілеуұлының «Әдептілік әлемі» өлеңімен танысамыз. Әдептілік әлемі Қарсы ал ерте күн көзін, Төсегіңді жина өзің. Асықпай іш тамақты, Жина аяқ-табақты. Пышақты ұста оң қолмен, Шанышқыны сол қолмен, Нанды үгітпе, қадірле, Қабығымен бәрін же. 3.Қазақ тілі Міндеті: Ауызекі сөйлеуді қарым қатынас құралы ретінде дамыту.Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен,киім кешегін,азық түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен,мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтары ,әсем табиғат,тарихи орындары туралы	Қорытынды: Балаларды мадақтайды 2.Қазақ тілі Ауызекі сөйлеуді қарым қатынас құралы ретінде дамыту.Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен,киім кешегін,азық түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен,мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтары ,әсем табиғат,тарихи орындары туралы суреттер,альбомдармен жабдықталған орта құру. Ойын:«Орнын тап» Табиғатқа қатысы заттарды табиғат бұрышына,егіншілікке қатысты заттарды,мал өсіруге керекті құралдардың орнын табу. Ойын: «иә,жоқ» Бір бала басына тұрған маскадағы суреттерді сипаттайды,басқа

	3.Сауат ашу негіздері: Міндеті: Сөздерді буынға бөлуді жалғастыру, берілген буынға сөз құрауды үйрету Мақсаты сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту «Буынды айтып сөз құра» дидакикалық ойыны Ойын шарты: педагог айтқан буынға балалар сөз құрап айтады. Мысалы: На... , та... , шал...,қар..., қа..., пи.., бә... т.б. Ойын: кім шапшаң Шарты; жерде дыбыстар жазылған қағаздар жатады екі бала екі жағына тұрып тәрбиеші нұсқауымен аяқпен бірінші болып айтылған дыбыстыы табу керек. 4.Математика негіздері. Міндеті: апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту Мақсаты : апта күндері туралы білімдерін қалыптастыру Педагог аттары апта күндеріне сәйкес келетін ағайындылармен ойын ойнауға шақырады: дүйсенбі ... жексенбі.	математикалық терминдерді қолдану. ҰІӘ өтілу барысы: Математикалық жарыс ұйымдастыруды ұсынады. Топ құрады. Жарысқа деген қызығушылықтарын көрсетеді. Топтарға бөлінеді. 1 тапсырма. Топтар бойынша хормен тура және кері санайды. Бір санды аттап санайды 2 тапсырма. – Тақтадағы фишкаларға қараңдар. – Олардың ұқсастығы қандай? – Айырмашылығы қандай? – Соңғы фишканы толықтыр. 3 тапсырма. – Неше пішін? Бұлар қандай пішіндер? Оларды атаңдар. 4 тапсырма. – Ұзындығы бойынша салыстырыңдар. 5тапсырма. Түсі, пішіні, өлшемі бойынша қораптарға салу, яғни түймелерді салу керек – қорапқа қарай сызық жүргізу Қорытынды: Смайликтер арқылы мадақтау 4.Музыка	ойын: «Түрлі түсті жапырақтар» Шарты: көрме ұйымдастыру. Балалармен бірге жұмыстарды бағалап, кімнің жұмысы сәтті шыққанын анықтау, Кері байланыс ұсыну Мерседес әдісі бойынша жұлдызшалармен бағалау. **№ 3 қауіпсіздік сабағы**	суреттер,альбомдармен жабдықталған орта құру. Ойын:«Орнын тап» Табиғатқа қатысы заттарды табиғат бұрышына,егіншілікке қатысты заттарды,мал өсіруге керекті құралдардың орнын табу. Ойын: «иә,жоқ» Бір бала басына тұрған маскадағы суреттерді сипаттайды,басқа балалар не зат екенін айтпау керек тек иә жоқ деп жауап береді. Қорытынды: кері байланыс жасау 4.Математика негіздері Міндеттері: 10 көлеміндегі сандарды салыстыру,саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару .Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттадан тұратын топтардың санын анықтау,топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау. 1-тапсырма суреттің материалы бойыншаесептік және реттік санауды	балалар не зат екенін айтпау керек тек иә жоқ деп жауап береді. Қорытынды: кері байланыс жасау 3.Сауат ашу негіздері Міндеттері: балалардың заттар мен жағдайды нақты сипаттауда қарапайым тұжырымдар мен өз ойларын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу.Әңгімелесу шіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қояды және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап береді. Ойын: «Сиқырлы сандық» Мақсаты: заттарды, ойыншықтарды сипаттау мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді айту;ойлау қабілетін дамыту. Сергіту сәті: «Ыссы,салқын»

	Ағайынды апта күндері бейнеленген суреттерді қарайды. Оларды санайды (7). Атауы мен ретін хормен қайталауды сұрайды: дүйсенбі – бірінші күн, сейсенбі – екінші күн. Педагог ағайынды апта күндері әрқашан рет-ретімен келетінін айтады. Олардың реттілігін жаттап алу керек. Одан кейін күндерге реттік нөмірлер тағайындауды сұрайды және олардың астына 1-ден 7-ге дейін цифрлар жазылған карточкаларды қояды. Олардың атауларын қайталайды. Ойын жаттығуы: «Дұрыс ата» Педагог цифрды көрсетеді, балалар апта күндерін атайды	Балаларға қазақ халқының аспаптары туралы мағлұмат беру. Соқпалы,ұрмалы аспаптардың ойналу әдісімен таныстыру. Аспаптарды әуеннің ырғағына байланысты соғуға дағдыландыру. Ән тыңдау: «Бесік жыры» (И. Нүсіпбаев, С.Жиенбаев) Ән айту: «Әже тілегі» (Т.Қоңыратбай) Аспапта ойнау: «Қандай аспап?» (Б. Дәлденбай) **Ойын: «Гүл жинау»** **Шарты:** Әуенді тыңдай отырып,гүлді жинайды. **Оразбаева Н.М** **Күтілетін нәтиже:** Шығарманың жеке фрагменттерін (кіріспе, қайырмасы, соңы) ажырата алады;қазақ халқының күйші, композиторларын біледі;		ұсынады. Сандық сәуле бойынша педагог 1-ге азайту амалын көрсетеді Балалар топқа бөлініп жұмыс жасайды. Одан кейін педагог вагондардың бір-бірден туннельден шығып жатқанын хабарлайды Одан соң ойынның жалғасы ретінде 1-тапсырма орындалады. Осылайша балалар 10-ға дейін тура және кері санауды, 1-ді қоса есептеуді, 1-ге азайтуды білетін болады. 2-тапсырма. – Неше бала шанамен төбешіктен сырғанауға дайындалып тұр? – Төбешікте неше бала тұр? – Барлығы неше адам? Педагог жазбаларды қарап, жетіспейтін сандарды жапсыруды ұсынады. 1-ден 10-ға дейін санайды қорытынды балаларды мадақтайды. Карточкалардан тапсырмалар ұсынады: 0-ден 10-ға дейін сандарды ретімен қоюды. Әсерлерімен бөліседі. Тапсырманы орындайды, сандарды ретімен қояды.	Шарты: тәрбиеші бір баланы жасырып қояды балалар соны табу керек,жасырған жерге жақындаса тәрбиеші ыссы деп айтады,ал егер алыстап кетсе салқын деп айтады. Ойын: «Иә,жоқ» Қорытынды: Басбармақ әдісі. 4.Музыка Балаларға қазақ халқының аспаптары туралы мағлұмат беру. Соқпалы,ұрмалы аспаптардың ойналу әдісімен таныстыру.Аспаптарды әуеннің ырғағына байланысты соғуға дағдыландыру. Ән тыңдау: «Бесік жыры» (И. Нүсіпбаев, С.Жиенбаев) Ән айту: «Әже тілегі» (Т.Қоңыратбай) Аспапта ойнау: «Қандай аспап?» (Б. Дәлденбай) **Ойын: «Гүл жинау» Шарты:** Әуенді тыңдай

					отырып,гүлді жинайды. **Оразбаева Н.М Күтілетін нәтиже:** Шығарманың жеке фрагменттерін (кіріспе, қайырмасы, соңы) ажырата алады;қазақ халқының күйші, композиторларын біледі;
Серуенге дайындық	Әңгіме жүргізу. Серуенге шыққанда қауіпсіздік ережелері туралы ескерту. Киіну: Серуенге шығу, аяқ киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру				
Серуен	№ 7 Бақылау: Ауа райын Еңбек: Таза алаң Мақсаты: Тазалыққа үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. Қ\о: «Тымпи ымпи» Мақсаты: Балалар шеңбер болып тұрады ортаға бір бала шығып «Тым тырыс,тымпи тымпи» дейді.Осы сәтте басқа балалар үндеми,қозғалмай қалу керек.Ортаға шыққан бала барын салып оларды күлдіру керек.Бірінші болып күліп койған бала ән немесе тақпақ айтып береді ойын солай жалғаса береді.	№ 10 Бақылау: Желді Еңбек: «Біздің алаң» Мақсаты: Ауладағы жапырақтарды жинау.Балалардың еңбекке ынтасын арттырып,өздігінен еңбек ете білуге үйрету. Қ\о: «Итеріспек» Оцын барысы: Ойын серуен алаңында өтеді,үлкен шеңбер сызылады,ортаға екі ойыншы шығады.Егер бір аяқпен секіріп жүріп,екі баланың біреуі аяғын жерге тигізбестен қарсыласын шеңберден шығарып жіберсе сол адам жеңеді.	№ 13 Бақылау:Алғашқы қарды Мақсаты: табиғат өзгерістерін көре білуге үйрету, әдемілікті сезінеді. Еңбек: Ағаш түптерін қармен жабады. Мақсаты: қардың қорғаныштық қасиеті туралы түсініктерін бекітеді. Қ\о: «Бір, екі, үш - тез жүгір!» Мақсаты: ептіліктерін, жүгіру жылдамдықтарын дамытады. Балалардың өз бетімен ойнауы.	№ 12 Бақылау Торғайларды Мақсаты: —Қыстап қалатын құс торғай туралы білімдерін тиянақтауды жалғастыру; —Құстардың қысқы тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейтеді . Еңбек Ағаш жапырақтары мен бұтақтарды жинайды Мақсаты:бірлесе жұмыс істеуге деген қызығушылықтарын арттырады. Қ/О:«Бір, екі, үш-жүкір!» Мақсаты: тез жүкіруге жаттықтыру, ептілікке, ұжым жетістігіне ұмтылуға баулыйды.	№ 9 Бақылау: Жаяу адамдарды Мақсаты: жолда жүру ережесі туралы, жолдың жаяулар жүретін бөлігі туралы біледі Еңбек Ағаш түптерін қармен жабады. Мақсаты: қардың қорғаныштық қасиеті туралы түсініктерін бекітеді. Мақсаты: табиғатқа деген қызығушылығы артады. Қ/О: «Бағдаршам». Мақсаты:

	Балалардың өз бетімен ойнауы.	Балалардың өз бетімен ойнауы.			—бағдаршам маңызы туралы білімдерін бекіту - ептіліктерін дамытады.
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру. «Көшедегі үйлер» Мақсаты: Балаларға жалпы үйлер туралы түсінік беру.				
Түскі ас	Ас мәзірімен таныстыру. Балалардың назарын тағамға аудару, олардың адам денсаулығына пайдасын айту,тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.				
Ұйқыға дайындық, ұйқы.	Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.				
Ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары	№ 1 Ұйқымызды ашайық Қолымызды созайық Енді қане бәріміз Жаттығуды жасайық Керуетте жатып аяқ қоолды жоғары көтеру кезекпен Керуетте жатып велосипед тебу Қайшы жасау қолды созып Төсектен тұру: Арнайы жолдармен Жалаң аяқ жүреміз Табанға біз нүктелі Массаж жасау білеміз	№ 2 Керуеттегі жаттығулар Арқасымен жату,қол басында,аяқ бірге. Аяқ пен қолды жоғары көтеру Әтеш оянады Басты оңға бұру Қалыпқа келу Басты солға бұру Қалыпқа келу Сол жаққа қайталау Төсекте отырып қол белде басты оңға,солға бұру. Төсектен тұру:	№ 3 Бойымызды жазайық Қолымызды созайық Жаттығулар жасайық Ұйқымызды ашайық Б.қ. қол белде басты оңға,солға бұрамыз Б.қ. кезекпен оң қолды және сол қолды созамыз Б.қ. қолды аяқтың ұшына созамыз Бір орында жүру,ұйқы бөлмеден аяқ ұшымен шығу	№ 4 Әдемі ирек сызықпен Лақтарша біз ойнақтап Тастан тасқа секіріп Жалаң аяқ секіріп Жалаң аяқ жүреміз Табанға біз нүктелі Массаж жасау білеміз Арнайы жолдармен жүру	№ 1 Ұйқымызды ашайық Қолымызды созайық Енді қане бәріміз Жаттығуды жасайық Керуетте жатып аяқ қоолды жоғары көтеру кезекпен Керуетте жатып велосипед тебу Қайшы жасау қолды созып Төсектен тұру: Арнайы жолдармен Жалаң аяқ жүреміз Табанға біз нүктелі Массаж жасау білеміз
Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды,үстел үсті	Ойын: «Қалай жүріп, нені тапқың келеді?» (қайталау)	Психологиялық ойын: Ойын: «Атомдар мен молекулалар»	«Оригами әлемі» адаптивтік бағдарлама Күшік бетпердесі	Ойын: «Ұшатын құстар»Мақсаты: Балаларды табиғат	Артикулляциялық тіл жаттығуларыТілге

ойындары,бейнелеу іс әрекеті,кітаптарды қарау және басқалары)	Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру Қажетті заттар: ойыншықтар немесе суреттері. Ойын барысы: педагог ойыншықтарды топтың әр жеріне қояды: баланың оң жағына-машина, сол жағына-доп, алдына-қуыршақ, артына-зымыран қойып былай дейді: «алдыңда қуыршақ, оң жағында машина, сол жағыңда доп, артыңда зымыран, қалай жүріп, нені тапқың келеді?»	Мақсаты: Бұл ойынды өткізудегі мақсат, сіздердің ұжымдарыныздың бірлігін, ынтымақтастығын анықтау. Ал ойынның атом мен молекула деп аталуы тақырыпқа сай индиго балалардың ДҢҚ құрылымының өзі басқа балалардан өзгеше. Яғни ағзасында хромосомалар құрылымы өзгерген. Ойын шарты: «Барлық ойыншылар кең, бос бөлменің ішінде ары-бері қалай болса солай жүреді, бұл уақытта олар атомдар болып есептеледі. Біздің білетініміздей атомдар молекулаларға айнала алады. Молекулада 3, 4, 5, атомдар бола алады. Ойыншыларға команда бойынша молекулаларға айналу керек. Егер жүргізуші үш десе ойыншылар үштен бірігуі қажет. Реакция бітті деген белгі бойынша қатысушылар қайтадан атомға айналады. Осылайша ойынды бірнеше қайталауға болады».	Балаларды геометриялық пішіндер атын атай білуге жаттықтыру. Үшбұрыштың базалық пішінін бүктей білуді бекіту. Қолөнер бұйымдарын аппликациямен безендіру әдістерімен үйрету. Табандылыққа тәрбиелеу. 	құбылыстарын салыстыра білуге үйрету, және қырағылыққа тәрбиелеу, құстар сияқты ұша білу қабілеттерін бақылау, тәрбиешінің берген белгісін тиянақты тыңдай білуге үйрету. Ойынның шарты: Алаңның бір жағында құстар ұшып жүреді. Тәрбиеші құстар ұшты дегенде, қанаттарын желпіп алаңда құстар ұшады. Тәрбиеші дауыл соқты дегенде құстар ұшып барып қабырғадағы сатыларға шығып алады, ал тәрбиеші дауыл басылды дегенде сатыдан түседі де ұшуларын жалғастырады. Ойын 3-4 рет қайталанады.	арналған:Суретті тіл ұстарту Ша – ша – ша Айшаның шанасы тама (ша) Са – са – са Қасқыр соқты Мұ (са)Ол – ол – олАғашта лимон м(ол) Ра – ра – раДүкеннен нан алды Са (ра) Із – із – ізТамаққа қосты сәб(із) Жу – жу – жуЫдысты тазалап (жу) «Ат шауып келеді»«Ат шауып келеді» – ауызды кең ашып тілді таңдайға жапсыру – айыру немесе таңдай қағу. Аталған жаттығулардан тек әрдыбысқа керекті жаттығулар алынады

Балалармен жеке жұмыс	Жеке баламен жұмыс: Азамат тура және кері санауды үйрету. Математика	Жеке баламен жұмыс: Азамат түстерді ажырата білуге үйрету. Сөйлеуді дамыту	Жеке баламен жұмыс: Азамат құрастыруға деген қызығушылығын арттыру. Құрастыру	Жеке баламен жұмыс: Азамат қаламды дұрыс ұстауға үйрету. Қоршаған ортамен танысу	Жеке баламен жұмыс: Азамат суретті ұқыпты, толық бояу қажеттілігін айтып түсіндіру. Сурет салу
Серуенге дайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.				
II Серуен	№ 7	№ 10	№ 13	№ 12	№ 9
Серуеннен оралу	Серуеннен оралу. Киімдерін шкафқа жинауға, ұқыпты қоюға баулу.				
Балалардың үйге қайтуы Ата-аналармен әңгімелесу	**Өнегелі - 15 минут.** Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, Мобильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқу, суреттерді қарауға, табиғат дамытушы ортада құстарды, балықтарды қоректендіруге мүмкіндік беру, ата-ананы балабақша жұмысына тарту, бала мен ата-ана қарым-қатынасын арттыру.				
	Ана – аналармен әңгімелесу. Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту.	Балалардың ауа-райына сәйкес киіндіру туралы, балалардың тазалықтары жайлы әңгімелеу.	Төлем ақыларын уақытымен төлеуін айту	Балалардың сұранып үйге қайтуы	Балаланы балалабақшаға уақытында әкеулерін ескерту.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Бірлік пен ынтымақ айы

«Бірлігі күшті ел озады»

Топ: «Балдаурен» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 2 – 6 желтоқсан 2024 жыл

Күн тәртібі		Апта күндері			
	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	**Өнегелі-15 минут** балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру мобильді кітапханада жұмыс, ата-ананың балаға кітап оқуына мүмкіндік жасау, кітапқа деген қызығушылықты арттыру, кітапқа жанашырлық, жауапкершілік таныту. **Күй күмбірі -**балаларды қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын арттыру.				

	Қауіпсіздік ережесі әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, балалармен бірге жол ережелері туралы мультфильмдер көруге кеңес беру, ұсыну.				
	Көңілді нейро-сәлемдесу. Әңгімелесу: «Демалыс күні не істедің?» Міндеті: балаларды әңгімеге тарту арқылы байланыстыра сөйлеу дағдысын жетілдіру, өз ойын жеткізе білуге баулу. (тілдік қарым-қатынас, сөйлеуді дамыту) Ата-анаға кеңес: Ерте ұйқыға жатқызу және балабақшадан кешіктірмеу	Әңгімелесу. Балалардан қандай көңіл-күймен келгенін сұрау. Балабақшаға келе жатқанда табиғаттан қандай өзгерсітер байқаны туралы жеке-жеке сұрау (Тілдік қарым-қатынас, сөйлеуді дамыту) Ата-аналарға балаларды ауа-райына байланысты киіндіруге кеңес беру.	Әңгімелесу: «Балабақша-екінші үйіміз» Міндеті: балаларға үй мен балабақшаны салыстыруды ұсыну. Балабақша қызметкерлерің жұмысын сыйлауға, бағалауға тәрбиелеу. Басқа топтағы балаларға сыйластық танытуды үйрету. Ата-аналардан балабақша іс-шараларына балалармен бірге белсенділік танытуларын сұрау	Табиғат бұрышын бақылау. Міндеті: Жыл мезгілі туралы түсініктерін толықтыру. Ойлау және сөйлеу қабілеттерін арттыру. Табиғат бұрышындағы гүлдерді суру, шаңдарын сүрту (тілдік қарым-қатынас, сөйлеуді дамыту, еңбек іс-әрекеті) Ата-аналарға баланы жылдам ұйқысын ашу үшін кеңестер беру	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Таңғы шеңберді қызыл жүрекшені бір-біріне ұсыну арқылы жылы сөздер айтумен бастау(бүгін өте әдемісің, жақсы көңіл-күй тілеймін т.б.) (тілдік қарым-қатынас, сөйлеуді дамыту) **Ата-аналарға** үйде балаларға ойын бұрышын жасап беруді ұсыну
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары,бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалары)	Үстел үсті ойыны: Д/о: «Танграм» Міндеті: ұсақ қол моторикасымен қатар ойлау қабілеттерін дамыту.	Үстел үсті ойыны: «Пазлдар» Міндеті: ұсақ қол моторикасымен қатар ойлау қабілеттерін дамыту. ұжыммен бірлесіп ойнау дағдыларын қалыптастыру.	Үстел үсті ойындары «Домино» Кітап бұрышынан кітаптар қарау «Ертегілер әлемі»	Үстел үсті ойындары «Жол ережелерін білейік» Қауіпсіздік ережелері бұрышында Міндеті: жол белгілерін білуге, жол ережелерін сақтауға дағдыландыру (танымдық іс-әрекет). Балалардың қалаулары бойынша ертегі оқып беру	Кітап сөресінен қалаған кітаптарын қарау, достарымен талқылау Міндеті: суреттерге қарай отырып өз ойларынан әңгіме құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Кітаптарға ұқыптылықпен қарауға баулу.
Таңертеңгі жаттығу	Таңғы жаттығу №3				
Таңғы ас	Балаларды үстел үстінде тамақтану әдептерін сақтауға баулу. Бата жаттау				

	Дастарханыңа береке берсін, Бастарыңа мереке берсін, Астарыңа адалдық берсін, Бастарыңа амандық берсін, Дендеріңе саулық берсін, Әумин!				
Ұйымдастырылған іс - әрекетке дайындық	Кезекшілер тәрбиешіге оқу құралдарын таратуға көмектеседі.				
	Әңгімелесу «Табиғаттағы өзгеріс» Міндеті: балаларды табиғаттағы өзгерістерді бақылауға шақыру; өз ойларын толық сөйлеммен жеткізуге дағдыландыру	Әңгімелесу «Менің досым» Міндеті: достық туралы түсініктерін нығайту; сөзге сын есімдерді қосып айту дағдыларын қалыптастыру	Д/о:«Қай ертегі екенін тап» Міндеті: таныс ертегілерді атай алуға дағдыландыру, есте сақтау қабілеттерін дамыту.	Балалармен шеңберде тұрып «Қара жорға» биін билеу Міндеті: қазақ халқының би өнерімен таныстыруды жалғастыру; ұлттық құндылықтарды құрметтеуге шақыру	Д/о: «Жасырылған не екен?» Міндеті: балалардың зейіндерін,есте сақтау қабілеттерін дамыту. Шарты: жарты бейнесі жоқ заттар бейнеленген суреттер көрсетіледі, балалар табады
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	1.Сөйлеуді дамыту «Қысқа дайындық» М.Зверев Міндеті:; Әңгіме мазмұнын өз сөзімен жеткізе білуге, сюжеттік суреттер бойынша әңгіме құрауға үйрету; Дыбыстарды түріне қарай ажырата алу дағдыларын дамыту; Еңбекқорлыққа тәрбиелеу ҰІӘ барысы: Жұмбақ : Қалбалақтап ұшады. Қанаты талып, Жерді барып құшады. (Қар) Қолы мен қаламы жоқ, Бірақ сурет салады көп. (Аяз) Қыста шыны боп қатады, Жылыды су боп жатады. (Мұз)	1.Көркем әдебиет Тақырыбы: Мақтақыз бен мысық Міндеттері: Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Әдеби жанрдың бір түрі – ертегі туралы түсініктерін кеңейту. Ертегі мазмұнын эмоциямен бейнелі қабылдауға, баяндауда бейнелеуіш сөздерді қолдануға, ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтауға, қисынды мазмұндауға үйрету. Адал дос болуға тәрбиелеу. ҰІӘ барысы:	1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Менің отбасым» Міндеттері: Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Отбасы мүшелерінің сын есімдермен сипаттауға үйретуді жалғастыру. Отбасы мүшелерін құрметтеуге тәрбиелеу. ҰІӘ барысы: Тіл ұстарту жаттығулары: Та – та – та Ақ сақалды ата Е – е – е Ақ жаулықты әже Ке – ке – ке Асқар таудай әке	1.Көркем әдебиет. Тақырыбы: Әдептілік әлемі Міндеттері: Балалардың өлеңге деген қызығушылығын қалыптастыру. Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағыландыру. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлеп оқу, өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге үйрету. Сурет бойынша әңгіме құрауда сюжеттің бірізділігін сақтау, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Әдептілікке,	1.Қазақ тілі Тақырыбы: Менің үйім. Міндеттері:Үй туралы түсінік бере отырып, жаңа сөздерді үйрету. «Мынау не?» сұрағына жауап беруді жетілдіру. Жаңа сөздерді, 2-3 сөзден тұратын сөйлемді құрастырып айтуды үйретуді бекіту. Сөзді дыбыстау мәдениетін қалыптастыру. ҰІӘ барысы: Әдемі үйдің макетін көрсетіп, онда кімдер тұратынын білуге шақырады. Әркімнің қандай үйде тұратынын біледі. Сәлемдеседі. Орындарынан тұрып: Алақай!Алақай! Қуанады балақай! Біздің үй – үлкен үй.

	Мүлгіп тұрған бақ тыныш, Ораныпты ақ күміс. (Қырау) Тәрбиеші «Қысқа дайындық»әңгімесін балаларға оқып береді. Сұрақ жауап ойыны: – Балалар, әңгіме нелер туралы айтылған? – Әңгімеде жағымды кейіпкерлерге нелер жатады? – Жағымсыз кейіпкерлерді атаңдаршы? Сергіту сәті: Гүл өсірсең, терлеп, Мұның аты – еңбек. Кесте тіксең, зерлеп, Мұның аты – еңбек. Сабағыңды жөндеп, Әзірленсең – еңбек, Қиындықтың бәрін, Еңбек қана жеңбек. Мақал-мәтел: 1.Еңбек етсең ерінбей, Тояды қарның тіленбей. 2.Еңбек түбі – береке, Көптің түбі – мереке. 2. Бейнетсіз рақат жоқ. Д/о: «Қандай дыбыс екенін анықта». Шарты: Тәрбиеші дыбысты айтады. Ал балалар дыбыстың дауысты, дауыссыз екенін анықтап берулері қажет. Бірінші болып қол көтерген бала жауап беру	*Шаттық шеңбері* Күн, мен сені сүйемін, Күн, мен сенен өтінемін. Берші бізге, алтын Күн, Бейбітшілік, мейірімділік, Денсаулық пен жылылық! Жұмбақ жасыру: «Тонын киіп туған, Жалап бетін жуған». *(Мысық)* – Балалар, бүгін «Мақтақыз бен мысық» ертегісімен танысамыз. Ертегі оқылып болған соң, Сұрақ-жауап. Сергіту сәті: Біз балдырған баламыз, Дос құшағын елге ашқан. Тілегіміз тыныштық, Ашық болсын көк аспан. Мықты болсын іргеміз, Бәріміз де біргеміз. Д/о: «Кімнің есінде?» мнемотехника әдісі бойынша ертегінің мазмұнын жапсыру және әңгімелеу. 2.Қоршаған ортамен таныстыру	На – на – на Мейірімді ана Ға – ға – ға Қамқоршы аға Ыз – ыз – ыз Айназ жақсы қыз Ла – ла – ла Саят пысық бала Тәрбиеші отбасы бейнеленген суреттерді тақтаға іледі. Балалар бақылап отырады. Ойын-тапсырма: «Кім көп сын есім табады?» Шарты: балалар әр отбасы мшелеріне сынесімдер табады. Мысалы: ана-ардақты, мейірімді, сүйкімді, әдемі, аялы, адал, еңбекқор т.б. Өз отбасын бейнелеуге ұсыныс жасайды. Балалар өзінің салған суретімен таныстырып, отбасытуралы әңгімелеп береді. 2.Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Қыс мезгілі» «Ш дыбысымен танысу» Міндеттері: Сөз, буын туралы ұғымдарды бекіту, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтауға, сөздегі дыбыстардың ретін,	кішіпейілділікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. ҰІӘ барысы Шаттық шеңбері Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік. Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік! - Балалар, «әдептілік» деген сөзді қалай түсінесіңдер? Ермек Өтетілеуұлының «Әдептілік әлемі» өлеңі Қарсы ал ерте күн көзін, Төсегіңді жина өзің. Асықпай іш тамақты, Жина аяқ-табақты. (Балаларға өлеңнің мазмұнын түсіндіру, 3 рет қайталату) Сергіту сәті Көшелерден біз өткен, Ата көрсем, жақын кеп, Сәлем берем ізетпен. Алдан әже жолықса, Бөгелем де әдейілеп, Сәлемдесем сол тұста: «Есенсіз бе, әжей?» – деп. Сюжеттік-рольдік ойын: «Автобуста» 2.Қазақ тілі Тақырыбы: Апта күндері Міндеттері: Апта күндерінің қазақша атауын дұрыс айту, есте сақтауға үйрету. Сабақ барысы: Дыбыстық жаттығулар. Іс – іс – іс, Піседі жеміс.	Біздің терезе, анау тұрған кебеже Біздің кілем, әдемі ғой білем. Мынау — теледидар Мынау – үстел, Мынау – орындық Келіп оған отырдық Балалар отбасы тақырыбы бойынша сөздерді айтады. 2-3 бала өз үйлері туралы айтады. Тілдік жаттығу: Үй-үй — үлкен үй Ға-ға – биік қабырға Зе-зе – таза терезе Ік-ік-үлкен есік. «Үйде кім бар (жоқ)?» дидактикалық ойыны. Шарты: тірек суреттер арқылы 2-3 сөзден тұратын сөйлем құрастыру керек.Мысалы: Үйде атам жоқ. Үйде әкем бар. Балалар әдемі үйді тамашалап, жаңа сөздерді еске сақтайды. Мысалы: Мынау — үй. Үй – үлкен, биік т.б. «Кім жылдам?» ойын Шарты: балалар тәрбиеші көрсеткен үй бөлшектерін жылдам атау керек. Мадақтау 2.Сауат ашу негіздері Тақырыбы: дауысты дыбыстар туралы

	құқығына ие болып, жауап берген бала келесі балаға басқа дыбысты айтады. Ойын «Әдемі әңгіме» Шарты: тақтадағы суреттерге балалар өз беттерінше әңгіме құрайды. Қорытынды: мадақтау 2.Сауат ашу негіздері: «Дыбыстар әлеміне саяхат» «Р дыбысымен танысу» Міндеттері: үш-төрт дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйрету;жазу жолы мен кеңістікті ажыратуға дағдыландыру; ҰІӘ барысы: Шаттық шеңбері: Достар, бері келіңдер, Қолдарыңды беріңдер. Шаттық толы шеңберге Қуанышпен еніңдер. Өткен сабақты қайталап өту. «А» Алма, алмұрт егеміз Айға сапар шегеміз Алақай-ау алақай «А» дыбысын білеміз Мен «А» әріпімін «Т» Тайға мініп шабамыз Тау мен тасты табамыз. Тарақ тайлақ тауықтан	Тақырыбы: Менің Отаным – Қазақстан Міндеттері: «Отан» деген сөздің мағынасын түсіну, еліміздің өркендеуіндегі президенттің рөлі туралы білу. Өзінің Отаны туралы әңгімелеп айта алу дағдыларын арттыру, зейіндерін дамыту. Туған жерін, Отанын сүюге тәрбиелеу. ҰІӘ барысы: Үнтаспадан Е. Хасанғалиевтің орындауындағы «Атамекен» өлеңін тыңдайды. Атамекен сөзіне түсіндірме жұмысы Сұрақ-жауап: – Біздің Отанымыз қалай аталады? – Қалай ойлайсыңдар, өз Отандарыңа қалай көмектесер едіңдер? – Қазақстан Республикасының бас қаласы қай қала? Сергіту сәті Сергіту сәті: Бұл шақта, бұл шақта, (*қолдарын жан-жаққа созады, жоғары көтереді, төмен түсіреді*).	дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру. ҰІӘ барысы: Ойын: «Бұл қай кезде болады?» Шарты: балалар жұмбақтардың шешімін табады. Жұмбақ : Қалбалақтап ұшады. Қанаты талып, Жерді барып құшады. (Қар) Қолы мен қаламы жоқ, Бірақ сурет салады көп. (Аяз) Қыста шыны боп қатады, Жылыды су боп жатады. (Мұз) Мүлгіп тұрған бақ тыныш, Оранып ақ күміс. (Қырау) Ойын-тапсырма: «Буынға бөл» Шарты:балалар аққала, шырша, шана, қолғап т.б. сөздерді буынға бөледі. Ойын: «Сөздегі «Ш» дыбыстың орнын тап» Шарты: берілген «Ш» дыбысын сөзде басында, ортасында немесе соңында екенін тауып айтады.	Үн – үн – үн Салқын күн. Ұс – ұс – ұс, Ұшты үлкен құс. Ік – ік – ік Сәнді етік Санамақ бойынша ойын-жаттығу: Дүйсенбіде доп ойнадық далада Сейсенбіде серуен құрдық аулада Сәрсенбіде сурет салдық сәндетіп Бейсенбіде би биледік әндетіп Жұма күні жұмбақ шештік Сенбі күні мультик көрдік Жексенбіде үйде болып Осылайша өте шығар 1 апта Дүйсенбіде «Көңілді доп» Шарты: балаларға тәрбиеші доп лақтырады, бала допты қайтара, антоним сөз тауып айтады. Мысалы: күн-түн, ақ-қара, ащы-тәтті және т.б. Сейсенбіде: сергіту сәті: Солға-солға түзу түр. Оңға-оңға түзу түр, Алға қарайбір адым, Артқа қарай бір адым Бойымызға күш жинап, Бір дем алайық. Сәрсенбіде: «Сурет құрастыр» Шарты: балалар қиылған бөліктерден бүтін	түсініктерін бекіту. «Ә»дыбысымен танысу Міндеттері: Сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйрету.Дауысты дыбыстардың жасалу жолдарымен таныстыру арқылы фонематикалық естулері мен есте сақтау қабілеттерін дамыту.Өз бетімен тиянақты жұмыс жасауға тәрбиелеу. Дыбыс түрлерімен танысуды бекіту. Таза дикцияны, қазақ тіліне тән ы-і, ү-ұ дыбыстарының дұрыс айтылуын үйрету. ҰІӘ барысы: Артикуляциялық жаттығу жасау. «Күрекше» – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек. «Ине» – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек. «Төбешік» – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек.

	«Т» дыбысын табамыз Мен «Т» әріпімін «П» Бала отыр партада Оқы, үйрен шаршама «П» дыбысы дауыссыз Мәлім болды баршаңа Мен «П» әріпімін «Н» Нан - әлемнің азығы Дастарқанның қазығы Нар - түйенің асылы, Өрісі ел жазығы Мен «Н» әріпімін Тәрбиеші мысал оқиды: Райыс иті Ақтөспен тоғайға келді. Тоғайда шөп қалың екен. Ақтөс шөп арасынан кірпіні көріп қалып, оған ырылдай жөнелді. Итің ырылын салдыру. Балалар барлығы қосылып: р-р-р дейді. Райыс, кірпі, ырылдау деген сөздерді буынға бөлу. Дыбыстық талдау жасату. Ойын «Сөз тап» Шарты: Р дыбысы бар сөздер табу Жұмбақ жасыру. Қонатыны гүл, Жинайтыны нәр. Шешуі: Ара Ара деген сөзге дыбыстық талдау жасайық а - р - а деген сөзде 2 дауысты 1 дауыссыз 3 әріп, 3 дыбыс бар.	Кішкентаймыз қазір біз. (*Отырып-тұрады*). Кішкентай болсақ та – (*қолдарын беліне қойып, екі жаққа кезек-кезек бұрылады*). Ел қорғауға әзірміз. (*Қолдарын жоғары көтеріп, адымдайды*). Тақпақ жаттау: Отаным менің Қазақстан Атыңнан сенің айналам Бас иіп саған өтемін Жасай бер жаса Қазақстан. Қорытынды сұрақ-жауап. 3.Математика негіздері Тақырыбы: Дөңгелек және сопақша. Міндеттері: дөңгелек және сопақша фигуралар туралы ұғым қалыптастыру. заттардың пішіндерін анықтауға және оларды басқа пішіндегі заттармен салыстыруға үйрету; заттарды түсі, пішіні, шамасы бойынша ажырату	Дыбыстық талдау: «Шана» Жаңылтпашты жатқа айту. Ақ шар бар, Көк шар бар. Көп шар бар, Төрт шар бар Дәптермен жұмыс: үзік сызықтарды қосу арқылы бастырып жазады. 3.Қоршаған ортамен таныстыру Тақырыбы:Терезе алдында не өсіп тұр? Міндеттері: Балаларды жаңа бөлме өсімдіктерімен таныстыру. Тәжірибелік-тәжірибеалдық жұмыстарға деген қызығушылықтарын ояту, бақылау нәтижелерін салыстырып, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін дамыту. ҰІӘ барысы: Жұмбақ: ..., ..., көп..., Қызыл ..., көк .... Жайнар кезім келді деп. Қанаттарың желбіреп, Таңмен бірге оянып, Күн нұрына боянып, Көрік бердің далаға. Бұл не балалар? (гүл)	суреттер құрастырады. (көрпеше,кілем т.б.) Бейсенбіде: теледидардан бейне жазба қосу. «Қара жорға» биін билеу Жұмада: Жұмбақ жасыру. Бір жыланды таяққа іліп алдым, Ерге қона, пайдасын біліп алдым. (Қамшы) Торы тай, Табанында төрт ай. (Таға) Беттескен қос табақ, Ортасында бас тамақ. Киізбен шоққа ораса, Дәм піседі тамаша. (таба нан) Үсті тас, асты тас, Ортасында піскен ас. (нан) Сенбі: мультик көру Жексенбі: үйде болу Санамақты сызбанұсқа бойынша қайталау Сурет салу «Менің әр күнім қалай өтеді?» Балаларға 7 ұяшығы бар парақтар таратылып, әр күні немен айналысатындары туралы сурет салғызу. 3. Математика негіздері Тақырыбы: Теңдіктер	«Түтікше» – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу. Дидактикалық жаттығуы «Әндетіп көр» – Балалар, өзіміз білетін бір әннің әуенін тек «ә» дыбысы бар сөздерді есте сақтап отырамыз Әнді алдымен тыңдайды. Асыл әжем, ғасыр әжем аңсаған Сағынышым сары ормандай самғаған Әке болып жүргенімді ұмытып Әлі күнге еркелеймін мен саған. «Тиісті текшені көтер» дидактикалық жаттығуы Педагог балаларға дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтады (дауысты дыбыстарды айтқанда созып, әндетіп айтады). Балалар дауысты дыбысты айтқанда, қызыл түсті фишканы, көтереді. Дәптермен жұмыс. 1.Суреттерді ата. Дауысты дыбыстан басталатын заттарды қызыл үйге орналастыр.

	Тіл ұстарту жаттығуы. Ра-ра-ра Айжан шашыңды тара. Ыр-ыр-ыр-ырылдайды қасқыр Ра-ра-ра-бал жинайды ара Мір-мір-мір-қап-қара көмір Тоқылдақ ағашты қалай тоқылдатады? Тр-тр-тр. Мысық қалай дыбыстайды? Мр-мр-мр. Қарға қалай қарқылдайды? Қар-р- Дидактикалық ойын: «Біз зерекпіз». Шарты:Р әрпі бар сөздерді айтқанда қол шапалақтау, р әрпі жоқ сөздерді айтқанда жұдырықтарын түю. Жаңылтпашты жатқа айту. Ақ шар бар, Көк шар бар. Көп шар бар, Төрт шар бар Дәптермен жұмыс 3.Математика негіздері. «Сандар әлеміне саяхат» «6-7 санымен танысу» Міндеттері: 6-7 сандарымен таныстыру. «Қанша?» «Нешінші?» сұрақтарын ажыратуға, оларға дұрыс жауап беруге үйрету. ҰІӘ барысы: Тәрбиеші ҰІӘ-ке ертегі кейіпкерлерін шақыруды ұсынады. Алдымен 6	білігін қалыптастыру; кеңістіктік ойлауды дамыту. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу ҰІӘ барысы Тәрбиеші балаларға геометриялық пішіндерден – дөңгелек және сопақшадан құрастырылған суреттерді қарауды ұсынады. – Моншақтар неден құрастырылған? – Осы пішіндердің қалай аталатынын білесіңдер ме? Балалар суретті талқылап, таныс пішіндерді атайды. Д/о:«Көліктерді гаражға кіргізу» Балаларға геометриялық фигуралар таратылады. Балаларға ойын ережелері түсіндіріледі. Өздеріңді мәшинемін деп елестетіңдер, Белгі бойынша «мәшинелер» топ бойынша жүріп өтіп, гаражға «кіреді».	Өсімдік, гүл туралы түсінік беру. Тірі бөлме гүлі мен қолдан жасалған гүлді көрсетіп, балалардан айырмашылықтары мен ұқсастықтарын табуға шақыру. Сергіту сәті Қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындайды. Шаршағанда ырғалып, Гүлге ұқсап демалам. Қанатымды бір қағып, Гүлдей болып жайқалам. Жапсыру: Құмырадағы гүл 4. Сурет салу Тақырыбы: Құмыра (акварельді бояу) Міндеттері: құмыра туралы білімдерін жетілдіру, құмыраны сала білуге үйрету. Түзу ирек сызықтарды салу және оны бояумен бастыру дағдысын қалыптастыру. Бірнеше түсті араластыра отырып сұр түсті шығаруға үйрету	Міндеттері: Теңдік туралы түсінік қалыптастыруға, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтауға, топтарды санауға және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылауға үйрету. 10-ға дейін тура, кері санау. ұсақ қол моторикасын, шығармашылық және есте сақтау қабілетін дамыту. ҰІӘ барысы: Тәрбиеші балаларға жан-жақтарына мән берулерін,бірдей заттардың санын сұрайды. Балалар топтағы ұл мен қыздың санын, перделердің бірдей түстерінің санын атайды. 10-ға дейін тура және кері санайды. Ойын: «Топтастырып көр» Шарты: балалар түрлі-түсті қарындаштардан бірдей түстерін жинайды және теңдей етіп бөледі. Дәптермен жұмыс: Карточкадағы тапсырмаларды орындау 4.Дене шынықтыру (таза ауада) «Командалық жаттығулар» (таза ауада)	2-тапсырмада балалар әже сөзін бір неше рет қайталайды. Дауысты дыбыстан басталауын анықтайды. Сергіту сәті «Сау болсын» деп деніміз, Шынығамыз бәріміз. Ерте оян, ерте тұр, Алға қадам жасаймыз. Жаттығуды бастаймыз, Денсаулықты шынықтыр. Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс) Үзік сызықтарды бастыр. Саусақ жаттығуы Екі үйрек келеді, Бірін-бірі көреді. Бір-біріне қарайды, Сәлемдесіп алады.Тәрбиеші жазу барысында үстелде қалай отыру керектігін балаларға ескертіп өтеді. Жазуды ауада балаларға жазып көрсетеді, балалар қарындаштарын алып, ауада жазып қайталайды. 3.Музыка Табиғи дауыспен әнді таза айтуға, әуеннің ырғақ екпінін сезіне білуге, салыстыруға, әуенге сәйкес қозғалуға дағдыландыру, әнді

	әртүрлі ертегі кейіпкерлерін шығарып, рет-ретімен санауды ұсынады. Одан кейін тағы бір кейіпкердің жүгіріп келгенін хабарлайды. «Енді кейіпкерлер нешеу болды?» деген сұрақ қойылады. (жеті). Қалай кейіпкерлер саны 7 болды? (7 дегеніміз – 6 және тағы 1). Д/о: «Моншақ тіз» Шарты: Берілген моншақтарды санау және бір моншақ қосып санау 6-7 сандарын ауада жазу. Аяқпен еденге жазу. Сергіту сәті. 6 рет секір, 7 рет қол соқ, әрбір аяқпен 6 рет еденді топылдат, көршіңмен 7 рет қолдарыңды соғыңдар. Дәптермен жұмыс Қорытынды: ертегі кейіпкерлерін кері санай отырып шығарып салу. 4.Дене шынықтыру «Күшті батыл боламын! Міндеттері: қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығуларды үйрету.Баяу қарқынмен жүгіруге үйрету, қозғалыс қарқынын сақтап жүгіру және аяқты өкшеден аяқтың ұшына қарай басып жүгіру дағдыларын	«Мәшинедегі» геометриялық фигура «гараждағы» фигурамен бірдей болуы тиіс. Д/о: «Не өзгерді?» Тәрбиеші балаларға фигуралардың орналасуын есте сақтауды ұсынады. Олардан көздерін жұмуды сұрап, бір фигураны алып тастайды. Отбасы мүшелерінің әрқайсысының портреті қандай пішіндегі қалыпқа салынғанын анықтайды. Фигуралардың атауларын хормен қайталайды: сопақша, дөңгелек. Сергіту сәті. Кәне, қанат жазайық, Қарлығашқа ұқсайық. Ұшып-ұшып алайық. Орнымызға қонайық. Білімде алда болайық. Қорытынды: сұрақ-жауап. Мадақтау 4. Музыка Табиғи дауыспен әнді таза айтуға, әуеннің ырғақ екпінін сезіне		Мақсаты: Командалық қимыл-әрекеттерді орындай отырып есте сақтау мен зейінін жақсартуына жағдай жасау. Лек-легімен келіп, кедергілер алабынан өтуге, өз әрекеттерін командасымен үйлестіруге үйрету. Бір-бірден қозғалыс кезінде қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіріп, тізбекпен жүру, жүгіруге жаттығу. Әртүрлі бастапқы қалыптан бір орында тұрып қолдардың қимылдарымен үйлестіріп секіруді, секіргенде бірқалыпты, аздап тізені бүге орындауды бекіту. Команда мүддесін өзінен жоғары қоя білуге тәрбиелеу. ҰІӘ барысы: І бөлім: «Команда» тренингі. Барлығы қол ұстасып тұрады. Педагогтің нұсқауы бойынша қимылдар жасайды. «Кәне, барлығымыз шеңберге қол ұстасып тұрайық. Біз – бір командамыз. Бір команда –бір ағза, бір бүтін деп елестетейікші... Кәне, оның тынысын естиік: барлығымыз бірге демімізді ішке тартып,	көңілді,ашық дауыспен таза орындауға үйрету.«Марш» (А.Затаевич) әуенін ойнатып,балаларға әуен екпінін сезіне жүруді ұсыну. Ән тыңдау «Ана тілін сүйеміз» Ән айту: «Отан ортақ үйіміз» (Д.Ботбай Е.Өтетілеуұлы).Әннің мазмұны мен сипаты туралы әңгімелеу. **Әуенді-ырғақты ойын:** «Текшемен ойын» Оразбаева Н.М **Ойын**:«Барабан не дейді» **Шарты:**Балалар ортаға үлкен шеңбер ішіне жиналады. Жетекші барабан аспабында ойнайды. Марш екпіні ойнағанда балалар марш жасап әрі-бері жүреді.Өте шапшаң жеңіл музыка ойнағанда балалар жеңіл жүгіреді. Әуен бір рет қатты соғылғанда балалар бір орында қатып қалады.Барабанның соғысы өзгерген сайын «Барабан не дейді?»-деген сұрақ қойылып отырады. **Күтілетін нәтиже:** Балалар әнді таза айтуға тырысады, әуенді тыңдай отырып, жанрларды ажыратады.

	бекіту. Заттар арасымен алақан мен тізеге таянып еңбектей алу шеберліктерін (машықтарын) бекіту. Қос аяқтап секіру жаттығуларын орындату: орындықтан аяқты жартылай бүгіп секіре білу және тепе-теңдік сақтай білу шеберліктерін (машықтарын) бекіту. Тапсырманы өз бетімен орындауға баулу және шыдамдылық, ептілік, күш секілді дене сапаларын дамыту. Өзінің денсаулығына қамқорлықпен қарау керектігін түсіндіру. Ептілік, шапшаңдық секілді дене сапаларын дамыту. ҰІӘ барысы: І бөлім: : Түзу бағытта жәй жүру, жүруді жүгірумен алмастырып, қозғалыс қарқынын сақтап жүгіру және аяқты өкшеден аяқтың ұшына қарай басып жүгіру; сапқа бөліну. ІІ бөлім: ЖДЖ Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар. 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды). Негізгі жаттығулар:	білуге, салыстыруға, әуенге сәйкес қозғалуға дағдыландыру, әнді көңілді,ашық дауыспен таза орындауға үйрету.«Марш» (А.Затаевич) әуенін ойнатып,балаларға әуен екпінін сезіне жүруді ұсыну. Ән тыңдау «Ана тілін сүйеміз» Ән айту: «Тәуелсіз елдің ұланы» Әуенді-ырғақты ойын: «Текшемен ойын» Оразбаева Н.М **Ойын**:«Барабан не дейді» **Шарты:**Балалар ортаға үлкен шеңбер ішіне жиналады. Жетекші барабан аспабында ойнайды.Марш екпіні ойнағанда балалар марш жасап әрі-бері жүреді.Өте шапшаң жеңіл музыка ойнағанда балалар жеңіл жүгіреді.Әуен бір рет қатты соғылғанда балалар бір орында қатып қалады. Барабанның соғысы өзгерген сайын «Барабан не дейді?»-		бірге сыртқа шығарайық... естідік пе? Енді оның жүрегін тыңдап көрелік... түк-түк!» (түк – бәрі бірге артқа бір қадам, түк – алдыға бір қадам аттайды) ІІ бөлім: «Қол ұстасып сауық құру» Ойыншылар бірінің ішінде бірі тұрған екі шеңбер құрады. Тәрбиешінің белгісімен көрсеткен бағытта олар жүру, жүгіру қозғалыстарын бастайды. Секірулер – әртүрлі бастапқы қалыптан қол қимылдарын орындай отырып бір орында секіру (30 рет). Қалауынша бір бала ортаға шығып, қолдың түрлі қалыптарын көрсете алады (желкесіне қойып, беліне қойып, артына ұстап т.с.с.). Шеңбер бойына тұрып, бір орында секірулерді орындайды. Аяқтарын тізеден бүгіп, біркелкі, жеңіл секіруге тырысады. Жаттығу соңында қай баланың көрсеткен секіру түрі қиын, қызықты болғанын атап өтеді. Қимылды ойын : «Менің үйім» ІІІ бөлім: тыныс алу жаттығулары Маршпен жүру.	4.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Асықпен ойналатын ойындар» Міндеттері: Малдас құрып отырып, ұсақ заттарды (асықтарды) лақтырып, оны қайтадан қағып алуға үйрету. Гимнастикалық орындық үстінде асықтарды алдында, артында ұстап, тепе-теңдік сақтап жүру. Көзмөлшерлеуін, ептілік, төзімділік секілді дене сапаларын дамыту. Түрлі жағдайларда (шу) зейіндерін шоғырландырып,тапсырманы дұрыс орындай білу шеберліктерін (машықтарын) дамыту. Асықпен орындалатын ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру. ҰІӘ барысы: І бөлім: Ойын-жаттығуы: «Затты тап». Қоржын ішінен асықты іздеп табады. Оны көреді. Асық туралы білетіндерін айтады. Асық және асық ойыны жайлы түсіндіреді Шеңберге тұрғызу. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Асық алу».

	Қос аяқпен секіру жаттығуларын орындату: орындықтан (биіктігі – 30 см) аяқты жартылай бүгіп секіре білу және тепе-теңдік сақтай білу шеберліктерін (машықтарын) бекіту. Қолмен аяқты үйлестіріп қозғайды. Жерге түскенде алдыға қарап, дене бітімдерін түзу ұстап, тепе-теңдіктерін сақтауға тырысады. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Орнынды тап!» (4 рет). «Орнынды тап!» бұйрығы бойынша түрлі бастапқы қалыптарға тұра қалады: малдас құрып отырады, өкшемен отырады, тізерлеп тұрады. Зал ішінде модульдерге соқтықпай еңбектеп жүреді. «Орнынды тап!» бұйрығы бойынша түрлі бастапқы қалыптарға тұра қалады. III бөлім: тыныс алу жаттығулары	деген сұрақ қойылып отырады. **Күтілетін нәтиже:** Балалар әнді таза айтуға тырысады, әуенді тыңдай отырып,жанрларды ажыратады.			Шашырап жүреді, жүгіреді, тәрбиешінің: «Асықты ал!» деген бұйрығымен асықты көтеріп алады. II бөлім: ЖДЖ «Қазан» – 2,5 м арақашықтықтағы көлбеу қойылған нысанаға заттарды (асықтарды) лақтыру. Б.қ.: аяқты иық деңгейінен алшақ қою: оң аяқты артқа жіберіп, оң қолды шынтақтан жартылай бүгіп, кеуде тұсында ұстап тұру. Асықты лақтырар алдында алдымен қолды төмен түсіріп, сонан соң артқа жібереді, ал лақтыру кезінде қолды алдыға жіберіп, жоғары көтеріп, сонан соң асықты лақтырады. Құрсауларды (4 құрсау) айнала шеңберге тұрады. «Қазан» ішіне көп асық тастаған бала жеңімпаз атанады. (Топ болып орындау тәсілі) Тепе-теңдік – гимнастикалық орындық үстінде тапсырмаларды орындап жүру. (3 рет) Гимнастикалық орындық үстінде асықтарды алдында, артында ұстап, тепе-

		сал (электрмобиль, ұшақ-мәшине, ұшақ-тәрелке, аяқпен жүретін мәшине т.б.). 3.Математика негіздері Заттар тобын санаймын және салыстырамын» Мақсаты: Топтарды санау мен салыстыру арқылы санның мағынасын дұрыс жалпылай алады. Ұйымдастыру кезеңі: ойын: «Досымның сыйлығы» Шарты: Достарына гүлдерді санауға және салыстыруға көмектесіп белгілерді қою. ойын: «Заттар тобын санаймын және салыстырамын» Шарты: Топтарды санау мен салыстыру арқылы санның мағынасын дұрыс жалпылайды,және	– Суретші, дәрігер, мұғалім, шахтер бейнеленген. Балалар мамандық иелерін атайды. Балалардың бұл сөздерге «мамандық» деген ортақ атау беруге болатынын айта алуға жетелеу керек. – Қалай ойлайсыңдар, кім қайда жұмыс істейді? – Суретші шеберханада сурет салады. Дәрігер ауруханада адамдарды емдейді. Мұғалім мектепте балаларға білім береді. Шахтер шахтада көмір өндіреді. – Ал сендердің ата-аналарың қайда жұмыс істейді? Балалар ата-аналарының қайда жұмыс істейтінін, қандай мамандық иелері екенін айтады. – Балалар, мен тағы бір мамандық иесін атағым келіп тұр. Ол мұғалім де болады, пойызды да жүргізеді, ұшқыш та бола алады,		Үзік сызықтарды бастыр. Тәрбиеші графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады. Саусақ жаттығуы Алақанның біреуін Кері қарай бұрайық. Алақаны демалсын, Қол үстінен ұрайық. Қорытынды. Мадақтау 3.Музыка Қайталау Балалардың қазақтың ұлттық аспаптарына деген қызығушылығын арттыру, әнді сезіммен, нақышына келтіріп айтуға, әуенді тыңдап, әңгімелей білуге дағдыландыру, өмірдің кейбір құбылыстарын

		қаламмен бастырып сызады. Еркін ойын: «Не артық» Шарты:Суретте қандай доптардың артық екенінсуретке сәйкес дұрыс жазуды тап. Рефлексия «Досыңа хабарлас» 4. Музыка Балалардың қазақтың ұлттық аспаптарына деген қызығушылығын арттыру, әнді сезіммен, нақышына келтіріп айтуға, әуенді тыңдап, әңгімелей білуге дағдыландыру, өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде таныстыру. Балаларға арналған аспаптарды игеруге машықтандыру. Өмірдің кейбір	кішкентай баланы да ойната алады, бірақ үнемі экранда жүреді. Оның кім екенін білесіңдер ме? – Ол – актер. – Енді барлықтарың актер боласыңдар. Кім мамандық иелерін қимылмен, ыммен көрсетеді? Балалар оларды қимылмен бейнелейді. Мысалы, суретші суретті қалай салатынын қимылмен көрсетеді. «Қандай мамандық иесі?» ойыны. Балалар бұл сөздерді қандай мамандық иесі айтуы мүмкін екенін анықтайды. – Сіздің кекіліңізді қысқа қию керек пе?... (шаштараз) – Балалар, кітаптың бетін ашыңдар ... (мұғалім) – Рульді оңға бұрайын... (жүргізуші) – Сурет салуға қылқаламдар дайындадым...(суретші) – Сізге емделу үшін дәрілер жазып берейін... (дәрігер)		бейнелеу тәсілі ретінде таныстыру. Балаларға арналған аспаптарды игеруге машықтандыру. Ән тыңдау: «Қысқы орманға саяхат»Н.Оразбаева Ән айту: «Ақшақар әні» Е.Өтетілеуұлы Аспапта ойнау: «Көңілді марш» Әуенді-ырғақты ойын: «Шөжелерім» Ойын:«Көңілді оркестр» Шарты: Шеңберде тұрғанбалалар аспаптармен әуендісүйемелдейді.Ортад а әуеннің ұзақтылығын қол қимылымен көрсетіп тұрған дирижер бала болады.Әуеннің ауысымына қарай,балалар маршпен жүреді.Аяқтың ұшымен жүреді. Жеңіл секіре жүреді. Музыка әуені тоқтағанда,аспапты балалар ала қояды. Аспап ала алмаған бала дирижер болады.

		құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде таныстыру. Ән тыңдау: «Қысқы орманға саяхат» Н.Оразбаева Ән айту: «Ақшақар әні» Е.Өтетілеуұлы Аспапта ойнау: «Көңілді марш» **Әуенді-ырғақты ойын:** «Үйшігіңді тап» Оразбаева Н.М Ойын:«Көңілді оркестр» Шарты: Шеңберде тұрған балалар аспаптармен әуенді сүйемелдейді.Орта да әуеннің ұзақтылығын қол қимылымен көрсетіп тұрған дирижер бала болады.Әуеннің ауысымына қарай,балалар маршпен жүреді.Аяқтың ұшымен жүреді. Жеңіл секіре жүреді. Музыка	– Қанша килограмм кәмпит өлшейін?...(сатушы) – Сізге қандай көйлек тігу керек?.. (тігінші) – Балалар, сендер үлкен болып өскенде әрқайсысың бір мамандықты таңдайсыңдар. Сендер өздеріңнің болашақтарыңды қалай қиялдайсыңдар? Сенің қиялыңдағы болашақ мамандық қандай болуы мүмкін? Балалар өздерінің кім болғысы келетіндігі туралы әңгімелеп, қиялындағы әлемде ол таңдаған мамандықтың қалай өзгеретіндігі туралы ойларын ортаға салады. Тәрбиеші мамандық туралы анықтама береді: «Мамандық – бұл іс, адам сол іспен айналысады, сол үшін ақша алады. Мамандықты игеру үшін қандай да бір білім алу керек. Адам мектеп бітіргеннен кейін колледж,		4.Дене тәрбиесі «Кім шапшаң?» Міндеттері: Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру дағдыларын бекіту. Жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеуге үйрету; Допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу; допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату, допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алуға үйрету; ҰІӘ барысы:

		әуені тоқтағанда,аспапты балалар ала қояды. Аспап ала алмаған бала дирижер болады.	институт, академия, университет сияқты арнайы оқу орындарына түсіп, білім алады. Көп білімі мен тәжірибесі бар адам – бағалы маман, өзінің мамандығына байланысты еңбегі де соғұрлым жоғары бағаланады және төленеді». *Әңгіме оқып беру.* В. Сухомлинский. «Менің шешемнен нан иісі шығады». Бірде балабақшаға бес жасар екі баланы аналары алып келеді. Балалар бір-бірімен танысып, сөйлесе кетті. – Сенің анаң қайда жұмыс істейді? – Ал сен қалай байқамадың? Одан дәрі иісі шығады ғой. Менің анам – дәрігер. Ауырған адамдарды емдейді. Дәрігерсіз адамдар өмір сүре алмайды ғой. Ал сенің анаң қандай жұмыс істейді? – Сен де байқамадың ба? Одан нан иісі		I бөлім: Түзу бағытта жәй жүру, жүру мен жүгіруді алмастырып, адымдап жүру; қолдарын мойынға қойып аяқ ұшымен жүру, жәй жүру; сапқа бөліну. II бөлім: ЖДЖ құралсыз Негізгі жаттығулар: 1-ойын: «Кім жылдам?» Шарты: әр түрлі кедергілер арасынан еңбектеу 2-ойын: «Айдаһар» ойыны доппен Шарты: балалар екеуден бөлініп, бір – біріне арқаларын беріп тұрады. Тәрбиеші әрқайссының арқаларына доп қыстырады. Мәре сызығына кім допты құлатпай келеді, солар жеңімпаз атанады. III бөлім: тыныс алу жаттығулары Маршпен жүру.

			шығып тұр ғой. Менің анам – наубайшы. Нансыз ешкім де өмір сүре алмайды. – Бұл әңгімеден қандай қорытынды шығаруға болады? – Барлық мамандық қажет, барлық мамандық маңызды. *Сергіту сәті:* Таңғажайып сәттер бар, Күн шығады, таң атар. Кіп-кішкентай балалар Алыптарға айналар. Сурет салу Тақырыбы: «Анама арналған орамал» түрлі пішінді қағазда симметриялық ою-өрнектерді құрастыра біледі, көлемді пішіндерді безендіре алады. Ұйымдастыру барысы: Шаттық шеңбері: Ермек Өтетілеуұлының «Біздің шаңырақ» өлеңін қайталайды. ойын: «Аналар мерекесі»		

			Нұсқау беру: сурет бойынша аналар мерекесі туралы топтасып ,жұптасып әңгімелеңдер ойын: «Орамал» Түрлі пішіндерді қолдану арқылы орамалды бейнелеңдер. Сергіту жаттығуы Еркін ойын:Ойын: «Орныңды тап!»		
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру				
Серуен	№ 2 Қар (ұлпаларының) ұшқындарына бақылау жүргізу.	№ 4 қырауды бақылау.	№ 7 Терезедегі өрнектерді бақылау.	№10 Алаңдағы ағаштарды бақылау	№ 8 Желді бақылау.
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, өз шкафтарын тауып көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру.				
Түскі ас	Балаларды үстел үстінде тамақтану әдептерін сақтауға баулу. Тыйым сөздер түсіндіру. «Таңғы асын тастама» «Нанды бір қолмен үзбе» «Нанды жерге тастама» «Ас –адамның арқауы» «Тамақ ішкенде сөйлеме»				
Ұйқыға дайындық, ұйқы.	«Бесік жыры»				
Ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары	Массаж кілемешемен жүрейік. Жуынып ауыз шайайық,ас ішейік.	Ырғақты қимыл жассау. Ауыз шаю.	Ауа ваннасы. Массаж кілемшемен жүру	Құлаққа нүктелі массаж	Денені қозғап ұйқы ашамыз.
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару, алдарына берілген тамақтарын тауысып жеп болған соң тұруға дағдыландыру				

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды,үстел үсті ойындары,бейнелеу іс әрекеті,кітаптарды қарау және басқалары)	Баяу құстар әуенін тыңдай отырып, көз алдарына елестету арқылы табиғатты, құстарды бейнелеу. Міндеті: қыстайтын құстар туралы ойларын қалыптастыру, ойлау қабілеттерін арттыру, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру	Үстел үсті ойыны: Лего құрастыру; шашка ойнау Қалаулары бойынша кітап бұрышынан ертегі тыңдау		Үстел үсті ойыны: «Ұлттық құндылықтар» Міндеттері: қазақ халқының ұлттық құндылықтарын білуге дағдыландыру; 1-10ға дейінгі сандарды санау дағдыларын қалыптастыру; Дыбыс белгілерін ажырата алу дағдыларын қалыптастыру	
Балалармен жеке жұмыс	Азамат жаңа түстер жіне реңктерді шығаруды, ұжыммен бірге жұмыс жасауды дағдыландыру.	Азамат. Балаларға Спорттық ойындардың элементтерін орындауы мен, спорттық жаттығуларды орындау техникасын үйретуді жалғастыру;	Азамат 10-ға дейін кері қарай санауды бекіту. Геометриялық денелерді дұрыс атап, ажыратуды үйрету	Азамат музыканың сипатына сәйкес қозғалуды; сәндік элементтермен заттарды безендіруді үйрету.	Азамат тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы жеткізу дағдысын қалыптастыру
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу.				
II Серуен	№ 2 Қар (ұлпаларының) ұшқындарына бақылау жүргізу.	№ 4 қырауды бақылау.	№ 7 Терезедегі өрнектерді бақылау.	№10 Алаңдағы ағаштарды бақылау	№ 8 Желді бақылау.
Серуеннен оралу	Серуеннен оралу. Киімдерін шкафқа жинауға, ұқыпты қоюға баулу.				
Балалардың үйге қайтуы Ата-аналармен әңгімелесу	**Өнегелі - 15 минут.** Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, Мобильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқу, суреттерді қарауға, табиғат дамытушы ортада құстарды, балықтарды қоректендіруге мүмкіндік беру, ата-ананы балабақша жұмысына тарту, бала мен ата-ана қарым-қатынасын арттыру.				
	Балаларға Отан, туған жер турады мақал-мәтел жаттатуларын сұрау.	«Үйде балаңыздың тәртібі» әңгімеге Расулдың ата-анасын тарту.	«Балаңызға ертегі оқып бересіз бе?» Әңгімелесу	Ата-аналарға балалардың жақсы жақтарын мадақтау	«Демалыста қайда барасыз?» ойларын тыңдау.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Жасампаздық және жаңашылдық айы

«Шығармашыл бала – ойлы бала»

Топ: “Балдаурен» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 10 – 14 ақпан 2025 жыл

Күн тәртібі		Апта күндері			
	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	**Өнегелі-15 минут** балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру мобильді кітапханада жұмыс, ата-ананың балаға кітап оқуына мүмкіндік жасау, кітапқа деген қызығушылықты арттыру, кітапқа жанашырлық, жауапкершілік таныту. **Күй күмбірі -**балаларды қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын арттыру.				
	Көңілді нейро-сәлемдесу. Ойын: «Біз қандаймыз?» Шарты:балалар шеңберде тұрып, кезекпен өздері туралы бір әдемі сөз айтады (тілдік қарым-қатынас, сөйлеуді дамыту)	Әңгімелесу. Балалардан қандай көңіл- күймен келгенін сұрау. Балабақшаға келе жатқанда табиғаттан қандай өзгерсітер байқаны туралы жеке-жеке сұрау (Тілдік қарым-қатынас, сөйлеуді дамыту)	Табиғат бұрышын бақылау. Міндеті: Жыл мезгілі туралы түсініктерін толықтыру. Ойлау және сөйлеу қабілеттерін арттыру. Табиғат бұрышындағы гүлдерді суру, шаңдарын сүрту (тілдік қарым-қатынас, сөйлеуді дамыту, еңбек іс-әрекеті)	«Көңілді кездесулер таңы» Міндеті: балаларды балабақшаға таңертең қабылдау кезінде оңтайлы жағдай жасау. «Сыпайы сөздер сөздігі» ойыны	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Таңғы шеңберді қызыл жүрекшені бір-біріне ұсыну арқылы жылы сөздер айтумен бастау(бүгін өте әдемісің, жақсы көңіл-күй тілеймін т.б.) (тілдік қарым-қатынас, сөйлеуді дамыту)
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	**Қауіпсіздік ережесі** әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, балалармен бірге жол ережелері туралы мультфильмдер көруге кеңес беру, ұсыну.				
	Ата-анаға кеңес: Медбикелік кеңес: «Дені саудың жаны сау!»	Ата-аналармен балабақша күн тәртібі жөнінде сөйлесу. Таңертеңгілік	Ата-аналарға психологтің кеңесі: «Баланың кез-келген қалауын орындауға асықпаңыз».	Ата-аналарға балаларды ауа-райына сай киіндіру туралы кеңес беру	**Ата-аналарға** таңғы жаттығудың бала денсаулығына пайдасын айту

		жаттығуға уақтында келуін түсіндіру.			
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары,бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалары)	Үстел үсті ойыны: «Пазлдар» Міндеті: ұсақ қол моторикасымен қатар ойлау қабілеттерін дамыту.Ұжыммен бірлесіп ойнау дағдыларын қалыптастыру.	Үстел үсті ойыны: Д/о: «Жарты бөлігін тап» Міндеті: зейінін,ойлау қабілеттерін дамыту.	Кітап бұрышынан кітаптар қарау. Саусақ театрын пайдалану. Міндеттері: ұсақ қол маторикасын дамыту, сөйлеу,ойлау қабілеттерін дамыту.	«Жол ережелерін білейік» Қауіпсіздік ережелері бұрышында Міндеті: жол белгілерін білуге, жол ережелерін сақтауға дағдыландыру	Кітап сөресінен қалаған кітаптарын қарау, достарымен талқылау Міндеті: суреттерге қарай отырып өз ойларынан әңгіме құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Кітаптарға ұқыптылықпен қарауға баулу.
Таңертеңгі жаттығу	Таңғы жаттығу №4				
Таңғы ас	Балаларды үстел үстінде тамақтану әдептерін сақтауға баулу. Бата жаттау Дастарханыңа береке берсін, Бастарыңа мереке берсін, Астарыңа адалдық берсін, Бастарыңа амандық берсін, Дендеріңе саулық берсін,Әумин!				
Ұйымдастырылған іс - әрекетке дайындық	Кезекшілер тәрбиешіге оқу құралдарын таратуға көмектеседі.				
	Санамақ жаттау Екі көз бен қос құлақ Бір бас пенен бір мұрын Нешеу болды қос шырақ, Санап шығар кім бұрын?! Екі аяқ пен екі қол, Бір ауыз бен бір тілің... Нешеу болды қане, бол, Санап шығар кім бұрын?! Сұқ саусағым суға барды Ортаң қолым орақ орды. Аты жоғым ағаш жарды,	Ситуациялық сұрақ «Не істер едің?» Міндеті: қойылған сұраққа толық жауап беруге баулу; ойлау қабілеттерін дамыту	Д/о:«Кілтті сөз» Шарты: таныс ертегілердегі кілтті сөздерді атау, балалар табады. Міндеті: таныс ертегілерді атай алуға дағдыландыру, есте сақтау қабілеттерін дамыту.	Жаңылтпаш жаттау Ескекті ескекші еседі, Ескекші ескекті еседі. Жаға жай, Жағажайда – Қамажай. Зура зурнада ойнайды, Зурнада бір ғана Зура ойнайды деме, Зара да, Зере де зурнада ойнайды.	Д/о: «Бұл кім екен?» Міндеті: балалардың зейіндерін,есте сақтау қабілеттерін дамыту. Шарты: балалардың біреуінің көзін жауып, алдына келген баланың кім екенін сипап-сезу арқылы табады

	Жұмсам апты алақаным, Тек шынашақ– балапанын.				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	1.Сөйлеуді дамыту «Менің ата-әжем» Міндеті: сюжеттік суреттер бойынша әңгіме құрауға үйрету; сөйлем құрағанда сын есімдерді қолдануға үйрету; дыбыстарды түріне қарай ажырата алу дағдыларын дамыту; үлкенге құрмет көрсетуге үйрету ҰІӘ барысы: Жұмбақ : Айтары мол ғұлама, Көп жасасын бұл адам, Әкесі ол әкеңнің Білер оны сұраған. Ол кім? (ата) Дегенімді жасайтын Қалған тамағымды асайтын Ертіп алып жетектеп «Немерем» – деп атайтын? (әже) «Сипатта» ойыны: Шарты: ортаға кезекпен балалар шығады, ата-әжелері жайлы әңгімелейді. Дыбыстық жаттығулар: Та – та – та Ақ сақалды ата Е – е – е	1.Көркем әдебиет Тақырыбы: «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» Міндеттері: Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Әдеби жанрдың бір түрі – ертегі туралы түсініктерін кеңейту. Ертегі мазмұнын эмоциямен бейнелі қабылдауға, ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтауға, қисынды мазмұндауға үйрету. ҰІӘ барысы: *Шаттық шеңбері* Күн, мен сені сүйемін, Күн, мен сенен өтінемін. Берші бізге, алтын Күн, Бейбітшілік, мейірімділік,	1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Шаштараз» Міндеттері: Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту. Шаштаразшы мамандығымен, жұмысымен танысу. Еңбекті бағалау, сыйлау ұғымдарын қалыптастыру. ҰІӘ барысы: Тіл ұстарту жаттығулары: Бақ –бақ – бақ Ас салатын табақ Шақ – шақ – шақ Өткір пышақ Зан – зан – зан Ет асатын қазан Зы – зы – зы Алма салатын вазы Ман – ман – ман Су құятын құман Нек – нек –нек Шай қайнайтын шәйнек Се – се – се-	1.Көркем әдебиет. Тақырыбы: «Жыл басына таласқан хайуанаттар» Міндеттері: Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру. ҰІӘ барысы: Ертегіні алдымен теледидардан қарап алады. Балаларды рөлдерге бөліп, сахналайды. Қажетті құралдар: бас киімді маскалар Қорытынды сұрақ жауап. 2.Қазақ тілі Тақырыбы:	1.Қазақ тілі Тақырыбы: Азық-түлік. Міндеттері: Азық-түліктің қазақша атауларымен таныстыру. Сөздік қорларын тағам атауларымен молайту. Алған білімдерін күнделікті өмірде қолдануға талпындыру. ҰІӘ барысы: Тілдік жаттығу: Бақ –бақ – бақ Ас салатын табақ Шақ – шақ – шақ Өткір пышақ Зан – зан – зан Ет асатын қазан Зы – зы – зы Алма салатын вазы Ман – ман – ман Су құятын құман Нек – нек –нек Шай қайнайтын шәйнек Се – се – се- Шай ішетін кесе Гі- гі – гі Сүт сүзетін сүзгі Ке – ке – ке Шұңғыл тәрелке Ық – ық – ық Ас ішетін қасық Д/о: «Атауын тап»

	Ақ жаулықты әже Ке – ке – ке Асқар таудай әке На – на – на Мейірімді ана Ға – ға – ға Қамқоршы аға Ыз – ыз – ыз Айназ жақсы қыз Ла – ла – ла Сая пысық бала Д/о: «Қандай дыбыс екенін анықта». Шарты: Тәрбиеші дыбысты айтады. Ал балалар дыбыстың дауысты, дауыссыз екенін анықтап берулері қажет. Бірінші болып қол көтерген бала жауап беру құқығына ие болып, жауап берген бала келесі балаға басқа дыбысты айтады. Дәптермен жұмыс: Ата-әже сөздеріне дыбыстық талдау жасау. Қорытынды: мадақтау 2.Сауат ашу негіздері: «Дыбыстар әлеміне саяхат» «Ж дыбысымен танысу» Міндеттері: үш-төрт дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау	Денсаулық пен жылылық! – Балалар, бүгін «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісімен танысамыз. Ертегі көлеңкелі театрды қолдану арқылы баяндалады. Сергіту сәті: Біз балдырған баламыз, Дос құшағын елге ашқан. Тілегіміз тыныштық, Ашық болсын көк аспан. Мықты болсын іргеміз, Бәріміз де біргеміз. Д/о: «Кімнің есінде?» мнемотехника әдісі бойынша ертегінің мазмұнын жапсыру және әңгімелеу. 2.Қоршаған ортамен таныстыру Тақырыбы: Табиғат құбылыстары Міндеттері: Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін	Шай ішетін кесе Гі- гі – гі Сүт сүзетін сүзгі Ке – ке – ке Шұңғыл тәрелке Ық – ық – ық Ас ішетін қасық СРО «Шаштараз» Шарты: ортаға 4 бала шаштаразшы етіп алынады. Балалар кезекпен шаштаразға келіп диалог құрады. Ойын-тапсырма: «Шаштаразшыға көмектес» Шарты: Берілген тапсырмадан шаштаразшыға қажет құралдарды белгілеу. Қорытынды: мадақтау 2.Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Қыс мезгілі» «Қ дыбысымен танысу» Міндеттері: Сөз, буын туралы ұғымдарды бекіту, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтауға, сөздегі	Ұлттық киімдер Міндеттері: Ұлттық киім қазақша атауларымен таныстыру. Сөздерді қолданып жай сөйлем құруға жаттықтыру. ҰІӘ барысы: Ұлттық құндылықтар үстел үсті ойыны Шарты: түрлі асықтар бейнеленген шаршыны лақтырып, түскен ұяшық ашылады. Ол жердегі бейнеленген ұлттық киім түрімен тәрбиеші балаларды таныстырады. Дыбыстық жаттығулар. Іс – іс – іс, Піседі жеміс. Үн – үн – үн Салқын күн. Ұс – ұс – ұс, Ұшты үлкен құс. Ік – ік – ік Сәнді етік Сурет салу: «Камзол»	Шарты: карточкалардан азық-түліктердің суреттері көрсетіледі. Балалар атауын атайды. Дұрыс аталмаған атауларға тәрбиеші түзетулер жасайды. Балалар 4 топқа бөлініп өздері білетін азық-түліктерді мүсіндейді. Мадақтау 2.Сауат ашу негіздері Тақырыбы: дауысты дыбыстар туралы түсініктерін бекіту. «Е»дыбысымен танысу Міндеттері: Сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйрету.Дауысты дыбыстардың жасалу жолдарымен таныстыру арқылы фонематикалық естулері мен есте сақтау қабілеттерін дамыту.Өз бетімен тиянақты жұмыс жасауға тәрбиелеу. Дыбыс түрлерімен танысуды бекіту. ҰІӘ барысы: Артикуляциялық жаттығу жасау. «Күрекше» – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек.

	жасауға үйрету;жазу жолы мен кеңістікті ажыратуға дағдыландыру; ҰІӘ барысы: Шаттық шеңбері: Достар, бері келіңдер, Қолдарыңды беріңдер. Шаттық толы шеңберге Қуанышпен еніңдер. Өткен сабақты қайталап өту. «А» Алма, алмұрт егеміз Айға сапар шегеміз Алақай-ау алақай «А» дыбысын білеміз Мен «А» әріпімін «Т» Тайға мініп шабамыз Тау мен тасты табамыз. Тарақ тайлақ тауықтан «Т» дыбысын табамыз Мен «Т» әріпімін «П» Бала отыр партада Оқы, үйрен шаршама «П» дыбысы дауыссыз Мәлім болды баршаңа Мен «П» әріпімін «Н» Нан - әлемнің азығы Дастарқанның қазығы Нар - түйенің асылы, Өрісі ел жазығы Мен «Н» әріпімін	бекіту. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыруды бекіту (су, ауа, мұз сұңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр); ҰІӘ барысы: Алдымен табиғат дегеніміз не екендігі туралы түсінік беріледі. Сұрақ-жауап ойыны: «Табиғатқа қандай пайда тигіздің?» Сергіту сәті Сергіту сәті: Бұл шақта, бұл шақта, (*қолдарын жан-жаққа созады, жоғары көтереді, төмен түсіреді*). Кішкентаймыз қазір біз. (*Отырып-тұрады*). Кішкентай болсақ та – (*қолдарын беліне қойып, екі жаққа кезек-кезек бұрылады*). Ел қорғауға әзірміз. (*Қолдарын жоғары көтеріп, адымдайды*).	дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру. ҰІӘ барысы: Ойын: «Бұл қай кезде болады?» Шарты: балалар жұмбақтардың шешімін табады. Жұмбақ : Қалбалақтап ұшады. Қанаты талып, Жерді барып құшады. (Қар) Қолы мен қаламы жоқ, Бірақ сурет салады көп. (Аяз) Қыста шыны боп қатады, Жылыды су боп жатады. (Мұз) Мүлгіп тұрған бақ тыныш, Оранып ақ күміс. (Қырау) Ойын-тапсырма: «Буынға бөл» Шарты:балалар аққала, шырша,	3. Математика негіздері Тақырыбы: Теңдіктер Міндеттері: Теңдік туралы түсінік қалыптастыруға, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтауға, топтарды санауға және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылауға үйрету. 10-ға дейін тура, кері санау. ұсақ қол моторикасын, шығармашылық және есте сақтау қабілетін дамыту. ҰІӘ барысы: Тәрбиеші балаларға жан-жақтарына мән берулерін,бірдей заттардың санын сұрайды. Балалар топтағы ұл мен қыздың санын, перделердің бірдей түстерінің санын атайды.	«Ине» – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек. «Төбешік» – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек. «Түтікше» – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу. Дидактикалық жаттығуы «Әндетіп көр» – Балалар, өзіміз білетін бір әннің әуенін тек «Е» дыбысы бар сөздерді есте сақтап отырамыз «Тиісті текшені көтер» дидактикалық жаттығуы Педагог балаларға дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтады (дауысты дыбыстарды айтқанда созып, әндетіп айтады). Балалар дауысты дыбысты айтқанда, қызыл түсті фишканы, көтереді. Дәптермен жұмыс. 1.Суреттерді ата. Е дыбысынан басталатын

	Ойын «Сөз тап» Шарты: Ж дыбысы бар сөздер табу Дидактикалық ойын: «Біз зерекпіз». Шарты: Ж дыбысы бар сөздерді айтқанда қол шапалақтау, Ж дыбысы жоқ сөздерді айтқанда жұдырықтарын түю. Дәптермен жұмыс 3.Математика негіздері. Тақырыбы:«Пішіннен пішінге» Міндеттері: Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту, ҰІӘ барысы: Д/о: «Жасап көр» Шарты: Дайын төртбұрышты қағазға бастырып, қиып алады. Қиылған төртбұрышты теңдей бүктеп, доғал сызық жасатып оны қияды. Шыққан пішінді атайды. Қалаған түстеріне бояйды. Сергіту сәті. 6 рет секір, 7 рет қол соқ, әрбір аяқпен 6 рет еденді топылдат, көршіңмен 7 рет қолдарыңды соғыңдар.	Ассосация тәсілімен тақпақ жаттау: Бояуы мол табиғат Бар өнерін төккен кеп. Көрген көзге, ақиқат, Көкпеңбек-ау, көкпеңбек! Қорытынды сұрақ-жауап. 3.Математика негіздері Тақырыбы: Менің роботым Міндеттері: қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру, 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру. ҰІӘ барысы: Тәрбиеші балаларға қағаз парағын ұсынады. Оны тең етіп бүктеу және бөлуді тапсырады. Бүтін мен бөлік түсінігін қалыптастырады. Миға шабуыл Дайын пішіндер қорапшасын	шана, қолғап т.б. сөздерді буынға бөледі. Ойын: «Сөздегі «Қ» дыбыстың орнын тап» Шарты: берілген «Қ» дыбысын сөзде басында, ортасында немесе соңында екенін тауып айтады. Дыбыстық талдау: «Шана» Жаңылтпашты жатқа айту. Жатка тақпақ Жатта тақ-тақ Дәптермен жұмыс: үзік сызықтарды қосу арқылы бастырып жазады. 3.Қоршаған ортамен таныстыру Тақырыбы: Жаяу жүргінші ережелері. Міндеттері: адам өміріндегі жол ережесінің маңызын, оны сақтаудың қауіпсіздік үшін қажеттілігін түсіну; жол бойына қойылған белгілердің нені	10-ға дейін тура және кері санайды. Ойын: «Топтастырып көр» Шарты: балалар түрлі-түсті қарындаштардан бірдей түстерін жинайды және теңдей етіп бөледі. Дәптермен жұмыс: Карточкадағы тапсырмаларды орындау 4.Дене тәрбиесі (таза ауада) «Командалық жаттығулар» (таза ауада) Мақсаты: Командалық қимыл-әрекеттерді орындай отырып есте сақтау мен зейінін жақсартуына жағдай жасау. Лек-легімен келіп, кедергілер алабынан өтуге, өз әрекеттерін командасымен үйлестіруге үйрету.	заттарды қызыл үйге орналастыр. Сергіту сәті «Сау болсын» деп деніміз, Шынығамыз бәріміз. Ерте оян, ерте тұр, Алға қадам жасаймыз. Жаттығуды бастаймыз, Денсаулықты шынықтыр. Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс) Үзік сызықтарды бастыр. Саусақ жаттығуы Екі үйрек келеді, Бірін-бірі көреді. Бір-біріне қарайды, Сәлемдесіп алады.Тәрбиеші жазу барысында үстелде қалай отыру керектігін балаларға ескертіп өтеді. Жазуды ауада балаларға жазып көрсетеді, балалар қарындаштарын алып, ауада жазып қайталайды. 3.Музыка **Қайталау.** Әнді сезіммен, нақышына келтіріп айтуға, әуенді тыңдап, әңгімелей білуге дағдыландыру, әндерге деген қызығушылығын ояту, дамыту, музыканы тыңдауға талпындыру, ырғақты сезіне білуге, ән

	Дәптермен жұмыс Қорытынды; мадақтау 4.Дене тәрбиесі «Қыран құстай самғаймыз» Міндеттері: қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығуларды үйрету.Баяу қарқынмен жүгіруге үйрету, қозғалыс қарқынын сақтап жүгіру және аяқты өкшеден аяқтың ұшына қарай басып жүгіру дағдыларын бекіту. Заттар арасымен алақан мен тізеге таянып еңбектей алу шеберліктерін (машықтарын) бекіту. Қос аяқтап секіру жаттығуларын орындату: орындықтан аяқты жартылай бүгіп секіре білу және тепе-теңдік сақтай білу шеберліктерін (машықтарын) бекіту. Тапсырманы өз бетімен орындауға баулу және шыдамдылық, ептілік, күш секілді дене сапаларын дамыту. Өзінің денсаулығына қамқорлықпен қарау керектігін түсіндіру.	пайдалана отырып робот құрастырып шығаруды тапсыру. Құрастырылған роботқа қандай және неше пішін қолдандың? Д/о: «Не өзгерді?» Тәрбиеші балаларға фигуралардың орналасуын есте сақтауды ұсынады. Олардан көздерін жұмуды сұрап, бір фигураны алып тастайды. Сергіту сәті. Кәне, қанат жазайық, Қарлығашқа ұқсайық. Ұшып-ұшып алайық. Орнымызға қонайық. Білімде алда болайық. Қорытынды: сұрақ-жауап. Мадақтау 4. Музыка Әнді сезіммен, нақышына келтіріп айтуға, әуенді тыңдап, әңгімелей білуге дағдыландыру,	білдіретінін түсіне алу. 1. Балаларға жол ережесі, жол белгілері туралы білім беруді жалғастыру. Жол белгілерінің қауіпсіздік сақтаудағы маңызды ақпарат екенін саналарына жеткізу. 2. Көшедегі тәртіп ережесін қатаң сақтау, жолда зейінді болу дағдыларын дамыту. 3. Қоршаған ортаға мән бере қарауға, байқағыштыққа, тәртіптілікке баулу. Тәрбиеші балалармен бірге шеңберге тұрады. ҰІӘ барысы: *Ойын: «Үш түс – үш қозғалыс»* Тәрбиеші бағдаршамның үш түсіне сәйкес қимылдар жасайды. *Қызыл* – қолын жоғары көтереді, *сары* – солға бұрылады, *жасыл* – қолдарын төмен түсіреді. Балалар	Бір-бірден қозғалыс кезінде қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіріп, тізбекпен жүру, жүгіруге жаттығу. Әртүрлі бастапқы қалыптан бір орында тұрып қолдардың қимылдарымен үйлестіріп секіруді, секіргенде бірқалыпты, аздап тізені бүге орындауды бекіту. Команда мүддесін өзінен жоғары қоя білуге тәрбиелеу. ҰІӘ барысы: І бөлім: «Команда» тренингі. Барлығы қол ұстасып тұрады. Педагогтің нұсқауы бойынша қимылдар жасайды. «Кәне, барлығымыз шеңберге қол ұстасып тұрайық. Біз – бір командамыз. Бір команда –бір ағза,	тыңдауға баулу.Әннің мәтінін жаттап,аспапқа қосылып орындау. **Ән тыңдау:** «Қысқы орман» Н.Оразбаева **Ән айту:** «Айнала Ақшақар» **Аспапта ойнау: «**Көңілді оркестр» «**Әуенді-ырғақты ойын**» «Шөжелерім» Ойын:«Әуенді әрле»Шарты: Балаларға таныс ән немесе вокалды әуен қойылады. Бала әуенді тыңдай отырып мінезін, сипатын суреттеуі тиіс. Тыңдалатын ән жыл әр – түрлі тақырыпта болуы мүмкін. Егер де балаға музыкалық шығарма таныс болса, ол бала шығарманы атын атайды.**»** 4.Дене тәрбиесі Тақырыбы: «Асықпен ойналатын ойындар» Міндеттері: Малдас құрып отырып, ұсақ заттарды (асықтарды) лақтырып, оны қайтадан қағып алуға үйрету. Гимнастикалық орындық үстінде асықтарды алдында, артында ұстап, тепе-теңдік сақтап жүру.

	Ептілік, шапшаңдық секілді дене сапаларын дамыту. ҰІӘ барысы: І бөлім: : Түзу бағытта жәй жүру, жүруді жүгірумен алмастырып, қозғалыс қарқынын сақтап жүгіру және аяқты өкшеден аяқтың ұшына қарай басып жүгіру; сапқа бөліну. ІІ бөлім: ЖДЖ Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар. 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды). Негізгі жаттығулар: Қос аяқпен секіру жаттығуларын орындату: орындықтан (биіктігі – 30 см) аяқты жартылай бүгіп секіре білу және тепе-теңдік сақтай білу шеберліктерін (машықтарын) бекіту. Қолмен аяқты үйлестіріп қозғайды. Жерге түскенде алдыға қарап, дене бітімдерін түзу ұстап, тепе-теңдіктерін сақтауға тырысады.	әндерге деген қызығушылығын ояту, дамыту, музыканы тыңдауға талпындыру, ырғақты сезіне білуге, ән тыңдауға баулу. **Ән тыңдау:** «Қысқы орман» Н.Оразбаева **Ән айту:** «Айнала Ақшақар» әні Ж.Сымақов.муз. К.Қуатбаев **Аспапта ойнау:** **«**Көңілді оркестр» «**Әуенді-ырғақты ойын»** «Массаж» Ойын:«Әуенді әрле» Шарты: Балаларға таныс ән немесе вокалды әуен қойылады. Бала әуенді тыңдай отырып мінезін, сипатын суреттеуі тиіс. Тыңдалатын ән жыл әр –түрлі тақырыпта болуы мүмкін. Егер де балаға музыкалық шығарма таныс	тәрбиешінің қимыл-қозғалысына байланысты бағдаршам түстерін дұрыс атаулары қажет. Тәрбиеші өлең оқиды: Бұзба көше тәртібін Ұрынарсың апатқа. Ұқыпты болсын әр күнің Жақын болма шатаққа! – Өлең не туралы? Сұрақ-жауап ойыны Белгілерді ажырат *«Жолдан өту» ойыны.* *Шарты:* Бір бала «бағдаршам» болады. Қолына жасыл дөңгелекті ұстап тұрады. Балалар «жолақ жолдан» өтеді. Тәрбиеші «Солға қараймыз!», «Оңға қараймыз!» – деп бұйырады. Содан соң «Солға қараймыз. Жолдың ортасына дейін жетеміз. Оңға қараймыз. Өтеміз», – деп әрбір іс-әрекетті сөзбен жеткізіп	бір бүтін деп елестетейікші... Кәне, оның тынысын естиік: барлығымыз бірге демімізді ішке тартып, бірге сыртқа шығарайық... естідік пе? Енді оның жүрегін тыңдап көрелік... түк-түк!» (түк – бәрі бірге артқа бір қадам, түк – алдыға бір қадам аттайды) ІІ бөлім: «Қол ұстасып сауық құру» Ойыншылар бірінің ішінде бірі тұрған екі шеңбер құрады. Тәрбиешінің белгісімен көрсеткен бағытта олар жүру, жүгіру қозғалыстарын бастайды. Секірулер – әртүрлі бастапқы қалыптан қол қимылдарын орындай отырып бір орында секіру (30 рет). Қалауынша бір	Көзмөлшерлеуін, ептілік, төзімділік секілді дене сапаларын дамыту. Түрлі жағдайларда (шу) зейіндерін шоғырландырып,тапсырманы дұрыс орындай білу шеберліктерін (машықтарын) дамыту. Асықпен орындалатын ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру. ҰІӘ барысы: І бөлім: Ойын-жаттығуы: «Затты тап». Қоржын ішінен асықты іздеп табады. Оны көреді. Асық туралы білетіндерін айтады. Асық және асық ойыны жайлы түсіндіреді Шеңберге тұрғызу. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Асық алу». Шашырап жүреді, жүгіреді, тәрбиешінің: «Асықты ал!» деген бұйрығымен асықты көтеріп алады. ІІ бөлім: ЖДЖ «Қазан» – 2,5 м арақашықтықтағы көлбеу қойылған нысанаға заттарды (асықтарды) лақтыру. Б.қ.: аяқты иық деңгейінен алшақ қою: оң аяқты артқа жіберіп, оң қолды шынтақтан

	Қимыл-қозғалыс ойыны: «Орнынды тап!» (4 рет). «Орнынды тап!» бұйрығы бойынша түрлі бастапқы қалыптарға тұра қалады: малдас құрып отырады, өкшемен отырады, тізерлеп тұрады. Зал ішінде модульдерге соқтықпай еңбектеп жүреді. «Орнынды тап!» бұйрығы бойынша түрлі бастапқы қалыптарға тұра қалады. III бөлім: тыныс алу жаттығулары **№ 6 қауіпсіздік сабағы**	болса, ол бала шығарманы атын атайды.	отырады. Балалар тәрбиешінің көмегінсіз тағы да «жолдан» өтеді. *Жұмбақ шешу.* Қырдан-қырға жалғасады, Барған сайын алға асады. Оңға да бұрады, Солға да бұрады. Жол тәртібін Реттеп тұрады. Көшеде жүр кішкентай үй, Сол үйді жүргізуші жүргізеді. – Бұл жұмбақтардың шешулері: жол, бағдарлаушы, мәшине. *Сергіту сәті:* Орнымыздан тұрамыз, Мойнымызды бұрамыз. Қолымызды көтеріп, Саусақты ашып-жұмамыз. Онан соң төмен түсіріп, Алақанды соғамыз. Иықты артқа ысырып, Басты төмен саламыз.	бала ортаға шығып, қолдың түрлі қалыптарын көрсете алады (желкесіне қойып, беліне қойып, артына ұстап т.с.с.). Шеңбер бойына тұрып, бір орында секірулерді орындайды. Аяқтарын тізеден бүгіп, біркелкі, жеңіл секіруге тырысады. Жаттығу соңында қай баланың көрсеткен секіру түрі қиын, қызықты болғанын атап өтеді. Қимылды ойын : «Менің үйім» III бөлім: тыныс алу жаттығулары Маршпен жүру.	жартылай бүгіп, кеуде тұсында ұстап тұру. Асықты лақтырар алдында алдымен қолды төмен түсіріп, сонан соң артқа жібереді, ал лақтыру кезінде қолды алдыға жіберіп, жоғары көтеріп, сонан соң асықты лақтырады. Құрсауларды (4 құрсау) айнала шеңберге тұрады. «Қазан» ішіне көп асық тастаған бала жеңімпаз атанады. (Топ болып орындау тәсілі) Тепе-теңдік – гимнастикалық орындық үстінде тапсырмаларды орындап жүру. (3 рет) Гимнастикалық орындық үстінде асықтарды алдында, артында ұстап, тепе-теңдік сақтап жүру. Орындықтан түскен кезде алдымен аяқтың ұшымен түсіп, сонан соң толық табанды жерге қояды. Малдас құрып отырып, ұсақ заттарды (асықтарды) лақтырып, оны қайтадан қағып алуды бекіту. Көзмөлшерлеуін, ептілік, төзімділік секілді дене сапаларын дамыту. Көрпелерге отырып, ұсақ заттарды (асықтарды) лақтырып, оны қайтадан

			Жаттығу жасап осылай Үлкен боп ертең шығамыз! Балалар өлең жолдарына сәйкес қимылдар жасайды. *Д/о:Дұрыс белгілерді тап* Шарты: балаларға шартты белгілер мен әр түрлі ситуациялық суреттер беріледі. Дұрыс белгіні тауып қою керек. Мүсіндеу Тақырыбы: Қоян бауырсақты кездестірді. Міндеттері: ертегі әлеміне қызығушылықтарын қалыптастыру, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін мүсіндеуге және кеңістікте дұрыс орналастыра білуге үйрету;балаларды елестету арқылы таныс бейненің мүсінін жасау іскерліктерін жетілдіру;балалардың шығармашылық қабілеттерін, сөйлеу		қағып алады. Бұл тапсырманы әр бала жеке-жеке орындайды. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Үшінші артық» (3 рет) Бір-бірінің желкелерінен қарап, екі-екіден үлкен шеңбер құрып тұрады. Жұптардың арақашықтығы – 2-3 адым. «Артық» ойыншы қашады, жүргізуші оны қуады. «Артық» бала кез келген жұптың алдына тұра қалады, енді қатарда үшінші болып тұрған бала қашады. Жүргізушіге ұстатпауға тырысады. ІІІ бөлім: тыныс алу жаттығулары Маршпен жүру.

			тілдерін дамыту;әсемдікті сезіне білуге,сүйіспеншілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу. ҰІӘ барысы Ертегілерәлеміне саяхат. Тәрбиеші сиқыршы кейпіне еніп, балаларды ертегілер әлеміне саяхат жасауға шақырды. –Ертегілер әлеміне жылдам жетуіміз үшін қандай көлік түрлерін пайдалансақ болады? – Өздерің теледидардан көрген ертегілерде қандай ұшатын құрал түрлерін көрдіңдер? Олардың бірі – ұшқыш кілем, ол өз бөлмемізде де бар. Кәне, бәріміз осы кілемге жайғасып, көзімізді жұмып, «Ертегілер»әні әуенімен саяхатымызды бастаймыз. Үстел үстіне сиқырлы қорапша қойылады. Педагог		

			балалардың назарын қорап ішіндегі затқа аударады.Балалардан бұл қай ертегі кейіпкерлері екенін сұрайды. –Біз осы ертегі кейіпкерлерін мүсіндейміз. Тапсырма: ертегі желісі бойынша қоянның бауырсақты кездестіргенін мүсіндейміз. – Қоянның дене бөліктерін анықтайық (денесі, басы, төртаяғы, құйрығы, құлағы). Тәрбиеші өлшемдерге сай ермексаз бөліктерін дайындап, жасалу жолын түсіндіріп көрсетеді. 1.Ермексазды алақан арасына салып, сопақша пішінге келтіреміз. Бұл– денесі болады. Арқасын дөңестеу жасаймыз. 2. Кескіштің көмегімен денесінен аяқтарын шығарамыз. Қолымызды сулап,		

			шымшып тегістейміз. 3. Бас бөлігін жасауүшін ермексазды алақан арасына салып домалақтап, созу арқылы тұмсығын келтіріп, денесіне біріктіреміз.Қоянның құлағын, құйрығын педагогтің көмегімен жасап, жапсырады. Сергіту сәті. Ұзынқұлақ сұр қоян, Естіп қалып сыбдырды. Ойлы-қырлы жерлермен, Ытқып-ытқып жүгірді. (Т. Бердияров) Бауырсақтың жасалу жолы. Бауырсақ бір ғана бөліктен тұрады. Сары түсті ермексазды алақан арасына салып, домалақ пішінге келтіреміз, сәл қысамыз. Енді бауырсақтың бет бейнесін келтіреміз (көздері, мұрны, аузы).		

			Мадақтау		
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру				
Серуен	№ 19 Қардың қасиетін бақылау Мақсаты қар туралы балалардың білімдерін толықтыру, ақ, ұлпа сияқты, күн нұрына шағылысып жылтырайды. Көркем сөз: Аққала Аула сырты баққа да, Тұрғызамыз аққала Аққаланы айналып, Ойлаймыз біз шаттана. Қимылды ойын: «ұстап ал» Мақсаты: белгі берілісімен бірден іске кірісіп, жаттықтыру.	№ 9 Аула сыпырушы еңбегімен танысу Мақсаты: аула сыпырушының қыс кезіндегіеңбег, оның жұмысы туралы балалардыңтүсінігін толықтыру. Балғындардың еңбегін бағалап, құрметтеуге тәрбиелеу. Тапсырма «Ауланы тазалаушының еңбегін қалай жеңілдетсем» деген тақырыпқа шағын әңгіме құрастыру. Көркем сөз Қолынамкиіп қолғапт, Ауланы ағай сыпырды. Тазалап қарды мұздарды, Бәрімізге ол жол ашты. Еңбек: аула сыпырушыға балабақшаның ауласын сыпруға көмектесу. Мақсаты: ересек адамдарға қолдан	№ 11 Қар жинайтын машинаның жұмысын бақылау. Мақсаты: адам еңбегін жеңілдететін машинамен таныстыруды жалғастырып, қоршаған орта білімдерін толықтыру. Тапсырма: «Ауланы тазалаушының еңбегін қалай жеңілдетсем» деген тақырыпқа шағын әңгіме құрастыру. Сұрақтар: 1. Бұл машинаның аты қалай? 2. Ол не істейді? 3. Ол қарды қалай жинайды? 4. Балалар сендер адам еңбегін жеңілдететін тағы қандай машиналарды білесіңдер? Көркем сөз:	№ 14 Ауа райының жайсыз жағдайын бақылау. Мақсаты: Балаларға ауа райының жағдайын байқап, белгілеуді ұсыну. Қатты желге назар аудару. Қатты жел әсіресе ақпан айында жиі болады, ұйтқыған боран мен бұрқасын борандарда қар бір жердең бір жерге жөңікіліп жүреді. Көркем сөз: Қыстсың кенже баласы ақпанбысың, Аспан астың ораған ақ ьқармысың. Алай-түлей бораның, язында, Әппағым-ау аз –аздан шақтармысың?! Қимылды ойын: «Үшінші артық»	№10 Алаңдағы ағаштарды бақылау Мақсаты: балалардың ағаштарды қыс кезінде қалпын анықтап, білімін толықтыру. Тапсырма: «Таңғажайып ағаштарды безендіреміз» тақырыбына сурет салу. Ағаштарды сыртқы түсінен, түрінен, бұтақтарынан қалай орналасуынан танып, айыруға үйрету. Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу. Сұрақтар: 1. Жапырақсыз ағаштарды қалай атаймыз? 2. Жапырақтар неге күзде түсіп қалады?

	Еңбек: қарды күреу. Жеке жұмыс: қарды жұмырлап, қатты қысу. Жұмбақтар: Мамықтай ұлпа, Қанттай ақ. Қыста жер бетін басады, Жазда сайға қашады. Мақал: Сыртта «тау» болып жатса, Үйде су болып тұрады. Далада қар болса, Қамбада астық болады.	келгенше көмек беруге деген балалардың ынтасын қолдап, еңбекке баулу. Қимылды ойын: «Сауыққойлар» (қысқы спорт ойындары.) Жеке жұмыс: «Кім алысқа секіреді?» Жүгіріп келіп ұзындыққа секіру. Жаңылтпаштар: Қаңтар айы болды, күн суытты Қалың қар жауды, боран соқты. Жапалақтап ақ жауды	Кәне, кімнің бойы ұзын, Паровозы ол поездың. Қатар-қатар тұратың Поезды біз құрайық. Қимылды ойын: «Аңшы мен коян» Мақсаты:нысаңаға зат ты лақтырып тигізу, жүгіру,өрмелеп жоғары шыға білу. Еңбек:гүлзарға,ыдыс қа түрлі-түсті мұзды қатырып қою. Мақсаты:балалардың эстетикалық танымдарын арттыру.Айналаны әсем етіп көріктендіру. Жеке жұмыс: шанғы тебе білуге үйрету.Шанғы жолымен сырғанай отырып жүру. Жорамал:Қыс қарлы болса-Жаз жаңбырлы болады.	Мақсаты:Шапшандыққа баулу. Еңбек:Ауланы қардан тазалау. Мақсаты: күректі пайдалана білуге үйрету. Қимылды ойын: Денені тік ұстап, жатығуларды дұрыс білу. Жаңылпаштар: Қар аппақ, дала аппақ-бәрі аппақ.... Қыс қыспаса, қыс па? Құс ұшпаса, құс па?	3. Ағаштар бір біріне немен ұқсас? 4. Ордың айырмашылығы қандай? Дидактикалық ойын: «Сөзбен суреттеп айт» ағаштың түрін таны. Қимылды ойын: «Ордағы қасқыр» Мақсаты: секіруге, затты лақтыруға жаттықтыру. Еңбек: ағаштардың түбін қармен жабу. Мақсаты: қар ағаштың түбін аязданқорғайтынынбалаларғатүсіндіру. Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу. Жеке жұмыс: шаңғым ен жаттығулар жасау: екі аяқпен кезек-кезек оңға, солға.
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, өз шкафтарын тауып көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру.				
Түскі ас	Балаларды үстел үстінде тамақтану әдептерін сақтауға баулу. Тыйым сөздер түсіндіру. «Таңғы асын тастама» «Нанды бір қолмен үзбе» «Нанды жерге тастама» «Ас –адамның арқауы» «Тамақ ішкенде сөйлеме»				

Ұйқыға дайындық, ұйқы.	«Бесік жыры»				
Ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары	Массаж кілемешемен жүрейік. Жуынып ауыз шайайық,ас ішейік.	Ырғақты қимыл жассау. Ауыз шаю.	Ауа ваннасы. Массаж кілемшемен жүру	Құлаққа нүктелі массаж	Денені қозғап ұйқы ашамыз.
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару, алдарына берілген тамақтарын тауысып жеп болған соң тұруға дағдыландыру				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды,үстел үсті ойындары,бейнелеу іс әрекеті,кітаптарды қарау және басқалары)	Үстел үсті ойыны: «Ұлттық құндылықтар» Міндеттері: қазақ халқының ұлттық құндылықтарын білуге дағдыландыру; 1-10ға дейінгі сандарды санау дағдыларын қалыптастыру; Дыбыс белгілерін ажырата алу дағдыларын қалыптастыру	Ойын «Кім бірінші» Мақсаты: үлгідегі сызықтарды,парақ бетін бағдарлай отырып өз беттерінше жазуға үйрету. Үстел үсті ойыны: Лего құрастыру; шашка ойнау Қалаулары бойынша кітап бұрышынан ертегі тыңдау	 Тақырыбы: Ұшақ Мақсаты:Квадратты үшбұрышқа дәл қосу дағдысын жақсарту. бүктеу сызықтарын алақанмен басып үтіктеу. Бұрыштарын керісінше жақтарға бүгуді үйрету.	Ойын: «Сипаттап көр» Мақсаты: ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттай алуға дағдыландыру Шарты: қоржынға бір зат жасырып бір баланы ортаға шығарып сипаттауын сұрау, қалған балалар не екенін табады. Ойын бірнеше рет қайталанады.	«Біз бір отбасындаймыз» еңбек әрекеті Міндеті: балаларды топта тазалық сақтауға, ойыншықтарды сүртуге, бірлескен еңбек әрекетіне дағдыландыру.
Балалармен жеке жұмыс	*Азамат жеке жұмыс* Ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға дағдыландыру *Коммуникативтік дағдыларды дамыту*	*Азамат жеке жұмыс* Өз күші мен мүмкіндіктерге сенуге үйрету. *Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру*	*Азамат жеке жұмыс* Спорттық, эстафеталық, ұлттық ойындарда шапшаңдық танытуды үйрету. *Физикалық қасиеттерін дамыту*	*Азамат жеке жұмыс* Жыл мезгілдері бойынша айларды реттілікпен атауға үйрету. *Танымдық және зияткерлік дағдылары*	*Азамат жеке жұмыс* Ұжыммен бірге жұмыс жасай алу дағдысын, қайшымен жұмыс жасауда ұқыпты пайдалану дағдысын, сюжеттік суреттерді салу дағдыларын қалыптастыру.*Шығармаш*

					ылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу.				
II Серуен	№ 19 Қардың қасиетін бақылау	№ 9 Аула сыпырушы еңбегімен танысу	№ 11 Қар жинайтын машинаның жұмысын бақылау.	№ 14 Ауа райының жайсыз жағдайын бақылау	№10 Алаңдағы ағаштарды бақылау
Серуеннен оралу	Серуеннен оралу. Киімдерін шкафқа жинауға, ұқыпты қоюға баулу.				
Балалардың үйге қайтуы Ата-аналармен әңгімелесу	**Өнегелі - 15 минут.** Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, Мобильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқу, суреттерді қарауға, табиғат дамытушы ортада құстарды, балықтарды қоректендіруге мүмкіндік беру, ата-ананы балабақша жұмысына тарту, бала мен ата-ана қарым-қатынасын арттыру.				
	Балаларға отбасы, әке-ана, ата-әже туралы мақал-мәтел жаттатуларын сұрау.	Әкелерді «Әкелер мектебіне» шақыру, ақылдасу, сөйлесу	«Балаңызға ертегі оқып бересіз бе?» Әңгімелесу	Ата-аналарға балалардың жақсы жақтарын мадақтау	«Демалыста қайда барасыз?» ойларын тыңдау.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Жасампаздық және жаңашылдық айы

«Өнерлі бала өрге жүзер»

Топ: «Балдаурен» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 17 – 21 ақпан 2025 жыл

Күн тәртібі		Апта күндері			
	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
	Өнегелі-15 минут балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру мобильді кітапханада жұмыс, ата-ананың балаға кітап оқуына мүмкіндік жасау, кітапқа деген қызығушылықты арттыру, кітапқа жанашырлық, жауапкершілік таныту. **Күй күмбірі -**балаларды қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын арттыру.				

Балаларды қабылдау	Көңілді нейро-сәлемдесу. Әңгімелесу: «Демалыс күні не істедің?» Міндеті: балаларды әңгімеге тарту арқылы байланыстыра сөйлеу дағдысын жетілдіру, өз ойын жеткізе білуге баулу. (тілдік қарым-қатынас, сөйлеуді дамыту)	Әңгімелесу. Балалардан қандай көңіл- күймен келгенін сұрау. Балабақшаға келе жатқанда табиғаттан қандай өзгерсітер байқаны туралы жеке-жеке сұрау (Тілдік қарым-қатынас, сөйлеуді дамыту)	Әңгімелесу: «Балабақша-екінші үйіміз» Міндеті: балаларға үй мен балабақшаны салыстыруды ұсыну. Балабақша қызметкерлерің жұмысын сыйлауға, бағалауға тәрбиелеу. Басқа топтағы балаларға сыйластық танытуды үйрету.	Табиғат бұрышын бақылау. Міндеті: Жыл мезгілі туралы түсініктерін толықтыру. Ойлау және сөйлеу қабілеттерін арттыру. Табиғат бұрышындағы гүлдерді суру, шаңдарын сүрту (тілдік қарым-қатынас, сөйлеуді дамыту, еңбек іс-әрекеті)	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Таңғы шеңберді қызыл жүрекшені бір-біріне ұсыну арқылы жылы сөздер айтумен бастау(бүгін өте әдемісің, жақсы көңіл-күй тілеймін т.б.) (тілдік қарым-қатынас, сөйлеуді дамыту)
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	**Қауіпсіздік ережесі** әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, балалармен бірге жол ережелері туралы мультфильмдер көруге кеңес беру, ұсыну.				
	Ата-анаға кеңес: Ерте ұйқыға жатқызу және балабақшадан кешіктірмеу	Ата-аналарға балаларды ауа-райына байланысты киіндіруге кеңес беру.	Ата-аналардан балабақша іс-шараларына балалармен бірге белсенділік танытуларын сұрау	Ата-аналарға баланы жылдам ұйқысын ашу үшін кеңестер беру	**Ата-аналарға** үйде балаларға ойын бұрышын жасап беруді ұсыну
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары,бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалары)	Үстел үсті ойындары «Жол ережелерін білейік» Қауіпсіздік ережелері бұрышында Міндеті: жол белгілерін білуге, жол ережелерін сақтауға дағдыландыру	Кітап сөресінен қалаған кітаптарын қарау, достарымен талқылау Міндеті: суреттерге қарай отырып өз ойларынан әңгіме құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Кітаптарға ұқыптылықпен қарауға баулу.	Үстел үсті ойыны: «Пазлдар» Міндеті: ұсақ қол моторикасымен қатар ойлау қабілеттерін дамыту. ұжыммен бірлесіп ойнау дағдыларын қалыптастыру.	Үстел үсті ойындары Кітап бұрышынан кітаптар қарау «Ертегілер әлемі»	Кітап сөресінен қалаған кітаптарын қарау, достарымен талқылау Міндеті: суреттерге қарай отырып өз ойларынан әңгіме құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Кітаптарға ұқыптылықпен қарауға баулу.

	(танымдық іс-әрекет).				
Таңертеңгі жаттығу	Таңғы жаттығу №6				
Таңғы ас	Ойын-жаттығу «Таза қолдар» Балалардың назарын тағамға аудару. Мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс,әдеп ережесі «Тамақ ішкенде сөйлемеймін, құлағыммен тыңдаймын»				
Ұйымдастырылған іс - әрекетке дайындық	Кезекшілер тәрбиешіге оқу құралдарын таратуға көмектеседі.				
	Әңгімелесу «Табиғаттағы өзгеріс» Міндеті: балаларды табиғаттағы өзгерістерді бақылауға шақыру; өз ойларын толық сөйлеммен жеткізуге дағдыландыру	Әңгімелесу «Менің досым» Міндеті: достық туралы түсініктерін нығайту; сөзге сын есімдерді қосып айту дағдыларын қалыптастыру	Д/о:«Қай ертегі екенін тап» Міндеті: таныс ертегілерді атай алуға дағдыландыру, есте сақтау қабілеттерін дамыту.	Балалармен шеңберде тұрып «Қара жорға» биін билеу Міндеті: қазақ халқының би өнерімен таныстыруды жалғастыру; ұлттық құндылықтарды құрметтеуге шақыру	Д/о: «Жасырылған не екен?» Міндеті: балалардың зейіндерін,есте сақтау қабілеттерін дамыту. Шарты: жарты бейнесі жоқ заттар бейнеленген суреттер көрсетіледі, балалар табады
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	1.Сөйлеуді дамыту «Менің анам» Міндеті:Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап,сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу. ҰІӘ барысы:	1.Көркем әдебиет «Сыйлық» Міндеттері: «Не сыйлау керек?» тәрбиешінің ұсынған тақырыбына сюжеттік және сипаттау әңгімелерін құрау кезінде меңгерген көркем - тілдік дағдыларын қолдана біледі. Ұйымдастыру барысы: Шаттық шеңбері:	1.Сөйлеуді дамыту «Жақсы, жаман» Міндеттері: Дербес әрекетте көркем тілдік дағдыларды қолдана біледі. ҰІӘ барысы: Ойын:«Қызықты әңгіме» Шарты: Сурет арқылы баланың іс әрекетін жақсы мен жаман істі ажыратып, түсіндіріп, әңгімелеу арқылы көркем тілді қолданады. Ойын:«Жақсы мен жаман»	1.Көркем әдебиет. Міндеттері:берілген дыбысқа сөз таңдайды, сөздерді дыбысталуы бойынша салыстыра біледі. ҰІӘ барысы: Ойын: «Саяхатқа барайық» Шарты:Орман көрінісі бойынша үш, төрт бала өз ойларын айтып, әңгімелеп ой бөліседі. қызыл және ақ гүлдер болып, екіге бөлінеді. Кімнің гүлінің артында жапырақ бар, сол спикер болып сайланып,	1.Қазақ тілі Міндеттері: дауыс ырғағына қарай сөйлем түрлерін ажыратады, оларды сөйлеуде қолданады. мәтін мазмұнын дұрыс, рет-ретімен айтып, белгілі бір түсінікті сипаттай алады. ҰІӘ барысы: Ойын: «Дауыс ырғағына қарай ажырата біл» шаттық шеңберінде өлең жолдарын бірге айту:

		Осыдан ауада қозғалыс пайда болады. Желдің күші жылы және суық ауаның температурасының айырмашылығына байланысты. Ауа массасы барынша тез қозғалған сайын, желдің күші де соншалықты қатты болады. Желдің бағытын анықтаумен айналысатын адамдарды метеорологтар және синоптиктер деп атайды. ♦ Барынша қатты желдердің атын ата? *(дауыл, құйын, бұрқасын, боран.)* ♦ Әлсіз желді қалай атайды?(«самал жел» деп атайды) ♦ Желдің ізін көруге болады ма? **Зерттеу жұмысы** Компас арқылы желдің бағытын анықтау. Флюгердің көмегімен желдің күшін анықтау. **Еңбек** Гүл өсіретін (клумба) алаңды дайындау *Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білу дағдыларын бекіту, жұмысты бар ынтасымен орындау.* **Қимылды ойын** «Кім жылдам?». *Мақсаты: жүгіруге жаттықтыру,*	төмендейді. Ал, сутоғандардағы мұздар ұзақ уақыт тұрады. Себебі онда ағыс жоқ, су қозғалмайды. Бұл жерде мұздар жарылмайды, біртіндеп ериді. **Зерттеу жұмысы.** Сутоғандағы мұздың қалыңдығын мұз өлшегіш құралмен өлшеу. Тоған бетіндегі мұздың еруін бақылау **Еңбек** Ауланы қоқыстан, сынған бұталардан тазалау. *Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын тәрбиелеу.* **Қимылды ойын «Қасқыр қақпан»** *Мақсаты:* белгі бойынша әрекет етуге үйрету; ойын шартын сақтап ойнауға баулу; **Жаттығу ойыны** Ұзындыққа секіру. *Мақсаты:* ұзындыққа секіруге жаттықтыру.	Ауламызға ұшып келген құстарға қандай қамқорлық жасау керек деп ойлайсыңдар? **Дидактикалық тапсырма:** Құстарды топқа бөл. Мақсаты: құстар суреттерін қыстап қалатын құстар және жыл құстары тобына бөліп, ұяларға орналастыру. **Еңбек:** Гүл егетін орынды тазалап, гүл отырғызуға дайындау. *Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге деген құпшыныстарын арттыру.* **Қимылды ойын:** «Ұшты ұшты». *Мақсаты: зейіндерін дамыту, байқампаздыққа, тез ойлап, тез шешім қабылдауға үйрету.* **Жеке жұмыс** Жаңылтпаштар жаттау: Үйір, үйір үйректі, Қаз маңғаз, Үйірге кім үйретті? Маңғаз қаз. Үйір, үйір үйректі, Әр кез маңғаз, Үйірге өзім үйреттім. Қаз маңғаз. *Мақсаты: сөздік қорларын байыту.*	басыңыз ауырады, егер өте қызықсаңыз, бұтасын сындырмай ғана, екі-үш гүлін пышақпен кесіп алып, суға салып қойсаңыз, сол да жеткілікті болады. Мойылды өзіңіз де сындырмаңыз, өзгеге де жол бермеңіз. Балаларға сұрақтар Мойыл ағашы қай уақытта гүлдейді? Мойылдың жемістері қай уақытта піседі? Мойыл жидектерінен не жасайды? Мойылдың басқа қандай қасиеті бар? Бұл ағашты не үшін сақтауымыз керек? **Еңбек** Үлкендерге ағаш отырғызуға көмектесу. *Мақсаты: ағаш отырғызу және оны өсіруге деген ынталарын ояту, табиғатты көркейтуге тәрбиелеу.* **Қимылды ойын** «Біздің аулада не өседі?». *Мақсаты: ағаштар аттарын есте сақтауларын тиянақтау, аталған жерге тез жетуге, тез ойлауға, тез шешім қабылдауға баулу.*

		жылдамдықтарын дамыту. **Жаттығу ойыны** Бір-біріне доп лақтыру. *Мақсаты: қозғалыс координацияларын дамыту.*			**Жаттығу ойыны** Қимылдарын дамыту *Мақсаты: доп лақтыруға жаттықтыру.* *Мақал-мәтел:* *Бір тал кессең, он тал ек.* *Бір ағаштан жасалады мың шырпы,* *Мың ағашты өртеп кетер бір шырпы.*
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, өз шкафтарын тауып көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру.				
Түскі ас	Балаларды үстел үстінде тамақтану әдептерін сақтауға баулу. Тыйым сөздер түсіндіру. «Таңғы асын тастама» «Нанды бір қолмен үзбе» «Нанды жерге тастама» «Ас –адамның арқауы» «Тамақ ішкенде сөйлеме»				
Ұйқыға дайындық, ұйқы.	«Бесік жыры»				
Ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары		Ырғақты қимыл жассау. Ауыз шаю.	Ауа ваннасы. Массаж кілемшемен жүру	Құлаққа нүктелі массаж	Денені қозғап ұйқы ашамыз.
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару, алдарына берілген тамақтарын тауысып жеп болған соң тұруға дағдыландыру				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды,үстел үсті ойындары,бейнелеу іс әрекеті,кітаптарды қарау және басқалары)		Танымдық-қимылды ойын: «Аңдар жүрісі» Мақсаты: Балалар аңдардың жүрісін салып, санай алады. (қоршаған ортамен таныстыру)	«Оригами әлемі» адаптивтік бағдарлама тақырыбы: «Бақа» Балаларды бақаны бүктеуге үйрету: үшбұрышты төртбұрыштан бүктеу, ұштары қиылысатындай етіп, бір-біріне қарама-қарсы бұрыштарда	«Қолғап» Мақсаты: Қазақ халқының ұлттық киімдері мен заттары туралы білімдерін кеңейту. Ою-өрнекті қолдана отырып қолғапты сәндеуге үйрету. Эстетикалық талғамдарын дамыту,	«Аққала соққан бала» Мақсаты: Балаларға қыс мезгілінде аққала соғып ойнайтындығын түсіндіру. Аққаланы мүсіндеуге үйрету. Ермексазбен жұмыс жасау дағдыларын қалптастыру. Саусақ моторикасын дамыту.

			бүгу және бірдей инелерді қарама-қарсы жақтарға бүгу.Зейінділікке, табандылыққа тәрбиелеу. . Қолөнерін аппликациямен безендіруге ынталандыру.	тиянақтылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу. (сурет салу)	(мүсіндеу)
Балалармен жеке жұмыс		Азамат апта күндері мен айларды ретімен атай алуға үйрету. (Танымдық және зияткерлік дағдылары)	Азамат сөздерге жай сөйлем құрастыруға үйрету. Әңгімелесушіге сұрақ қоя алу дағдысын қалыптастыру (Коммуникативтік дағдылары)	Азамат өз күші мен мүмкіндіктеріне сенуге үйрету. Үлкендерді сыйлау дағдысын қалыптастыру. (Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)	Азамат ұлттық, спорттық ойындарда шыдамдылыққа үйрету. (Физикалық қасиеттері)
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу.				
II Серуен		№ 8	№ 9	№3	№ 4
Серуеннен оралу	Серуеннен оралу. Киімдерін шкафқа жинауға, ұқыпты қоюға баулу.				
Балалардың үйге қайтуы Ата-аналармен әңгімелесу	**Өнегелі - 15 минут.** Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, Мобильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқу, суреттерді қарауға, табиғат дамытушы ортада құстарды, балықтарды қоректендіруге мүмкіндік беру, ата-ананы балабақша жұмысына тарту, бала мен ата-ана қарым-қатынасын арттыру.				
		«Үйде балаңыздың тәртібі» әңгімеге Расулдың ата-анасын тарту.	«Балаңызға ертегі оқып бересіз бе?» Әңгімелесу	Ата-аналарға балалардың жақсы жақтарын мадақтау	«Демалыста қайда барасыз?» ойларын тыңдау.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Тәуелсіздік және отаншылдық айы

«Ар – намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады»

Топ: «Балдаурен» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 17 – 21 наурыз 2025 жыл

Күн тәртібі		Апта күндері			
	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	**Өнегелі-15 минут** балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру мобильді кітапханада жұмыс, ата-ананың балаға кітап оқуына мүмкіндік жасау, кітапқа деген қызығушылықты арттыру, кітапқа жанашырлық, жауапкершілік таныту. **Күй күмбірі -**балаларды қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын арттыру.				
	Көңілді нейро-сәлемдесу. Ойын: «Біз қандаймыз?» Шарты:балалар шеңберде тұрып, кезекпен өздері туралы бір әдемі сөз айтады (тілдік қарым-қатынас, сөйлеуді дамыту)	Әңгімелесу. Балалардан қандай көңіл- күймен келгенін сұрау. Балабақшаға келе жатқанда табиғаттан қандай өзгерсітер байқаны туралы жеке-жеке сұрау (Тілдік қарым-қатынас, сөйлеуді дамыту)	Табиғат бұрышын бақылау. Міндеті: Жыл мезгілі туралы түсініктерін толықтыру. Ойлау және сөйлеу қабілеттерін арттыру. Табиғат бұрышындағы гүлдерді суру, шаңдарын сүрту		
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	**Қауіпсіздік ережесі** әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, балалармен бірге жол ережелері туралы мультфильмдер көруге кеңес беру, ұсыну.				
	Ата-анаға кеңес: Медбикелік кеңес: «Дені саудың жаны сау!»	Ата-аналармен балабақша күн тәртібі жөнінде сөйлесу. Таңертеңгілік жаттығуға	Ата-аналарға психологтің кеңесі: «Баланың кез-келген қалауын орындауға асықпаңыз».		

		уақтында келуін түсіндіру.			
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары,бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалары)	Үстел үсті ойыны: «Пазлдар» Міндеті: ұсақ қол моторикасымен қатар ойлау қабілеттерін дамыту.Ұжыммен бірлесіп ойнау дағдыларын қалыптастыру.	Үстел үсті ойыны: Д/о: «Жарты бөлігін тап» Міндеті: зейінін,ойлау қабілеттерін дамыту.	Кітап бұрышынан кітаптар қарау. Саусақ театрын пайдалану. Міндеттері: ұсақ қол маторикасын дамыту, сөйлеу,ойлау қабілеттерін дамыту.		
Таңертеңгі жаттығу	Таңғы жаттығу №4				
Таңғы ас	Балаларды үстел үстінде тамақтану әдептерін сақтауға баулу. Бата жаттау Дастарханыңа береке берсін, Бастарыңа мереке берсін, Астарыңа адалдық берсін, Бастарыңа амандық берсін, Дендеріңе саулық берсін,Әумин!				
Ұйымдастырылған іс - әрекетке дайындық	Кезекшілер тәрбиешіге оқу құралдарын таратуға көмектеседі.				
	Санамақ жаттау Екі көз бен қос құлақ Бір бас пенен бір мұрын Нешеу болды қос шырақ, Санап шығар кім бұрын?! Екі аяқ пен екі қол, Бір ауыз бен бір тілің... Нешеу болды қане, бол, Санап шығар кім бұрын?! Сұқ саусағым суға барды Ортаң қолым орақ орды. Аты жоғым ағаш жарды, Жұмсам апты алақаным, Тек шынашақ–балапанын.	Ситуациялық сұрақ «Не істер едің?» Міндеті: қойылған сұраққа толық жауап беруге баулу; ойлау қабілеттерін дамыту	Д/о:«Кілтті сөз» Шарты: таныс ертегілердегі кілтті сөздерді атау, балалар табады. Міндеті: таныс ертегілерді атай алуға дағдыландыру, есте сақтау қабілеттерін дамыту.		

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене тәрбиесі Өздеріне таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем де, ырғақты етіп орындау Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып, қағып лақтыру. Тәрбиешімен жұптасып ойнау Ұйымдастыру кезеңі: 1.Кіріспе Жалпы дамытушы жаттығулар:Таяқ, білікше бойымен (диаметрі 6–8 см) табанның ортасын тірей отырып, бір қырындап жылжу 2. Негізігі бөлім Өздеріне таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем де, ырғақты етіп орындау 3. Бадминтон. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып, қағып лақтыру. Тәрбиешімен жұптасып ойнау; Тыныс алу жаттығуы: «Әтеш» 3.Қорытындылау Қимылды ойын: «Кедергіні жеңе біл!	Көркем әдебиет «Көктем сәні» ертегісі Мазмұнына, мәнерлеу құралдарына байланысты әдеби шығармаларды қабылдауға үйренеді. Ұйымдастыру кезеңі: Шаттық шеңберінде сәлемдесу. Қалпақтың түстері арқылы топқа бөліну. Ертегіні оқып беру. Нұсқау беру: -балалар ,ертегіде не туралы айтылған ? жұптаса отырып әңгімелесіңдер. ойын: «Қай кейіпкер ұнады?» Ертегіні рөлге бөліп ойнауды ұсыну. Кері байланыс беру: мақтау, мадақтау. Математика негіздері: «Жыл айларын ата» Жыл айлары туралы түсініктері қалыптасып,	Сөйлеуді дамыту «Біз де ойнаймыз» М.Төрежанов. етістіктерді бұйрық райда, сын есім мен үстеулерді салыстырмалы шақта қолдана алады. Ресустар: АКТ технологиясы,үлестірмелі материалдар. Ұйымдастыру кезеңі: Көктем мезгілінің қай айынан бастап ағаштар қандай өзгеріске түседі ? Балалардың жауаптарын тыңдау. Ағаштар суреттері арқылы топтарға бөлу «Біз де ойнаймыз» әңгімесін оқып беру. ойын: «Ойын ойнай білесің бе?» Нұсқау беру: -1-топ: ертегідегі шырша мен қайыңды сипаттап айта қойыңдаршы 2-топ: шырша мен қайыңның айырмашылығын айта қойыңдар		

	Сауат ашу негіздері «Я я дыбысы және элементтері» дыбыстық құрылымы әртүрлі үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасайды. ойын: «Я я дыбысы» Ресустар: Суреттер. Ұйымдастыру кезеңі: Я дыбысына келетін сөздерді табады. Топтарға бөлу: дыбыстар арқылы. Нұсқау беру: балалар жұптаса отырып Я дыбысынан келетін сөздерге сөйлем құрай қойыңдаршы. Әр топ өздері ойлап тапқан сөздерді буынға бөле қойыңдаршы. Алдарыңдағы құмға Я әріпін жазамыз. Жаппай бақылау. Сергіту сәтін өткізу. Кері байланыс ұсыну: балалар қажеттілігіне қарай. Математика негіздері Қай жерде орналасқан?» Заттың қай жерде, қалай, өзіне немесе қай затқа жақын орналасқандығын ауызша жеткізе алады..	олардың реттілігін біледі және атайды. Ұйымдастыру кезеңі: ойын: «Жыл айларын ретімен ата» Шаттық шеңбері :1-ден 10 ға дейін тура ,кері санамақ айтқызу. 2-минутқа болуы мүмкін. -Балалар мен қазір көңілді әуен қоямын .Әуен ырғағымен билей жүріп, әуен тоқтаған кезде төртеу-төртеуден бөлініп құшақтаса қаламыз. Осылай төрт топқа бөлінеміз. Көктем,жаз,қыс, күз топтары болып. 2-минут болуы мүмкін. Топтарға бөлу: қалаған орталықтарына отырғызу. Нұсқау беру: -Балалар сендерге қай жыл мезгілі ұнайды?	3-топ: екеуінің ұқсас жерлерін тауып айтыңдар. 4-топ: ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекетін әңгімелеп беріңдер. Жаппай бақылап, диалог арқылы саралау. Кері байланыс беру: «Кім жылдам жауап береді?» Сауат ашу негіздері: қолды жауға дайындайды. Ресурстар: Ё ё дыбысы мен әріпінің суреті, дид материалдар, АҚТ технол Ұйымдастыру кезеңі: Ё ё дыбысы туралы өлең оқу. Әріптер арқылы топқа бөліну. Нұсқау беру: -балалар жұптаса отырып ,алдарыңдағы суреттердің ішінен Е е дыбысы бар сөзді тауып ,құмға Е е әрпін жазамыз.		

	ойын: «Саған не жақын орналасқан?» Ресустар: Тақырып бойынша көрнекіліктер. Ұйымдастыру кезеңі: «Көршіңді құшақта» ойыны. Топтарға бөлу: Сандар арқылы. Нұсқау беру: -жұптасып ,әр бала өзінің алдында тұрған затты, жұптарыңа кезектесіп айтасыңдар. -әр топтан балалар кезектесіп,өзіне жақын тұрған ,немесе өзінің айналасындағы заттарды жұмбақтап жасырады,ал қалған балалар осы жұмбақтың шешуін табады. -өздеріңе жақын орналасқан заттың суретін сала қойыңдар. Нәтиже арқылы саралау. Тікелей бақылау. Кері байланыс ұсыну. Сөйлеуді дамыту көпше түрдегі зат есімдерді атау, ілік септіктерінде, қолдануға үйренеді.	Жұптаса отырып әңгімелесіңдер.2-минут 2-минут. Ашық сұрақ қою: балалар ,үнемі көктем мезгілі болса не бол ар еді? Балалардың жауаптарын тыңдау. Жыл мезгілдерінің ауысып отыруы табиғаттың заңдылығы екенін түсіндіру. Әр жыл мезгілінің айларының ерекшеліктерін айтып түсіндіру. 5-минут. -Балалар мен қазір бір жыл мезгілінің атауын атаймын .Әр топ, сол жыл мезгіліне тиесілі айларды ретімен атай қойыңдар. 2-минут. Галерея әдісі: -балалар , топтың әр жеріне жыл мезгілдеріне,айлары на байланысты суреттер ілінген . Әр топ өздеріңе ұнаған жыл	ойын: «Ё ё дыбысы» Дәптермен жұмыс: Е е әрпінің баспа түрін жазып, буындарды, сөздерді оқу. Тікелей бақылап, диалог арқылы саралау. Кері байланыс беру: «Ата-анаңа хабарлас!» Қоршаған ортамен таныстыру: өсімдіктердің жаңа түрімен (,бальзамин) танысады.: атауы, сыртқы түрі, құрылысы, күтім жасау тәсілдері, көбею түрлері туралы түсініктері қалыптасады Ресустар: Тақырып бойынша көрнекіліктер Ұйымдастыру кезеңі: Балалар бөлме гүлдері мен дала гүлдерінің қандай айырмашылығы бар? Балалардың жауаптарын тыңдау.		

	Ұйымдастыру кезеңі: көліктер туралы жұмбақ жасыру. Көлік түрлері арқылы топтарға бөлу. Ермек Өтетілеуовтың «Кеме» өлеңін оқып беру. -Міне кеме,мінем менде. Сапарға алыс шығамын. Теңіз сырын ұғамын. Жолсеріктей ,жан достардай Бізден қалмай Шағалалар шаршамастан шарқ ұрады. Нұсқау беру: -балалар алдарыңдағы сурет бойынша жұптасып әңгіме құрай қойыңдар.(кемелер түрлері туралы суреттер) -алдарыңдағы қағаздан бүктеу арқылы кеме жасап, кememен қайда қыдырғыларың келеді? Жұптасып әңгімелесіңдер. Жаппай бақылап, диалог арқылы саралау. ойын: «Кеме» Кері байланыс беру: сұрақ-жауап арқылы.	мезгілдері мен айларының суреттерін тауып әкеліп ,ерекшеліктерін еске түсіре отырып суреттерді ретімен орналастырамыз. 6-миут -Карусель әдісі бойынша айналып ,достарының реттілікпен қойған ай аттарының суреттерін тексеріп шығыңдар. Қосымша ресурс: «Тиісті сызықпен сәйкестендір» Жаппай бақылау. Қарқын жылдамдық,уақыт арқылы саралау. 5-минут. Кері байланыс беру: сұрақ жауап арқылы. 3-минут Қоршаған ортамен таныстыру «Сусыз –өмір бос» табиғатты бақылау күнтізбесін жүргізе алады. Ұйымдастыру кезеңі:	Бөлме гүлі бальзаминмен таныстыру. Гүлдер санына қарай топқа бөліну. ойын: «Бальзамин өсімдігі» Нұсқау беру: Бальзамин гүлінің басқа гүлдерден қандай айырмашылығы бар? Жұптық әңгіме. -бальзамин гүлінің суретін салуды ұсыну. Салып болған соң карусель әдісі арқылы орын ауыстырып достарының салған суреттерін көріп бағалауды ұсыну. Жаппай бақылап ,нәтиже арқылы саралау. Жапсыру «қошқар мүйіз" өрнегін түрлендіріп: жиектеме өрнек, қоймүйізді жұп шиыршықтар жасай алады. ойын: «Қошқармүйіз өрнегі»		

		Балалар мына дыбыстарды тыңдап ,ненің дыбысы екенін ажыратыңдаршы. Балаларға түрлі дыбыстарды, соның ішінде судың дыбысын тыңдату. Балалардың жауаптарын тыңдау. Киімдерінің түстері арқылы 4 топқа бөліну. Нұсқау беру: -балалар судың бізге қандай пайдасы бар? Ашық сұрақ қою: -алдарыңдағы стакандағы суға тәжірибе жасаймыз,жұптаса отырып .және тәжірибе жасап болған соң су қандай өзгеріске ұшырады ,сол туралы әңгімелесеміз. (тәжірибеге керекті заттар, түрлі ыдыстар, тұз ,қант, бояу. Қасық т.б) Жаппай бақылап ,диалог арқылы саралау.	Ресустар: Мамандық иелерінің суреттері. Ұйымдастыру кезеңі: балалар домбырамен өнер көрсетін адамдарды кімдер деп атайды? Топтарға бөлу: өз қалаулары бойынша. Нұсқау беру: -балалар,суреттегі заттарды жұптаса отырып сәйкестендіріңдер.(суретте әр түрлі мамандық иелері мен олардың құралдары) Жаппай бақылау. -алдарыңдағы суреттегі оюлардың атауларын білесіңдерме? -сендер болсаңдар ол оюларды қалай атайтын едіңдер? Қошқармүйіз өрнегін түрлендіріп ,қоймүйізді өрнек шығару жолдарын көрсету,үзілмеген екі жұп қоймүйізді шиыршық қырқуды үйрету. Үлгі ретінде көрсету. Кері байланыс беру: «досыңа хабарлас»		

		ойын: «Судың пайдасы» Судың пішіні бола ма екен? Судың түсі, дәмі бола ма екен? Судың өсімдіктерге тигізетін пайдасын әңгімелеу. Жаппай бақылап ,нәтиже арқылы саралау. Кері байланыс беру: мақтау,мадақтау. Музыка Әуеннің ырғақ екпінін сезіне білуге,салыстыруға, әуенге сәйкес қозғалуға дағдыландыру. Әнді көңілді, ашық дауыспен таза айтуға үйрету.Әр түрлі ырғаққа ойдан қимылдар шығаруға үйрету. **Ән тыңдау:** «Қош келдің төрлет наурызым» Б.Бейсенова **Ән айту:** «Қаситетті мерекем» Қ.Жүнісов **Аспапта ойнау:**			

		«Көңілді марш» Б.Жүсіпалие в **«Әуенді-ырғақты ойын»** «Күйші болғың келеме?» Ойын:«Кім епті»			
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру				
Серуен	Серуен № 4 Итті бақылау *Мақсаты: жануарлардың көктемгі өмірі туралы түсініктері жүйеленеді;* жануарлар тіршілігіндегі өзгерістер себебін іздей біледі, өздерінің үйіндегі жануарларына деген жауапкершілік сезімдері дамиды. ойын: «Өз жұбыңды ізде!» қимылды ойыны Мақсаты: Қимыл ептілігін дамиды, есте сақтау қабілеті артады. Ойынды 3-4 рет қайталау. Еңбек: Үлкендерге көмектесу. *Мақсаты:* Еңбексүйгіштікке баулу, бастаған істі аяқтауға деген құлшыныстарын арттыру.	Серуен № 8 Су тамшыларын бақылау *Мақсаты:* температураға байланысты су күйінің өзгеруі туралы білімдері кеңейеді. ойын: «Қайда тығылғанын тап» Мақсаты: зейінділікке, ептілікке баулу. Еңбек: Кішкентайлардың ойын алаңына баратын жолға құм шашуға тәрбиешіге көмектесу. *Мақсаты: кішкентайлар мен олардың тәрбиешілеріне көмектеседі, өзара көмек қолын бере алады.*	**Серуен №** 2 Қайың ағашын бақылау *Мақсаты: қайың ағашы туралы, ағаштардың көктемгі өзгерістері туралы білімдері молаяды.* ойын: «Қол ұстасып жүру» Мақсаты: Белгі бойынша ортаға қозғалып, екі шеңбер құра біледі. Еңбек: Ауланы тазалауға көмектесу. *Мақсаты: өз еріктерімен топқа бөлініп, өз еріктерімен еңбек ете алады.*		
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, өз шкафтарын тауып көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру.				
Түскі ас	Балаларды үстел үстінде тамақтану әдептерін сақтауға баулу. Тыйым сөздер түсіндіру. «Таңғы асын тастама»				

	«Нанды бір қолмен үзбе» «Нанды жерге тастама» «Ас –адамның арқауы» «Тамақ ішкенде сөйлеме»				
Ұйқыға дайындық, ұйқы.	«Бесік жыры»				
Ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары	Массаж кілемешемен жүрейік. Жуынып ауыз шайайық,ас ішейік.	ЫрғақтыҚимыл жассау. Ауыз шаю.	Ауа ваннасы. Массаж кілемшемен жүру		
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару, алдарына берілген тамақтарын тауысып жеп болған соң тұруға дағдыландыру				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды,үстел үсті ойындары,бейнелеу іс әрекеті,кітаптарды қарау және басқалары)	Үстел үсті ойыны: «Ұлттық құндылықтар» Міндеттері: қазақ халқының ұлттық құндылықтарын білуге дағдыландыру; 1-10ға дейінгі сандарды санау дағдыларын қалыптастыру; Дыбыс белгілерін ажырата алу дағдыларын қалыптастыру	Ойын «Кім бірінші» Мақсаты: үлгідегі сызықтарды,парақ бетін бағдарлай отырып өз беттерінше жазуға үйрету. Үстел үсті ойыны: Лего құрастыру; шашка ойнау Қалаулары бойынша кітап бұрышынан ертегі тыңдау	Қол еңбегі бойынша адавтипті бағдарлама «Оригами әлемі» Алдар көсеге арналған бас киім «Конфетка» негізгі формасын еске түсіру. Өзбетімен орындауға бейімдеу. Қазақ ерлерінің ұлттық бас киімінің атауын «Айыр қалпақ» бекіту, ою-өрнекпен безендіру. Жұмысты өзбетімен орындауға ынталандыру.		
Балалармен жеке жұмыс	Азамат жеке жұмыс Ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға дағдыландыру Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Азамат жеке жұмыс Өз күші мен мүмкіндіктерге сенуге үйрету. Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	Азамат жеке жұмыс Спорттық, эстафеталық, ұлттық ойындарда шапшаңдық танытуды үйрету. Физикалық қасиеттерін дамыту		

Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу.				
II Серуен	№ 4	Серуен № 8	№ 2		
Серуеннен оралу	Серуеннен оралу. Киімдерін шкафқа жинауға, ұқыпты қоюға баулу.				
Балалардың үйге қайтуы Ата-аналармен әңгімелесу	**Өнегелі - 15 минут.** Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, Мобильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқу, суреттерді қарауға, табиғат дамытушы ортада құстарды, балықтарды қоректендіруге мүмкіндік беру, ата-ананы балабақша жұмысына тарту, бала мен ата-ана қарым-қатынасын арттыру.				
	Ата-аналарға кеңес: «Балаңызды сөйлеуге үйрету үшін үй жағдайында не істей аласыз?».	Психологтың кеңесі: «Балаңыз балабақшаға келгісі келмей жыласа не істер едіңіз»	Кеңес: «Үйде балаңыздың өзіне-өзі қызмет көрсетуіне қандай жағдай жасайсыз?».		

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Тәуелсіздік және отаншылдық айы

«Патриотизмі жоқ халық жаны жоқ тәнмен тең»

Топ: «Балдаурен» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 24 – 28 наурыз 2025 жыл

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	**Өнегелі-15 минут** балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру мобильді кітапханада жұмыс, ата-ананың балаға кітап оқуына мүмкіндік жасау, кітапқа деген қызығушылықты арттыру, кітапқа жанашырлық, жауапкершілік таныту. **Күй күмбірі -**балаларды қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын арттыру.				
		Балалар өз отбасылары туралы әңгімелеп беру. Сюжеттік ойын: «Менің ата-әжем» Мақсаты: Отбасы мүшелерінің үйдегі қызметтерін үйрету. (сөйлеуді дамыту)	Дидактикалық ойын: «Сөзді аяқта» Мақсаты: Балаларға сөйлемді бастап, жиһаз атауымен аяқтауға үйрету. (сөйлеуді дамыту)	«Мимикалық жаттығу» Мақсаты: балалардың көңіл күйлерін түрлі эмоциялармен білдіруге үйрету. (көркем әдебиет)	«Машина» Мақсаты: Айнала қоршаған ортадан көргендерін , алған әсерлерін бейнелей білуге жаттықтыру. Тіктөртбұрыш, дөңгелек пішіндерден тұратын

					заттық сурет салу қабілеттерін жетілдіру. (сурет салу)
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	**Қауіпсіздік ережесі** әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, балалармен бірге жол ережелері туралы мультфильмдер көруге кеңес беру, ұсыну.				
		Ата-аналармен әңгіме: Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)		«Бұл қай мезгіл?» Мақсаты: Төрт мезгіл мен өзгерістерін ажыратып айту арқылы сөздік қорын байытады.	«Заттың атын ата» Мақсаты: Заттарды көріп сипаттау арқылы сезімталдығын дамытады.	«Не артық?» Мақсаты: Балаларды суретке қарап,оларды топтас-тыруға үйренеді	« Көктем белгілері» Шарты: Суреттен көктем мезгіліндегі құбылыстарды ажыратып жинақтай алады.
Таңертеңгі жаттығу	Таңғы жаттығу №12				
Таңғы ас	Балаларды үстел үстінде тамақтану әдептерін сақтауға баулу. Бата жаттау Дастарханыңа береке берсін, Бастарыңа мереке берсін, Астарыңа адалдық берсін, Бастарыңа амандық берсін, Дендеріңе саулық берсін, Әумин!				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық		Ойын: «Менің айтуым бойынша». Ойын шарты: Балалар мен бір баланы суреттеп айтамын, сендер сол баланы	Ойын: «Табиғат құбылыстарын ата» Мақсаты:қар мен жаңбырды ажыратып өз ойын айта алады.	Ойын: «Үй жануарлары» Мақсаты: Балалар үй жануарлары мен төлдерді Ажыратып,олардың қи мылын,қалай дыбыстай	«Көліктер және оның түрлері» Мақсаты: Көліктердің жерде,ауада,суда журетіні туралы түсініктері кеңейеді.

		табуларың қажет (Ол кім?) 2 – 3 баланы суреттеп айту.		тынын және дене мүшелерін дұрыс атай алады.	
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет		Көркем әдебиет Тақырыбы: «Бір уыс мақта » Міндетті: Әңгімені жалғастырып, сюжет бойынша құрап айтуға, қисынды мазмұндауға үйрету. Әңгіме кейіпкерлерімен таныстыру. Сурет бойынша қоршаған орта мен табиғат туралы түсініктерін және еңбек дағдыларын дамыту. ҰІӘ барысы: Шаттық шеңберінде сәлемдесу. Кім үлкенді тыңдаса, Кім үлкенді сыйласа. Үлкен болған кезінде, Сыйлы болмақ өзі де. Педагог жұмбақ жасырады. – «Өзі аппақ қардай, жұмсақтығы мамықтай». Ол не? *(Мақта)* – Мақта – жұмсақ, аппақ болады. Мақтадан киімдер дайындайды, көрпе жасайды.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Көктемгі табиғат» Міндеттері: Балалар зат есім, сын есім, етістіктердің күрделі түрлерін жасауға жаттығады; өзіне қаратылып айтылған сөздерді тыңдап, түсініп, әңгімені қолдайды. ҰІӘ барысы: Балаларды шаттық шеңберіне шақырып сәлемдесу. ойын: «Көктем келді» Түрлі –түсті дөңгелектер арқылы топқа бөліну. Нұсқау беру: балалар 1-топ: суреттегі заттарды салыстырып қандай екенін айтыңдаршы 2-топ: суреттегі адамдар не істеп жүр? 3-топ: суреттегі заттардың атауларын атап,екі суретті біріктіріп сөйлем құрап беріңдерші. (суретте 1-топ: кемпірқосақпен күн бұлт пен тамшы ағаш пен гүл) 2-топ: суреті көктемгі киімдер,көктемгі еңбек	Дене тәрбиесі (таза ауада) Міндетті: Дене шынықтырудың әртүрлі нысандарында шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дамыту; балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына, жалпақ табандылықтың алдын алуға медициналық-педагогикалық бақылау жүргізу және ұлттық қимылды ойындар өткізуге жағдайлар жасау. ҰІӘ барысы: Жалпы дамыту жаттығулары: Қолды алда шапалақтау және арқа артына қояды. Негізгі бөлім Көтеріңкі заттың үстімен жүреді. Велосипед, самокат тебу. Оң және сол	Дене тәрбиесі Міндетті: Спортқа деген қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салты дағдыларын дамыту; балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына, жалпақ табандылықтың алдын ала алады. Жалпы дамытушы жаттығулар: Тізерлеп отырған қалыптан оң және сол аяққа кезекпен салмақ түсіре отыру. Сапқа тұру, сап құрылымын өзгертіп қайта тұру. ҰІӘ барысы: Жалпы дамытушы жаттығулар: Тізерлеп отырған қалыптан оң және сол аяққа кезекпен салмақ түсіре отыру. 2. Негізгі бөлім 1.Сапқа тұру 2.Сап құрылымын өзгертіп қайта тұру.. 3.3–4 пішінді білу. Қалашықты (2–3 м) және

		– Бүгін біз мақта туралы ЫбырайАлтынсарин атамыздың «Бір уыс мақта» деген қызықты әңгімесімен танысамыз. Сұрақ-жауап: - Әңгіме қалай аталады? - Кішкентай қыз не істеп отырды? - Анасы қызына қандай ақыл айтты? - Қыз мақтаның қалған қиқымын қайда лақтырды? - Анасы оған не деді? - Әңгімені қалай аяқтауға болады? - Әңгімені есімізге түсіріп қайталайық. 3-4 балаға сюжет бойынша шығармашылықпен әңгімелету. Дәптермен жұмыс: - Сурет бойынша оқиға жүйесін сақтап баянда. - Анасы мен қызы не істеп отыр? - Сен қыздың орнында болсаң, не істер едің? Қорытынды. Балаларды мадақтайды. - Сабақта сендерге не ұнады? Немен ұнады? Математика негіздері:	туралы. 3-топ: көктемгі табиғат туралы) Жаппай бақылау, нәтиже арқылы саралау. ойын: «Қолшатыр» Кері байланыс ұсыну Еркін ойын: «Сәйкестендір» Балалар,жыл мезгіліне сай суреттерді сәйкестендіріңдер. Сауат ашу негіздері: Тақырыбы: «Х х дыбысы және әрпі» Міндеттері: түзу сызық сызады. ҰІӘ барысы: Шаттық шеңбері ойын:: «Сөз құраймыз» Нұсқау: Х дыбысынан келетін сөз тауып сөйлем құраңдар ойын «х әріпін жазамыз» х дыбысын ауамен ,мұрын ұшымен ,аяқтың ұшымен жазамыз Педогогтың түрлі қажеттілігі бар балаларға қолдау көрсету моделі. Кері байланыс: сұрақ – жауап арқылы қортындылау. Қоршаған ортамен таныстыру:	аяқпен итеріліп, самокат тебеді. Қорытынды: тыныс алу жаттығуларын жасату. Қимылды ойын: «Мәреге кім бірінші жетеді?» Көркем әдебиет: Тақырыбы: «Қол не үшін керек?» Міндетті: Тәрбиешінің ұсынған тақырыбына сюжеттік және сипаттау әңгімелерін құрау кезінде меңгерген көркем - тілдік дағдыларын қолдана алады. ҰІӘ барысы: Шаттық шеңберінде сәлемдесу. Би қимылдары арқылы топқа бөліну. «Қол не үшін керек?» әңгімесін оқып беру. ойын: «Сипаттап, мазмұндап әңгімелей біл» Нұсқау беру: 1-топ:атасы Абзалға қандай сұрақ қойды? 2-топ: Абзал атасына не деп жауап берді? 3-топ : сендер Абзалдың орнында болсаңдар не деп жауап берер едіңдер?	(5–6 м) аралықтан таяқ лақтырып құлату. 3.Тыныс алу жаттығуын жасату. Қорытынды Ұлттық ойын «Арқан тарту» Қазақ тілі Тақырыбы: Дыбыстарды дұрыс айту. Міндеттері: Дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын дауыссыз г - ғ, дыбыстарды есту бойынша ажырата отырып дыбыстардың сөздегі орнын анықтайды. ҰІӘ барысы: Ойын «Көктем» Шарты: Сурет бойынша әңгіме құрастыра отырып,дыбыстардың сөздегі орнын табу. Ойын «Көңілді көктем» Шарты: Г,Ғ дыбыстарын естуі бойынша дыбыстардың сөздегі орнын ажыратады. Ойын: «Қайсысы артық» Шарты: Сурет бойынша қайсысы артық екенін табу, тапқан затты дыбыстың сөздегі орнын анықтау. Кері байланыс ұсыну

		Тақырыбы: Математика негіздері Міндеттері: «Ұзын-қысқа,жоғары-төмен» арнайы ұйымдастырылған жағдайда заттардың ұзынырақ (қысқа), жоғары (төмен),екендігін анықтайды. ҰІӘ барысы: Ойын: «Ажыратамыз» Алдарыңдағы жолақшаларды беттестіру арқылы ұзындығын өлшеңдер Ойын: «Топтағы заттар жоғарыда,төменде» Тұрған заттарды көрсету арқылы ажыратыңдар. Топтық жұмыс 1 топ. Топтың жартысына жұптасып тұруды ұсынады. 2 топ. Топтың екінші жартысы жұптарды салыстырады; одан кейін балалар орын алмастырады. Балалар мойын орағыштардың ұзындығын өлшеу бойынша практикалық жұмысқа қатысады. Сұрақтарға жауап береді. Бір-бірімізге	Міндетті: Бидай өсіру туралы балалардың білімі жетіледі. ҰІӘ барысы: «Көктемнің әр күні азық» деген сөзді қалай түсінесіңдер? Балалардың жауаптарын тыңдап, көктем мезгіліндегі еңбек түрлері,оның маңызы туралы әңгімелеу. ойын «Көктемгі еңбек» Топтарға бөліну: жыл мезгілдерін атау арқылы. Ойын алдарыңдағы суретте қай жыл мезгілі бейнеленген, адамдар не істеп жүр.Жұптасып әңгімелесіңдер. Жаппай бақылау. Диалог арқылы саралау. -алдарыңдағы тірек сызбаға ,нанның дастарханға қалай келетіні көрсетіп қойылған. Әр суреттің астына тиісті санды қойып шығыңдар. Кері байланыс беру. Құрастыру Тақырыбы: «Қошақан». Міндетті: Қағаздан құрастыру дағдыларын	4-топ: атасы қандай жауап айтты? Осы сұрақтар жайында топтасып әңгімелесіңдер. -Ал балалар , бізге көз, құлақ, аяқ, тіл не үшін қажет екен ? Топтасып осы сұраққа жауап беру үшін ойдан әңгіме құрастырыңдар. Жаппай бақылау,қарқын, жылдамдық, уақыт арқылы саралау. Кері байланыс беру: баспалдақ әдісі арқылы. Қазақ тілі Міндетті: Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру. ҰІӘ барысы Шаттық шеңбері: Арайлап таң атты, Алтын сауле таратты. Сәлеметсің бе, жер ана,	Өз ойларымен бөлісу. Сауат ашу негіздері: Міндеттері: Сөйлем туралы бастапқы түсініктері қалыптасады (грамматикалық анықтамасыз). ҰІӘ барысы: Ойын: «Сөйлеммен танысайық» Шарты:Сөйлем туралы түсінік алады, сурет бойынша сөйлем құрауға, байланыстырып сөйлеуге үйренеді. Ойын: «Сиқырлы сөйлем» Шарты:Сөйлем туралы бастапқы түсініктері қалыптасты (грамматикалық анықтамасыз); Ойын: «Кім шапшаң сөйлем құрайды» Шарты: Аталған сөзді қатыстырып, сөйлем құрастырады. Кері байланыс ұсыну «Ата-анаңа хабарлас» Музыка Балалар музыкалық аспаптарда қарапайым таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету. **Ән тыңдау:** «Отаныма

		жақын тұрамыз немесе бір-бірімізге арқамызды тақап тұрамыз, кімнің басы жоғарырақ болса, соның бойы ұзынырақ болғаны. Кері байланыс ұсыну: Оқу қызметінің нәтижесін қорытындылайды. Бүгінгі оқу қызметінде қандай жаңа мағлұматтарды білдіңдер? Ең қызықты не болды? Балалар, сендерге үйде өлшем жасап, ең сүйікті ойыншықтарыңды өлшеуді ұсынамын. Қоршаған ортамен таныстыру Тақырыбы: «Ас атасы – нан» Міндеттері: - ауылшаруашылық еңбеккерлерінің (диқан) еңбегінің мәнін түсіндіру. Қала мен ауылдың байланысы туралы білім беру. - азық-түлікке, нанға обал, сауаппен, ұқыппен қарау дағдыларын қалыптарстыру. ҰІӘ барысы: Жұмбақ жасыру.	қалыптастыру, ширату немесе шиыршықтау әдісін қолданып қошақанды жасай алуға үйрету; жолақ қағаз қиюды, оны қарындашқа орау арқылы «бұйра» жүнді қошақанды жасауды. ҰІӘ барысы: Балаларға қошақандар туралы өлең оқып береді. Қошақандарды қайдан көргендерін сұрайды. Ойыншық қошақан қонаққа келеді, ол өзінің көңілсіз болып жүргенін айтып, балалардан үй жануарлары төлдерін атап беруді сұрайды. Түйенің төлі – бота, Ешкінің төлі – лақ. Жылқының төлі – құлын, Сиырдың төлі – бұзау. Қойдың төлі – қошақан. Дидактикалық ойын: «Дауысынан таны». Мақсаты: балалардың байқампаздық қасиеттерін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. 2. Негізгі кезең. - Педагог қошақанды жасау үшін қағазбен жұмыс жасау жолдарын түсіндіреді:	Сәлеметсің бе, көк аспан. Сәлеметсіздер ме, балалар. -Балалар, бүгін біз әженің үйіне қонаққа барамыз. Бізді ұзақ жол күтіп тұр, тез жету үшін жұмбақ шешейік. Ойын: «Кім тапқыр?» Жұмбақ шешу 1.Таңмен көзін ашады, Әлемге нұрын шашады. 2.Аспаннан домалап, Көк моншақ төгілді. 3. Қанаты жоқ-ұшады, Аяғы жоқ- қашады. Әженің үйіне келу. Әжемен амандасу. -Балалар әженің үйінде қандай бағалы бұйымдар көп екен. Әже бағалы бұйымдарымен таныстырады. -Әже осының ішінде әдемі болып көрініп тұрғаны сандық. Осы сандықты қайдан алғаныңызды, қалай жасалғанын айтып беріңізші. Әже.Сендерге менің сандығым ұнап қалса, өздеріңе де дәл сондай ,сандық жасауға	көктем келді» **Ән айту:** «Наурыз думан» **Аспапта ойнау**: Шулы аспаптарды ойнау. «**Әуенді-ырғақты ойын»** «Батырлар биі» Ойын:«Тақия тастамақ» Шарты: Балалар Шеңберде тұрады. Санамақ арқылы бір баланы тақиямен ортаға шығарамыз.Білдірмей бір баланың қасына тақия тастайды, тақияны алған бала қаша жөнеледі. Артынан қуып жетіп тақияны алуы қажет.

		Күрең қызыл түсі бар, Тағамдардың асылы, Қуат берер күші бар. (Нан) Негізгі бөлім Педагог сұрақтар қояды. – Нан, азық-түлік болмаса не болады деп ойлайсыңдар? – Нан мен басқа азық-түлікті қайдан аламыз? (Дүкеннен). – Олар дүкенге қайдан келеді деп ойлайсыңдар? *Сергіту сәті.* *«Көлеңке» ойыны* – Көлбең , көлбең көлеңке, Көлбеңдеген көлеңкем, Тасып піскен бидайды, Айтшы қалай жинайды? – Көлбең , көлбең көлеңке Көлбеңдеген көлеңкем. Былай, былай жинайды. – Көлбең , көлбең көлеңке, Көлбеңдеген көлеңкем, Қаптап ұшқан торғайдан, Оны қалай қорғайды? – Көлбең , көлбең көлеңке Көлбеңдеген көлеңкем.	– алдымен қошақандардың суреті салынған қағаздар таратылады, оны қарап көру ұсынылады, не жетіспейді? – қошақанның бұйра жүндерін жасау қажеттігі келісіледі; Сергіту сәті. Қошақаны қойдың, Қайда қалып қойдың. Бұлтиып тұр бүйірің, Қай өрістен тойдың? Дайын болған қошақандарға шөп беріп, су беріп, оған қалай қамқорлық жасайтындарын сұрап тыйым сөздермен бекітеді. Тыйым сөздер. а) Малды теппе, ақты төкпе. ә) Малды басынан ұрма. б) Малға теріс отырма. Қорытынды. Қошақандардың жасалған суреттеріне қарап, балалардың жұмыстарын бағалайды, қорытындылайды. Қошақан балаларға ризашылығын білдіріп, рақмет айтады.	көмектесемін. Сандықтың жасалу жолдары көрсетіледі. (мүсіндеу) Ермексазды жұмсар-тып, төртбұрышты пішінге келтіреміз, бұрыштарын қырлаймыз. Өзімізге таныс шымшу әдісі арқылы сандық-тың аяғын шығара-мыз. Сандықтың сыртын әртүрлі геометриялық пішіндермен өрнектейміз. Математика негіздері Тақырыбы: Тәулік бөліктері, апта күндері, оқиға тізбегі. Міндетті: Оқиғалардың ұзақтығы, тәулік мезгілдері туралы ұғым қалыптастыру. Болған, болып жатқан және болатын оқиғаларға қатысты «кеше, бүгін, ертең» сөздерін дұрыс қолдануға үйрету. Зейінді, жадты және сөйлеу дағдысын дамыту. ҰІӘ барысы: «Не істегенімізді айтпаймыз, не істегенімізді	

		Қаптап ұшқан торғайдан, Оны былай қорғайды? – Қорғап қалған бидайды, Қырманға әкеп жинайды. Астық орған байлығы, Қамбаға дән сыймайды. Біз гүлдерше өсеміз, Жапырағы жайқалған. Сабақтары салалы, Желмен бірге жайқалған. *Жұмыс дәптерімен жұмыс.* Дәптерде берілген тапсырмаларды түсіндіру. Балалармен *нан, ас атасы, диқан, азық-түлік* сөздері және сөз тіркестері арқылы Қорытынды. Балалардан оқу қызметінен алған әсерлерін, көңіл күйлерін, не үйренгендерін айтқыза отырып, көңіл күйлерін дәптердегі таңбаларға белгілету. Музыка Балалар музыкалық аспаптарда қарапайым таныс әуендерді жеке		көрсетеміз» ойынын ұйымдастырады. Балаларға екі топқа бөлінуді ұсынады. Таңертең, күндіз, кеште не істегенін анықтайды. Ойын жаттығуы: Мен сөйлемді бастаймын, ал сендер жалғастырыңдар. Алдымен көктем, одан кейін ... Алдымен күн,одан кейін Алдымен дүйсенбі, одан кейін ... Алдымен бүгін, одан кейін Алдымен қаңтар, одан кейін Екі топқа бөлінеді. Бір топ жасырылған іс-қимылды көрсетеді, екінші топ оны шешеді. Мұқият тыңдап, сөйлемді мағынасына сәйкес жалғастырады: – Жұмыс дәптеріндегі 1-тапсырманы қараңдар. Барлық суреттер араласып кетіпті. Мен жұмбақ оқимын, ал сендер оның жауабына байланысты қоршап сызыңдар. 2-тапсырма.	

		және шағын топпен орындауға үйрету. **Ән тыңдау:** «Отаныма көктем келді» **Ән айту:** «Наурыз думан **Аспапта ойнау**: Шулы аспаптарды ойнау. «**Әуенді-ырғақты ойын»** «Батырлар биі» Ойын:«Тақия тастамақ» Шарты: Балалар шеңберде тұрады.Санамақ арқылы бір баланы тақиямен ортаға шығарамыз.Білдірмей бір баланың қасына тақия тастайды, тақияны алған бала қаша жөнеледі. Артынан қуып жетіп тақияны алуы қажет.		Балалар суреттегі заттарды ретімен сызып тапсырады. Мысалы, дүйсенбі күні кешке жаңбыр жауды. 3-тапсырма. Өз іс-әрекеттерін түсіндіреді. Қорытынды. балаларды мадақтайды.	
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру				
Серуен		№ 7 Шырша ағашын бақылау *Мақсаты:* Қаламызда өсетін ағаштармен таныстыруды жалғастыру; Шырша ағашын басқа ағаштармен салыстыру; Ағаштардың көктемгі өзгерістері туралы білімдері молаяды. ойын:	№ 8 Су тамшыларын бақылау *Мақсаты:* температураға байланысты су күйінің өзгеруі туралы білімдері кеңейеді. ойын: «Қайда тығылғанын тап» Мақсаты: зейінділікке, ептілікке баулу. Еңбек:	**№** 2 Қайың ағашын бақылау *Мақсаты: қайың ағашы туралы, ағаштардың көктемгі өзгерістері туралы білімдері молаяды.* ойын: «Қол ұстасып жүру» Мақсаты: Белгі бойынша ортаға	**№1** **Маусымдық өзгерістерді бақылау** *Мақсаты:* Табиғаттағы көктемгі өзгерістер туралы түсініктері қалыптасады. ойын: «Тату, барлығы бірге» Мақсаты: Алаңның қарама - қарсы жағына тепе - теңдікті сақтай

		«Қарғымақ» қимылды ойын Мақсаты: Балалардың жылдамдық, ептілік қимылдары дамиды. Еңбек: Шырша ағашының айналасын тазалау. *Мақсаты: Ұжыммен бірлесе жұмыс жасау арқылы құлшыныстары артады.*	Кішкентайлардың ойын алаңына баратын жолға құм шашуға тәрбиешіге көмектесу. *Мақсаты: кішкентайлар мен олардың тәрбиешілеріне көмектеседі, өзара көмек қолын бере алады.*	қозғалып, екі шеңбер құра біледі. Еңбек: Ауланы тазалауға көмектесу. *Мақсаты: өз еріктерімен топқа бөлініп, өз еріктерімен еңбек ете алады.*	отырып, бір жолға қозғала алады. Еңбек: Гүл егетін жерді тазалау. *Мақсаты:* Еңбекке деген қабілеттері артады.
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, өз шкафтарын тауып көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру.				
Түскі ас	Ас мәзірімен таныстыру. Балалардың назарын тағамға аудару, олардың адам денсаулығына пайдасын айту,тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру. Тағамды асықпай жеу керек. Ас ішер алдында қолыңды жуу керек. Батан беру Дастарханымыз майлы, Көңіліміз жайлы болсын. Өміріңе не тілесең, Тілегің қабыл болсын! Тағамды асықпай жеу керек.				
Күндізгі ұйқы		«Әлди –әлди ұйықтай ғой»	«Бесік жырын» тыңдату	«Әлди –әлди ұйықтай ғой»	«Әлди –әлди ұйықтай ғой»
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары		№ 1 Әдемі ірек жолдармен, Қоянша біз жүреміз. Секіреміз,билейміз. Аюға ұқсап қорбаңдап, Қорбаң-қорбаң жүреміз.	№ 1 Араға ұқсап ызылдап, Гүлдерге біз қонамыз. Гүлдің иісін аламыз. Таза ауаны жұтамыз.	№ 1 Жалаң аяқ жүреміз. Табанға біз нүктелі. Массаж жасау білеміз.	№ 1 «Құстар көңілденіп жатыр» Жүріспен кезектесіп,бір орында секіру.
Бесін ас	Ас мәзірімен таныстыру. Бір- біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару. Балалардың назарын тағамға аудару. Тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру. Бата беру Дастарханың бай болсын. Қазан-ошағың май болсын.				

	Төрт түлігің сай болсын. Көңілің толып жай болсын!				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)		Сюжетті ролді ойын «Шалқан» ертегісі Мақсаты: Балалар ертегі кейіпкерлерін сомдауға дағдыланады	«Оригами әлемі» адаптивтік бағдарлама Тақырыбы: Бақыт құсы Мақсаты: Балалардың қағазды «гармошка» етіп бүктеу қабілетін бекіту. Қиялын, тәуелсіздігін дамыту. Оригами құсын қалай жасауға болады? Алдымен төртбұрышты қағаз бен қайшыны алу керек. Парақ екі бағытта диагональ бойынша бүктеліп, қайтадан ашылуы керек. Шаршының барлық бұрыштары орталыққа қарай бүгілуі керек. Сіз кішірек шаршы аласыз. Сол жақта екі бұрышты қайтадан ортаға бүгіңіз. Оң жақтағы бұрыштарды ұстамаңыз. Әрі қарай, фигураны көлденеңінен симметриялы түрде жартысына бүктеу керек. Оригами құсының басы өткір сол жақ бұрыштан жасалуы керек. Мұны істеу үшін бұрышты ішке және төменге қарай бүгу керек. Оригами құсының оң жақ шетінде шетінен ортасына дейін қиғаш	Сюжеттік - рөлдік ойын «Дәрігер» Мақсаты: Балалардың білім деңгейі, ойындарды ойната отырып, әрі қарай жан - жақты дамытып, тіл байлығы жетіледі, сөздік қорлары молаяды.	«Алдар көсеге арналған бас киім» Мақсаты: «Конфетка» негізгі формасын еске түсіреді. Өз бетімен орындауға бейімделеді. Қазақ ерлерінің ұлттық бас киімінің атауын «Айыр қалпақ» бекітіп, ою-өрнекпен безендіре алады. Жұмысты өз бетімен орындай алады.

			кесу жасаңыз. Алынған қанаттар жоғары бүгілуі керек.		
Балалармен жеке жұмыс		Азамат Ұлттық, спорттықойындарда шыдамдылыққа үйрету. (Физикалық қасиеттері)	Азамат Түрлі үйлесімдікте құрылған қазақ өрнегінің элементтерін (1-2) салып үйренуді жалғастыру Сюжеттік мүсіндеу дағдысын қалыптастыру. (Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы)	Азамат Өз күші мен мүмкіндіктеріне сенуге үйрету. Үлкендерді сыйлау дағдысын қалыптастыру. (Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)	Азамат Сөздерге жай сөйлем құрастыруға үйрету. Әңгімелесушіге сұрақ қоя алу дағдысын қалыптастыру (Коммуникативтік дағдылары)
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау.				
Серуен		Серуен № 7	**Серуен № 8**	**Серуен №2**	Серуен № 1
Серуеннен оралу	Серуеннен оралу. Киімдерін шкафқа жинауға, ұқыпты қоюға баулу.				
Балалардың үйге қайтуы	**Өнегелі - 15 минут.** Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, Мобильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқу, суреттерді қарауға, табиғат дамытушы ортада құстарды, балықтарды қоректендіруге мүмкіндік беру, ата-ананы балабақша жұмысына тарту, бала мен ата-ана қарым-қатынасын арттыру.				
		Психологтың кеңесі: «Балаңыз балабақшаға келгісі келмей жыласа не істер едіңіз»	Ата-анаға: «Балалаңызды киіндірген кезде киімдердің түстерін айтып отырасыз ба?	Кеңес: «Үйде балаңыздың өзіне-өзі қызмет көрсетуіне қандай жағдай жасайсыз?».	Ата-анаға: «Демалыс күндері балаңызбен ойнайсыз ба?

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

«Еңбек – қуаныш, жалқаулық – айырылмас азап»
А.Құнанбаев

Топ: «Балдаурен» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 31 наурыз – 4 сәуір 2025 жыл

Күн тәртібі	Апта күндері				
	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	**Өнегелі-15 минут** балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру мобильді кітапханада жұмыс, ата-ананың балаға кітап оқуына мүмкіндік жасау, кітапқа деген қызығушылықты арттыру, кітапқа жанашырлық, жауапкершілік таныту. **Күй күмбірі -**балаларды қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын арттыру.				
	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу. Ойын: «Не жетпейді?» Мақсаты: Жиһаздың бір бөлшегі жетпейтін суреттерді көрсететіп, себебін, қалай күту керектігін түсіндіру.	«Жұбын тап» ойын Үстел үсті ұйымшылдықпен, шығармашылықпен ойлана ойнай білуге үйрену. (сөйлеуді дамыту) Қарым- қатынас іс –әрекеті	«Машина» Мақсаты: Айнала қоршаған ортадан көргендерін , алған әсерлерін бейнелей білуге жаттықтыру. Тіктөртбұрыш, дөңгелек пішіндерден тұратын заттық сурет салу қабілеттерін жетілдіру. (сурет салу) Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті	«Мимикалық жаттығу» Мақсаты: балалардың көңіл күйлерін түрлі эмоциялармен білдіруге үйрету. (көркем әдебиет) Қарым- қатынас іс –әрекеті	Жаңылтпаш жаттау Шеше, шеше Неше кесе Сынды кеше «Үй жасаймыз» Қиынды суреттермен жұмыс Мақсаты: Логикалық ойлауға үйрету. (сөйлеуді дамыту) Қарым- қатынас іс –әрекеті
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен,кеңес,әңгімелесу	**Қауіпсіздік ережесі** әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, балалармен бірге жол ережелері туралы мультфильмдер көруге кеңес беру, ұсыну.				
	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында	Ата-аналармен әңгіме: Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп	Ата-аналармен әңгіме: Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға

		үлгертіп алып келулерін ескерту.	сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	алып келулерін ескерту.	үлгертіп алып келулерін ескерту.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды,үстел үсті ойындары,бейнелеу іс әрекеті,кітаптарды қарау және басқалары)	ойын «Көліктер және оның түрлері» Мақсаты: Көліктердің жерде,ауада,суда журетіні туралы түсініктері кеңейеді.	ойын «Үй жануарлары» Мақсаты: Балалар үй жануарлары мен төлдерді ажыратып,олардың қимылын,қалай дыбыстайтынын және дене мүшелерін дұрыс атай алады.	ойын «Табиғат құбылыстарын ата» Мақсаты: Суреттен көктем табиғат құбылыстарын, қар мен жаңбырды ажыратып өз ойын айта алады.	ойын «Не артық?» Мақсаты: Балалар суретте тұрған артық затты тауып,, сипаттама бере алады.	ойын «Жыл мезгілдері» Мақсаты: Балалар жыл мезгідері туралы айта алады.
Таңертеңгі жаттығу.	Таңғы жаттығу №8 картотека Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету Салауатты өмір салтын сақтаймыз, Жаттығудан ешқашан да қашпаймыз				
Таңғы ас	Сұрақ-жауап: «Дұрыс тамақтануға баулу» Сөйлеуді дамыту Қарым- қатынас іс –әрекет дағдысы Асхананы бақылау: Нанның қадірін түсіндіру Ойын: «Көңілді трактор» Балалардың назарын тағамға аудару. Мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс,әдеп ережесі «Тамақ ішкенде сөйлемеймін,құлағымм ен тыңдаймын»				
Ұйымдастырыл іс - әрекетке дайындық	Таңғы жиын. «Жүрекше» деген ойын ойнату. Жүрекшені екі қолмен алақанда ұстап тұрып, шын жүректен деген сөзді қосып, жақсы тілек айтып, қасыңдағы баланың атын айтып ұсынады. Ойын соңында барлық бала оң алақанын жайып тұрып: «бәрімізге денсаулық	«Ата аналары кім болып жұмыс жасайды?», «Мамандық дегеніміз не?», «Өскенде мен кім боламын?» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)	Балалар қазір жылдың қандай мезгілі? Бұл мезгілде қандай айлар бар? Жылда неше мезгіл бар? Алда келе жатқан қандай мезгіл? тақырыбында балалармен жеке әңгімелер жүргізу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары	Шаттық шеңбер Бәріміз енді тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық Жақсы – жақсы сөздерді, Құрметтеп біз сыйлайық! Табиғат біздің анамыз, Табиғатқа баламыз. Иіліп сәлем береміз, Біз әдепті баламыз.	Өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болуды үйрету. (Қарым-қатынас іс-әрекеті) Балалардан бүгінгі көңіл күйімен бөлісуді ұйымдастырып, жаңалықтарды білуге ынталандыру.

	тілейміз» - деп терең дем алады. (сөйлеуді дамыту)		бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)		
